

РЫСМАГАМБЕТОВА НУРГУЛЬ АРГИНБАЕВНА

Қазақ және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі әзіл-оспақ дискурсы

8D02304-Филология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының
докторы, профессор
Тектігүл Ж.О.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Анкара Хаджи Байрам Вели
университеті,
PhD, профессор
Наджие Йылдыз

Қазақстан Республикасы
Ақтөбе, 2026

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
ҚЫСҚАРТУЛАР.....	7
КІРІСПЕ.....	8
1 ӘЗІЛ-ОСПАҚ ДИСКУРСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ- ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ.....	16
1.1 Заманауи тіл біліміндегі «дискурс» және «әзіл-оспақ» түсініктері.....	16
1.2 Әзіл-оспақ дискурсын теориялық зерттеу мәселелері, лингвомәдени бағыттары.....	31
1.3. Қазақ тіліндегі «қалжың» ұғымы мен ағылшын тіліндегі «wit» ұғымдарының семантикалық ерекшеліктері, қолданысы.....	46
1.4. Корпустық лингвистика және оның әзіл-оспақ дискурсын зерттеудегі қолданылуы.....	60
1.5 Әзіл-оспақ дискурсын зерттеудің әдіснамасы.....	67
Бірінші бөлім бойынша тұжырым.....	76
2 ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ҚАЛЖЫҢДАРЫН КОРПУСТЫҚ САЛҒАСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЗЕРТТЕУ...78	78
2.1 Корпустық материалды операцияландыру және қазақ қалжыңының лингвомәдени сипаты.....	78
2.2 Ағылшын wit бірліктерінің құрылымдық, прагматикалық және лингвомәдени белгілері.....	92
2.3 Қазақ және ағылшын қалжың / wit бірліктерінің интегративті модель негізіндегі салғастырмалы талдауы.....	104
2.4 Қалжың рецепциясын эксперименттік тексеру.....	118
Екінші бөлім бойынша тұжырым.....	129
ҚОРЫТЫНДЫ.....	131
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	134
ҚОСЫМША А - Сауалнама сұрақтары (қазақша және ағылшынша)	145
ҚОСЫМША Ә - Корпуста қолданылған 50 қазақ тіліндегі қалжың 50 ағылшын тіліндегі wit бірліктері.....	146
ҚОСЫМША Б - Microsoft Excel бағдарламасында кодтау паспорты.....	147

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесідей мемлекеттік үлгі қалыптарға сілтемелер жасалды:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 914 қаулысы. «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы».

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі № 659 Жарлығы. Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – бұл нық елдің өркендеуінің негізі» (17.04.2023 ж. толықтырулармен).

Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы // Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы.

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей терминдер мен анықтамалар қолданылды:

Артықшылық теориясы – күлкі сөйлеушінің немесе тыңдаушының өзін басқадан жоғары сезінуінен туындайды деген теория.

Әжуалау – объектіні күлкі ету арқылы бағалау мен сын білдіру амалы.

Әзіл – зат. 1. Күлкі тудыру үшін айтылатын сөз немесе жасалатын күлдіргі әрекет, қалжың. 2. Бір адамның екінші адамды ұялтуы, сөзге тоқтау беруі және т.б. мақсаттары үшін айтылатын ұрымтал да астарлы, көңілді де күлкілі пікірі немесе қылығы. 3. Этнографиялық дәстүрлі қазақ қоғамында қатарлас, құрдас немесе белгілі бір туыстық қатынастағы адамдар арасында орынды саналатын өзара сөз сынасу, сын айту, қалжыңдасуға негізделген қарым-қатынас түрі. 4. Ауыспалы мағынада. Қызық думан бос күлкі.

Әзіл-оспақ – астарлы қағытпа сөзді әжуа аралас күлдіргі қалжың мен қылық, ойын-шыны аралас қалжың сөз. Шындықты күлкі арқылы қабылдау мен интерпретациялауға негізделген когнитивтік және мәдени құбылыс.

Әзіл-оспақ дискурсы – күлкі тудыру, бағалау мен әлеуметтік мағына жеткізу мақсатында қалыптасатын, мәдени және прагматикалық факторлармен шартталған тілдік әрекет түрі.

Әзіл сезімі – күлкілі немесе абсурдтық сәйкессіздікті анықтау, білдіру немесе бағалаудың менталды қабілеті; өмірлік оқиғаларға көзқарастың кең таралған стилі.

Бағалауыштық компонент – әзіл-оспақтағы субъективті, эмоциялық бағаны білдіретін элемент.

Вербалды әзіл-оспақ – тілдік бірліктер мен сөйлеу құрылымдары арқылы жүзеге асатын әзіл түрі.

Дискурс – лингвистикалық зерттеу нысаны ретіндегі сөйлеу, әңгіме.

Дискурс – әлеуметтік, мәдени және прагматикалық факторлармен шартталған тілдік қарым-қатынас үдерісі.

Дискурстық стратегия – әзіл-оспақты ұйымдастыруға бағытталған жалпы тілдік жоспар.

Дискурстық тактика – стратегияны жүзеге асыратын нақты тілдік амалдар жиынтығы.

Дискурстық талдау – тілдік деректерді мәнмәтін мен коммуникативтік мақсат тұрғысынан зерттеу әдісі.

Иллокутивтік акт – әзіл айту арқылы жүзеге асатын сөйлеу әрекетінің мақсаты.

Имплицитті мағына – тікелей айтылмай, мәнмәтін мен мәдени білім арқылы түсінілетін жасырын мағына.

Инконгруэнттілік – күтілетін мағына мен нақты мағына арасындағы сәйкессіздік.

Инконгруэнттілік теориясы – әзіл-оспақ мағыналық қайшылық негізінде пайда болады деген тұжырым.

Интертекстуалдылық – мәтінде басқа мәтіндерге немесе мәдени деректерге сілтеме жасау құбылысы.

Ирония – тура мағынаға қарама-қарсы бағалау арқылы жасалатын комикалық тәсіл.

Когнитивтік диссонанс – күтпеген мағына нәтижесінде пайда болатын ой қайшылығы.

Комикалық категория – күлкі әсерін тудыратын эстетикалық және семантикалық қасиеттер жиынтығы.

Комикалық әсері – тілдік, когнитивтік немесе мәдени сәйкессіздік нәтижесінде пайда болатын күлкілі әсер.

Коммуникативтік интенция – сөйлеушінің әзіл айтудағы мақсатты ниеті.

Контекстуалды әзіл-оспақ – нақты жағдаятқа, уақыт пен кеңістікке тәуелді әзіл-оспақ формасы.

Кросс-мәдени әзіл-оспақ – әртүрлі мәдениеттер шеңберінде жасалатын және қабылданатын әзіл-оспақ түрі.

Күлдіргі әңгіме – бұл барлық ана тілінде сөйлейтіндерге белгілі тұрақты кейіпкерлер әрекет ететін күтпеген тапқырлықпен аяқталатын ойдан шығарылған оқиға туралы қысқаша әңгіме.

Қағытпа – сықақ пен әзіл аралас айтылатын қалжың. Қарсы пікір айту сөз қайыру, шығармадағы кейіпкерлердің сұхбаты кезіндегі орнын тауып қарсы айтылатын өткір жауап.

Қалжың – тапқырлыққа құрылған ойнақы сөз, ойын күлкі үшін айтылатын қалжың сөз.

Лингвомәдениет – тілдік бірліктер арқылы көрініс табатын ұлттық-мәдени құндылықтар, нормалар мен таным үлгілерінің жиынтығы.

Лингвомәдениеттану – тілдік таңбалардағы мәдени-ұлттық компоненттерді зерттейтін тіл білімінің саласы.

Лингвомәдени код – тіл арқылы көрініс табатын мәдени ақпаратты ұйымдастыру тәсілі.

Лингвомәдени маркер – ұлттық-мәдени ерекшелікті айқындайтын тілдік бірлік.

Мәдени асимметрия – әртүрлі мәдениет өкілдерінің бір әзілді әрқалай түсінуі.

Мәдени код – белгілі бір мәдениет шеңберінде тұрақты мағынаға ие таңбалар мен белгілер жүйесі.

Өзін-өзі әжуалау – сөйлеушінің өз бейнесін әдейі төмендету арқылы жасалатын әзіл-оспақ стратегиясы.

Перлокутивтік әсер – әзіл-оспақтың тыңдаушыға тигізетін эмоциялық немесе психологиялық ықпалы.

Прагматика – тілдік бірліктердің нақты қарым-қатынас жағдайында қолданылуын зерттейтін сала.

Прагматикалық контекст – сөйлеу актісінің мағынасына әсер ететін әлеуметтік, мәдени және ситуациялық факторлар.

Прецедентті феномен – қоғам мүшелеріне ортақ, мәдени тұрғыдан танымал мәтін, есім немесе жағдаят.

Релаксация теориясы – әзіл-оспақ психологиялық шиеленісті азайту құралы ретінде қарастырылады.

Рецепция – әзілдің тыңдаушы тарапынан қабылдану және интерпретациялану үдерісі.

Сарказм – иронияның өткір, сыншыл әрі эмоциялық әсері басым түрі.

Сатира – әлеуметтік және моральдық кемшіліктерді әшкерелеуге бағытталған әзіл-оспақ дискурсының түрі.

Таптаурын – белгілі бір әлеуметтік немесе мәдени топқа қатысты тұрақты, жалпыланған түсінік.

Ұлттық менталитет – белгілі бір этностың тарихи тәжірибесіне негізделген ойлау, қабылдау және бағалау жүйесі.

Фрейм – білімді ұйымдастыратын және әзіл-оспақты түсінуге көмектесетін когнитивтік құрылым.

Эксплицитті мағына – тілдік бірліктерде ашық түрде берілген мағына.

Экспрессивтілік – әзіл-оспақ дискурсының эмоциялық әсер ету дәрежесі.

ҚЫСҚАРТУЛАР

IT - Information Technology (ақпараттық технология)

PhD - Doctor of Philosophy (философия докторы)

SPSS - Statistical Package for the Social Sciences (әлеуметтік ғылымдарға арналған статистикалық пакет)

SSTH-Script-Based Semantic Theory of Humor (әзіл-оспақтың сценарийлік семантикалық теориясы)

GTVH-General Theory of Verbal Humor (ауызша әзіл-оспақтың жалпы теориясы)

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Ұсынылып отырған зерттеу жұмысымызда қазақ және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі әзіл-оспақ дискурсы салғастырмалы талданады. Зерттеуде әзіл-оспақ дискурсының тілдік, мәдени ерекшеліктері, олардың тіл арқылы көріну жолдары сараланады. Екі лингвомәдениеттегі әзіл-оспақ дискурсында ұлттық дүниетаным, менталитет, әлеуметтік құндылықтарға байланысты өзіндік сипаттары анықталады.

Әзіл-оспақ дискурсының ішінде қазақ тіліндегі қалжың, ағылшын тіліндегі wit бірліктерінің вербалды құралдары, прагматикалық сипаттары мен мәнмәтінге тәуелділігі, коммуникативтік қызметі ашылды. Тілдік деректер негізінде қазақ және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі әзіл-оспақ үлгілерінің ұқсастықтары мен айырым белгілері айқындалды.

Жұмыста әзіл-оспақ дискурсының ұлттық-мәдени ерекшеліктерді танытатын рөлі және әлеуметтік қатынастарды реттеудегі қызметі, адресант пен адресат арасындағы қарым-қатынас қалыптастырудағы орны зерделенді.

Қазақ тіліндегі қалжың мен ағылшын тіліндегі wit үлгілерін салғастырмалы талдау негізінде мәдени ерекшеліктердің тілдік санада бейнеленудегі өзіндік сипаты анықталды.

Зерттеудің өзектілігі. Әзіл-оспаққа негізделген күлкі адам өмірінің бір бөлігі болып табылады, күнделікті тұрмыстан бастап саясатқа дейінгі өмірдің барлық саласында орын алады. Жалпыға ортақ құбылыс бола тұра, күлкі әр халықтың өзіне тән менталитеті мен мәдени ерекшеліктерін де айқын көрсетеді. Кез келген ұлттың әзіл-оспағы сол халықтың өмір салтын сақтай келе жылдар бойы қалыптасқан құндылықтары мен дүниетанымына негізделеді. Нақты бір ұлтқа тән әзіл-оспақты толық ұғыну үшін оның ұлттық болмысы мен мәдени фонымен терең таныс болу қажет. Демек әзіл-оспақ дискурсын лингвомәдени тұрғыдан зерделеу – тіл мен мәдениеттің өзара байланысын тереңірек түсінуге, мәдениетаралық қарым-қатынастағы түсініспеушіліктерді азайтуға ықпал ететін өзекті мәселе. Зерттеу тақырыбының өзектілігі заманауи қоғамдағы тілдік қарым-қатынас түрлерінің ішінде әзіл-оспақтың алатын орнына және оны дискурс деңгейінде талдаудың маңыздылығына негізделеді.

Қазіргі тіл білімінде дискурс ұғымы қарым-қатынастың кең мағыналы түрі ретінде қарастырылады. Ол белгілі бір кезеңнің мәдени-тілдік мәнмәтінін қамтиды. Ал әзіл-оспақ дискурсы – қатысым барысында күлкі әсерін туындатуға бағытталған арнайы түрдегі дискурс, ол позитивті қарым-қатынас құралы бола отырып, түрлі мәдени қауымдастықтардың тілдік сана-сезімін көрсетеді. Әзіл-оспақ, қалжың түріндегі қарым-қатынас адресаттың эмоциясына әсер етіп, тілдесімге бейресмилік пен достық реңк береді. Алайда әзіл-оспақтың қабылдану ерекшеліктері мәдени мәнмәтінмен, ұлттық құндылықтармен байланысты болып келеді. Сондықтан бір қалжың әртүрлі мәдениетте әрқалай қабылдануы мүмкін. Осы қырынан алғанда қазақ және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі әзіл-оспақ

дискурсын салғастыра зерттеу мәдениетаралық қарым-қатынас жасауда өзекті мәселелерді шешуге бағытталған маңызды қадам.

Зерттеу қазақ және ағылшын қалжыңдарынан құралған корпусстық материалдарды операцияландыру арқылы олардың лингвомәдени сипатын, құрылымдық және лингвопрагматикалық белгілерін айқындап, интегративті модель негізінде салғастырмалы талдау арқылы теориялық қана емес, практикалық тұрғыда да құнды нәтижелер бермек. Сонымен, қазақ және ағылшын тілдеріндегі әзіл-оспақ дискурсындағы қалжыңның ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау – тіл білімінде тың бағыт болып табылады. Қазақ тіліндегі қалжың (wit) бұрын қазақ тіл ғылымында толыққанды қарастырылмаған кешенді құбылыс.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің мақсаты – қазақ және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі әзіл-оспақ дискурсының (соның ішінде қалжыңның) табиғатын кешенді түрде зерделеу. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегідей негізгі ғылыми міндеттер қойылды:

- Әзіл-оспақ дискурсы ұғымының ғылыми негіздерін талдап, қазіргі тіл білімінде «дискурс» және «әзіл-оспақ» түсініктерінің мазмұнын айқындау;
- Қазақ тіліндегі қалжың және ағылшын тіліндегі wit ұғымдарының семантикалық ерекшеліктерін, мазмұндық аясы мен қолданыс түрлерін зерделеу;
- Әзіл-оспақ дискурсын зерттеудің әдіснамасын, әзіл-оспақ бірлігін талдаудың интегративті моделін әзірлеу, корпусстық талдау жасау;
- Қазақ және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі қалжыңдау дәстүрінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын интегративті модель негізінде салғастырмалы талдау;
- Әзіл-оспақ ақпаратты жеткізу және қабылдау механизмдеріндегі мәдениетаралық ерекшеліктерді эксперименттік тәсіл арқылы анықтап, нәтижелерін интерпретациялау.

Зерттеу нысаны мен пәні. Зерттеу нысаны – қазақ және ағылшын қоғамдарында тілдік қарым-қатынас жасаудың айрықша түрі болып танылатын әзіл-оспақ дискурсы. Оның ішінде қазақ тіліндегі қалжың, ағылшын тіліндегі wit бірліктерінің екі түрлі лингвомәдени ортадағы коммуникацияда қолданысы қарастырылады.

Зерттеу пәні – қалжың түріндегі қарым-қатынас актілері, яғни қазақ және ағылшын тілдеріндегі қалжыңдардың лингвомәдени сипаты, құрылымдық-мағыналық ерекшеліктері және коммуникативтік функциялары.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі. Зерттеу жұмысының теориялық негізін дискурс теориясы, прагмалингвистика, лингвомәдениеттану және әзіл-оспақ теориясы бойынша жарық көрген отандық және шетелдік ғылыми еңбектер құрайды. Атап айтқанда, дискурс ұғымы мен оның түрлеріне қатысты Ю. Хабермас, Т. ван Дейк, А. Карасик еңбектері, тіл мен мәдениет байланысы бойынша Э. Сепир, Б. Уорф, В. фон Гумбольдт пен С. Костомаров, Е. Крамш сынды зерттеушілердің лингвомәдениеттанымдық тұжырымдамалары басшылыққа алынды. Әзіл-оспақ табиғатын түсіндіру мен қалжың, әзіл, ирония,

сарказм сияқты комикалық категорияларды ажыратуда жалпы қабылданған теориялық ұстанымдар пайдаланылды: мысалы, В. Раскиннің сценарийлер оппозициясына негізделген әзіл-оспақ семантикасы, С. Аттардоның вербалды әзіл-оспақ теориясы, сондай-ақ қазақ тіл білімінде А. Салихова, Б. Мәуленова, Г. Ибраева, С. Исакова, Н. Култанбаева және т.б. еңбектеріндегі комикалық дискурсқа қатысты тұжырымдар қарастырылды.

Зерттеуде кешенді талдау түрлері: талдау әдісі, салғастырмалы-типологиялық талдау, контент-талдау, дискурс-талдау сияқты жалпы ғылыми және жеке лингвистикалық әдістер ұштастырыла қолданылды. Сонымен қатар зерттеу барысында материалды жинақтау, жүйелеу, сараптау, бақылау сияқты жалпы ғылыми әдістер, лингвокогнитивтік және лингвомәдени талдау амалдары іске асырылды. Зерттеудің маңызды ерекшелігі – сапалық талдаумен қатар сандық әдісті (эксперименттік тәсілді) қолдану. Корпустық салғастырмалы талдау қолданылды. Атап айтқанда, мәдениетаралық коммуникацияда әзіл-оспақты (қалжыңды) қабылдау ерекшеліктерін анықтау мақсатында сауалнама және тәжірибе жүргізіліп, нәтижелері статистикалық өңдеуден өткізілді. Бұл аралас әдіснама зерттеу нәтижелерінің сенімділігін арттыруға және қорытындыларды нақтылауға мүмкіндік береді.

Зерттеу дереккөздері. Зерттеу жұмысының дереккөздерін дискурсология, лингвомәдениеттану, әзіл-оспақ дискурсы, когнитивті лингвистика, психолингвистика, әлеуметтік лингвистика және лингвопрагматика, стилистика саласындағы дискурс теориясы және дискурстық талдау, мәтін лингвистикасы, салғастырмалы тіл білімі, әзіл-оспақ дискурсының зерттеу әдістемесі мәселелерін зерттеген теориялық еңбектер және қазақ тіліндегі қалжыңдар мен ағылшын тіліндегі wit материалдары құрайды (Ахметова З. Әзіліңді сағындық. – Полиграфкомбинат. Алматы, 2019-132 б., Деген екен! Бесінші кітапша. Құрастырған М.Ниязбеков.- Алматы. Өнер. К.-1993.-64 б., Деген екен. Баянғали Әлжанов Астана, 2016 – 88 б. ISBN 978-601-7804-14-5, https://adebiportal.kz/kz/news/view/degen-eken-1_10199, <https://abai.kz/post/68153> Boswell J. Boswell's Life of Johnson, LL.D. Abridged and edited by C.G. Osgood. New York: Henry Holt and Company, 1917. Project Gutenberg eBook No. 1564. эл. нұсқа, Twain M. Mark Twain's Speeches. New York: Harper & Brothers, 1910. Project Gutenberg eBook No. 3188. эл. нұсқа., Nicolay H. The Boys' Life of Abraham Lincoln. New York: The Century Co., 1906. Project Gutenberg eBook No. 1815. эл. нұсқа, Franklin B. Autobiography of Benjamin Franklin. Edited by F. W. Pine. New York: Henry Holt and Company, 1916. Project Gutenberg eBook No. 20203. эл. нұсқа.) талдауға алынды.

Зерттеу корпусының негізі 100 бірліктен құралды: 50 қазақ жазбаша қалжыңы (<https://docs.google.com/document/d/1DzdsfnaJDsbm5CjEHWr47nbh9brt-5ji/edit?usp=sharing&oid=107551310207967028371&rtpof=true&sd=true>) және 50 ағылшын жазбаша wit бірлігі (<https://docs.google.com/document/d/1w4ad4uRP8luj63m2uyTvxyYBdxixP93dS/edit?usp=sharing&oid=107551310207967028371&rtpof=true&sd=true>). Зерттеуге

катысымдық жағдайда іске асатын дискурстық бірлік ретінде дербес оқылатын оқиға, қысқа диалог алынды. Корпустың барлық көлемі бірнеше мың сөзді құрайды бұл әрбір ішкорпуста (қазақ тіліндегі және ағылшын тіліндегі) тілдік іске асу жолдарын сенімді түрде айқындауға жеткілікті мөлшер болып табылады. Сауалнаманың әр қатысушысы 10 стимулды бағалады. Осы стимулдардың әртүрлі комикалық механизмдерінің рецепциясын бағалау мақсатында жүргізілген 225 респонденттен алынған сауалнама жауаптарынан құралған материалдар да зерттеу көздеріне енді (https://docs.google.com/forms/d/1Se30p5UA-fj6qaBbPX8ZsssNw4NLEVLEcWJEzWT2wfA/edit?usp=drive_web&ouid=107551310207967028371, https://docs.google.com/forms/d/1M07RfkGp4Sz1OKB8xPVJtKwQY9_G47QVqKYSlSv6z_s/edit#responses).

Зерттеу жұмысының әдістері. Зерттеуде жоғарыда аталған теориялық-әдіснамалық негізге сай бірнеше әдіс кешені қолданылды. Зерттеу жұмысымызда әзіл-оспақ дискурсын лингвомәдени қырынан салғастырмалы талдаудың кешенді әдіснамасы ұсынылды. Сондай-ақ әзіл-оспақ бірлігін талдаудың интегративті моделі ұсынылды. Қазақ және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі әзіл-оспақтың бір түрі қысқаша вербалды қалжың/wit мәтіндері салғастырмалы талдау әдісімен талданып, олардың ортақ және айырым белгілері анықталды. Зерттеудің аралас әдіснамасы арқылы сапалық корпус талдауы және сандық эксперименттік талдау жүргізілді. Корпусты іріктеу қағидалары (қысқа вербалды мәтін, 50 қазақ, 50 ағылшын алынды, корпуста анонимді күлдіргі әңгімелер (анекдоттар), интернеттегі кездейсоқ әзілдер, сахналық монологтар, визуалды мемдер және көркем шығарма кейіпкерлерінің ойдан шығарылған диалогтары енгізілмеді) жүзеге асырылды. SSTH, GTVN, лингвопрагматика, лингвомәдени талдау және рецептивтік бағалау әдістері қолданылып, психолингвистикалық эксперимент негізінде қазақ және ағылшын тіліндегі әзіл-оспақты тіл иегерлеріне сауалнама жүргізу арқылы алынған нәтижелер талданды. Бағдарламалық өңдеу: корпус Microsoft Excel кодтау матрицасында, респондент жауаптары IBM SPSS Statistics 29.0 (2022) бағдарламасында өңделді.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Зерттеу нәтижесінде қазақ және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі әзіл-оспақ дискурсының ішінде қалжың екі тілдік материалдар негізінде тұңғыш рет салғастырмалы-лингвомәдени тұрғыдан кешенді талдауға түсті. Ғылыми жаңалық ретінде төмендегідей тұстарды атап өтуге болады: біріншіден, қазақ тіл білімінде бұрын толық қарастырылмаған қалжыңның тілдік құрылымы мен қызметі екі тіл материалы негізінде жүйелі сипатталды; екіншіден, қазақы қалжың мен ағылшындық wit ұғымдарының мазмұндық өрістері салыстырылып, олардың ортақ және өзгеше семантикалық компоненттері анықталды; үшіншіден, қазақ және ағылшын қысқаша вербалды қалжың мәтіндерінде күлкі туғызатын механизмдер (сценарийлік қарама-қарсылық, тілдік қалжың триггерлері т.б.) айқындалып,

олардың әр мәдениетте көріну ерекшеліктері көрсетілді; төртіншіден, қазақ және ағылшын қалжыңдары көпдеңгейлі талдау жүйесі нәтижесі бойынша интегративті модель негізінде салғастырылды; бесіншіден, модель SSTH және GTVN теорияларындағы сценарийлік қарама-қарсылық, логикалық механизм, жағдаят, нысана, баяндау стратегиясы және тілдік іске асу өлшемдеріне сүйене отырып жүзеге асырылды, лингвопрагматикалық, лингвомәдени және рецептивтік қабаттармен толықтырылды. Сол арқылы тіл мен мәдениетке қатысты тың ғылыми мәліметтер алынды. Сондай-ақ зерттеу барысында жүргізілген эксперимент нәтижелері негізінде қазақ аудиториясы мен ағылшын аудиториясының жауаптарындағы қалжыңдарды респонденттердің қабылдау деңгейі, түсіну қиындығы мен мәдени асимметриясы талданып, сандық деректермен дәйектелді. Әзіл-оспақ бірлігін талдаудың жаңа интегративті моделі әзірленіп, ұсынылды. Бұл нәтижелер дискурс теориясының лингвомәдениеттану қырларын толықтыра отырып, қазақ тіл білімінде жаңа ғылыми бағыттың қалыптасуына өзіндік үлес қосады.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Бұл зерттеу қазіргі тіл біліміндегі дискурс теориясы, прагмалингвистика, лингвомәдениеттану және мәдениетаралық коммуникация бағыттарын өзара тоғыстыра отырып, әзіл-оспақ дискурсын кешенді түрде қарастырады. Қазақ және ағылшын қалжыңдарының тілдік, семантикалық және прагматикалық ерекшеліктерін салғастырмалы корпусстық талдау арқылы дискурстық қарым-қатынастың ұлттық сипатын ашуға үлес қосады. Сонымен қатар қалжың түріндегі вербалды әрекеттерді дискурс деңгейінде қарастыру тіл мен мәдениеттің өзара байланысын сипаттайтын жаңа теориялық тәсілді ұсынуға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері тіл мен мәдениеттің коммуникативтік-когнитивтік табиғатын тереңірек түсіндіруге бағытталған ғылыми базаны толықтырады.

Ғылыми жұмыстың практикалық мәні. Зерттеу нәтижелері қазақ және ағылшын тілдерін оқытуда, мәдениетаралық коммуникация мен аударма ісінде, сондай-ақ жалпы тіл білімінің теориялық және қолданбалы салаларында пайдалы болмақ. Атап айтқанда, жұмыс қорытындыларын жоғары оқу орындарында жалпы тіл білімі, сөз мәдениеті, прагматика және мәтін лингвистикасы пәндері бойынша оқыту процесінде иллюстративті материал ретінде қолдануға болады. Әзіл-оспақ дискурсын талдаудың әдіснамасы тіл үйренушілердің коммуникативтік құзыретін, әсіресе мәдениетаралық прагматикалық компетенциясын арттыруға септігін тигізеді. Сонымен бірге екі түрлі мәдени ортадағы әзіл-оспақ ерекшеліктерін білу шетел тілінен аударма жасауда, халықаралық іскерлік немесе дипломатиялық қарым-қатынаста орын алатын бейресми коммуникацияда пайдасы зор. Зерттеу материалдары мен тұжырымдары көптілді ортада әзіл-оспақты қолданудың тиімді стратегияларын ұсынуға негіз бола алады. Заманауи тіл білімінде даму үстіндегі корпусстық талдау, сандық статистика үлгілерін жас ізденушілер өздерінің ғылыми зерттеулерінде пайдалана алады.

Қорыта айтқанда, практикалық маңыздылығы зерттеудің нәтижелері тек білім беру саласында пайдаланылып қана қоймай мәдениетаралық өзара әрекеттестіктегі айрықша орын алатындығымен анықталады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

Зерттеу барысында алынған маңызды ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар төмендегідей негізгі тезистер түрінде ұсынылады:

1. Әзіл-оспақ дискурсы мәдениетаралық коммуникацияда маңызды қызмет атқаратын кез келген халықтың ұлттық дүниетанымындағы бірегейлікті көрсететін құбылыс. Әзіл-оспақ коммуникациясы бір жағынан жалпыадамзаттық әмбебап қасиеттерге (күлкі тудыратын инконгруэнтті жағдайлар, сөз ойындары) ие болса, екінші жағынан әр ұлттың өзіндік өмірлік құндылықтары мен дүниетанымын бейнелейді. Сондықтан әзіл-оспақ арқылы ұлттық мәдени кодты тануға болады, бұл мәдениетаралық өзара түсіністікті дамыту үшін маңызды.

2. Қазақ тіліндегі қалжың және ағылшын тіліндегі wit ұғымдары мазмұндас болғанымен, олардың семантикалық өрістері мен прагматикалық қолданысында ерекшеліктер бар. Қазақы қалжың көбінесе тұлғааралық жағдайға, жақындық шеңберіне, мәртебелік икемділікке және күнделікті өзара сөз ауысумен байланысты болып келеді, әзілі жарасқан ортадағы достық қалжың, қағытпа сөз формасында көрініс тауып, қарым-қатынасты нығайтуға қызмет етеді, ал ағылшын дәстүрінде wit қысқалыққа, интеллектуалдық дәлдікке және сөйлеу өткірлігіне, тапқырлыққа, сөздің ұтқыр ойнақылығына негізделген вербалдық шеберлікті білдіреді. Лингвистикалық тұрғыдан қалжың мен wit екеуі де тілдік нормадан ауытқу (көпмағыналылық, ирония, гипербола т.б.) арқылы жүзеге асатын когнитивтік тетікке сүйенеді, алайда қазақ және ағылшын мәдениеттерінде олардың әлеуметтік рөлінде және бағалануында айырмашылықтар байқалады.

3. Қазақ қалжыңы мен ағылшын wit бірлігін салғастыра зерттеу үшін қысқа вербалды қалжың/wit корпусына интегративті модель арқылы талдау жасалды. Көпдеңгейлі талдау жүйесі нәтижесінде олардың сценарийлік қарама-қарсылығы, семантикалық деңгейі, логикалық механизмі, тілдік іске асуы, фондық білімге тәуелділігі және рецептивтік бағалануы, прагматикалық қызметі, лингвомәдени деңгейіндегі ерекшеліктері анықталды. Мысалы, семантикалық деңгейде екі тілде де күтілетін және бұрма мағына арасы маңызды. Тілдік қолданыс деңгейінде қазақ мәтіндері диалогтық рөлге, ағылшын мәтіндері сөздің формасына жиі сүйенеді. Прагматикалық қабатта қазақ материалында қалжың көбіне қатысушылар арасындағы жақындыққа сүйенеді. Ағылшын wit материалында ұтқыр жауап шешендік жылдамдықты, интеллектуалдық басымдықты немесе әлеуметтік қысымнан ирония арқылы шығуды көрсетеді.

4. Қазақ және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі әзіл жасау тетіктері ұқсас қағидаларға негізделгенімен, мазмұндық тұрғыда ұлттық ерекшеліктерге ие. Әзіл-оспақ дискурсын жасау және қабылдау үдерістеріндегі әмбебап және

ұлттық механизмдер (инконгруэнттілік, интеллектуалдық код, эмоциялық жақындық, мәдени фондық білім) анықталды. Қазақ қалжыңындағы комикалық әсердің әлеуметтік рөл, тұрмыстық жағдай, отбасылық және рәсімдік қатынас, прагматикалық тұспал арқылы жасалатыны, ағылшын wit бірлігінде комикалық әсердің дыбыстық ұқсастық, көпмағыналылық, ирониялық түзету, стилистикалық қарама-қарсылық формалары арқылы жиі іске асатыны айқындалды.

5. Мәдениетаралық коммуникация жағдайында әзіл-оспақты қабылдау сол мәдениеттердің аялық білімі мен дүниетанымына тікелей тәуелді. Жүргізілген эксперимент қорытындылары көрсеткендей, бір тілден екінші тілге тікелей аударылған қалжындар көп жағдайда бастапқы әсерді бере алмайды. Оның басты себебі – әзілдің табысты ықпал етуі көбінесе оқырманның немесе тыңдаушының сол ұлт мәдениетіне қатысты фондық білім деңгейіне байланысты екендігінде. Эксперименттік тексеріс қазақ және ағылшын тілді респонденттердің қалжындарды қабылдауында айырма бар екенін көрсетті. Қазақ тобы қалжынды әлеуметтік орындылық, мәнмәтін және рөлдік байланыс арқылы көбірек бағаласа, ағылшын тілді топ қысқа тілдік ойын мен рун жылдамырақ реакция берді.

Жұмыстың апробациясы. Ғылыми зерттеудің негізгі нәтижелері, тұжырымдары еліміздегі және шетелдегі ғылыми-зерттеу мекемелерінде, жоғары оқу орындарында талқыға түсті: «Жастар, ғылым және инновация» атты жас ғалымдар PhD докторанттар, магистранттар мен студенттеріне арналған XIX халықаралық ғылыми конференциясында (Ақтөбе қаласы 12 сәуір 2023 жыл), А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, «Отандық тілтаным дамуының құрылымдық, коммуникативтік, антропоэзектік модустары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясында (Алматы қаласы 21 сәуір 2023 жыл), «GYLYM JÁNE BILIM - 2024» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясында (Астана қаласы 11 сәуір 2024 жыл), «Түркі әліміне жас көзқарас» (Türk Dünyasına Genç Bakışı) атты халықаралық симпозиумында (Түркия, Анкара қаласы 25-26 сәуір 2024 жыл), Қ. Жұбановтың 125 жылдығына орай «Жұбанов тағылымы» атты дәстүрлі XI халықаралық конференциясында (Ақтөбе қаласы 1 қараша 2024 жыл), «ЖАСТАР, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ» атты XXI халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында (Ақтөбе қаласы, 14 сәуір 2025 жыл) жасалған баяндамаларда көрініс тапты.

Зерттеудің жариялануы мен мақұлданыуы:

Диссертацияның негізгі бөлімдері бойынша 10 мақала жарияланды.

Scopus ғылыми деректер базасында рецензияланған ғылыми басылымдарда жарияланған еңбектер (Q1):

1. Role of humorous discourse in developing intercultural interaction: a linguacultural analysis // Eurasian Journal of Applied Linguistics (EJAL) , Vol.11, №2, 2025, 177-184. Процентиль 79% Q1. Doi: <https://doi.org/10.32601/ejal.11214>
<https://www.scopus.com/pages/publications/105009219147>

ҚР Ғж ЖБ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарияланған еңбектер:

1. Өзіл-оспақты функционалды-дискурстық талдау // «Абылай хан атындағы Қаз ХҚ және ӘТУ Хабаршысы «Филология ғылымдары» сериясы, №4 (том 71), 2023 ж. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.71.4.013>

2. Өзіл-оспақ дискурсының лингвомәдени сипаты (қазақ және ағылшын материалдары негізінде) // «Абылай хан атындағы Қаз ХҚ және ӘТУ Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы, №2 (том 77), 2025 ж. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.2.77.013>

3. Comparative linguistic and cultural analysis of humorous discourse (based on Kazakh and English materials) // А. Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты, ТІЛТАНЫМ, №3 (99), 2025 ж. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-215-228>

Халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланған еңбектер:

1. Лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны // «Жастар, ғылым және инновация» атты жас ғалымдар, PhD докторанттар, магистранттар мен студенттердің ХІХ халықаралық ғылыми конференциясы материалдарының жинағы. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2023. 102-104 бб.

2. Өзіл дискурсының жанрлық ерекшеліктері // ҚР ҒЖЖБМ ғылыми комитеті А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, «Отандық тілтаным дамуының құрылымдық, коммуникативтік, антропоэлектік модустары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы материалдарының жинағы, 2023. – 60-65 бб.

3. Өзіл-оспақ дискурсындағы қағытпа жанрының ерекшелігі // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Студенттер мен жас ғалымдардың «GYLYM JANE BILIM – 2024» ХІХ Халықаралық ғылыми конференциясының баяндамалар жинағы, 11.04.2024. – 3124-3126 бб.

4. Өзіл-оспақ түрлерінің тілдегі қызметі // «Түркі әліміне жас көзқарас». (Türk Dünyasına Genç Bakışı) атты халықаралық симпозиумы, Қажы Байрам Вели университеті, 25-26 сәуір, 2024. – 413-417 бб.Түркия, Анкара.

5. Тіл және мәдениеттің өзара байланысы // Қ.Қ. Жұбановтың 125 жылдығына орай «Жұбанов тағылымы» атты дәстүрлі ХІ халықаралық конференциясы материалдарының жинағы. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2024. – 258-261 бб.

6. Дискурс түсінігі // «ЖАСТАР, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ» атты ХХІ халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2025. 326-328 бб.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Диссертация жұмысы кіріспеден, тарауларға бөлінген екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады. Ғылыми жұмыстың жалпы көлемі 43 кестені, 7 суретті, 147 бетті құрайды.

1 ӘЗІЛ-ОСПАҚ ДИСКУРСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

1.1 Заманауи тіл біліміндегі «дискурс» және «әзіл-оспақ» түсініктері

Дискурс мәселесі лингвистикада, әдебиеттануда, әлеуметтік және психолінгвистикада, когнитивті психологияда, этнографияда, прагматикада т.б. әртүрлі ғылыми салаларында зерттеліп келе жатқан құбылыс. Бүгінгі таңда дискурс теориясы заманауи коммуникативті лингвистикада өзекті, белсенді даму үстіндегі бағыт болып табылады. Дискурс мәселесіне баса назар аударылуының себебі, біріншіден, қазіргі коммуникация үдерісінде адресант (сөйлеуші) пен адресаттың (тыңдаушы) басты дискурсқа қатысушылар ретінде танылатындығымен, екіншіден, соған қатысты оның (дискурстың) антропоцентристік бағыт тұрғысынан қарастырылатындығымен түсіндіріледі.

Зерттеуіміз қазақ және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі әзіл-оспақ дискурсы аясында болғандықтан, бұл тараушада қазақ және шетел ғалымдарының «дискурс» пен «әзіл-оспақ» сөздеріне берген түсініктемелері толық сараланады, тіл біліміндегі «дискурс» терминінің мағынасын ғылыми тұрғыдан ашудың маңыздылығы да айқындалады. «Дискурс» пен «әзіл-оспақ» түсініктерінің ара жігін анықтауда ғалым В.З. Демянковтың «түсінік» пен «тұжырым» туралы айтқан мына пікірін ұсынамыз: түсінік адамдардың белгілі бір мәселелерді талқылау кезінде өзара «ортақ тіл табысу» мақсатында қалыптастыратын ұғым. Ал тұжырым адам санасынан тыс объективті түрде қолданылатын құбылыс ретінде қарастырылады» [1, с. 45].

Дискурс ұғымының этимологиясы берілген дереккөздерге сүйене отырып, оларды талдау арқылы дискурс түсінігінің анықтамасын айқындауға тырысамыз.

«Дискурс» түсінігін Oxford Etymology Dictionary, Diccionario Etimológico de la Lengua Española этимологиялық сөздігінен қарайтын болсақ, «дискурс» анықтамасының тамыры латын тіліндегі «discursus» – «зерделі ойлау» ұғымына сай келеді, ол өз кезегінде «discurrere» «ары-бері жүгіру» сөзінен пайда болған [2].

«Дискурс» терминін өзінің ғылыми жұмыстарында ең алғаш қолданған лингвист ғалым структурализм теориясының негізін қалаушы, швейцариялық Фердинанд де Соссюр болды [3, р. 31]. Дискурс термині 1952 жылы американдық ғалым З. Харрис тарапынан мәтін лингвистикасының ғылыми теориясына «дискурс талдауы» тіркесінде лингвистикалық термин ретінде енгізілген. Ғалым дискурсқа мынадай анықтама береді: «жағдаят барысында алуан түрлі адамның ауызша/жазбаша жеткізген сөйлемдер тізбегі», «тіл сөз бен сөйлемнен гөрі, байланысқан дискурста жалғыз ғана сөзден бастау алып, он томға жуық романға дейін жетуі де мүмкін» деп қорытындылайды [4].

Э. Бенвенисттің француз лингвистикасынан алған «discours» термині «сөйлеу» дегенді білдіріп, заманауи тіл білімінде жеке сөйлеу, сөйлеушінің сөзі терминологиялық мағынаға ие болған [5, с. 239]. Э. Бенвенист француз тіл білімі

үшін айтылым теориясын жасап, ол дискурсты жаңа мағынада «сөйлеуші иеленетін сөйлеудің» белгілі бір сипаты ретінде түсінген. (Дискурс-лингвист айтылым актісі субъектісінің іздерін, сөйлеушінің тілді иеленуін көрсететін формальді элементтерді тапқан кезде кездесетін эмпирикалық объект). Осылайша дискурсты эмпирикалық объектімен сәйкестендіру барысында сол кездегі ғылымдардың танымал және «ең ғылыми» құралдармен жұмыс істеген механикалық онтология метафорасын оңай анықтауға болады. Қазіргі зерттеушілер тұрғысынан бұл анықтама қайшылықты болғанымен, ол алғаш рет тілді меншіктеп, айтылымда өзінің жеке ізін қалдыратын, сол арқылы лингвистикалық зерттеулердің жаңа өрісін ашуға негіз болатын тұлға ұғымын енгізеді. Олай болса, «айтушылардың тізбегі» ретіндегі дискурс лингвистикада бекітіліп, терминді түсіну мен түсіндірудің негізгі мәселелерінің бірін тудырады [6, б. 93].

Тіл білімі сөздігінде дискурсқа бірнеше анықтама берілген, оның негізгілері мынадай: (фр. discours-сөйлеу) – қоғамның ерекше түрі ретінде көрініс тапқан «тілдегі тіл»; мәтіннің ауызекі сөйлеу формасы; диалог; жазбаша немесе ауызша сөйлеу қалпы [7].

Оксфорд сөздігінде «дискурс» түсінігіне мынадай мазмұнды түсініктеме берілген: «the use of language of speech and writing in order to produce meaning» – «Мазмұнды дұрыс жеткізуге негізделген, жазбаша немесе ауызша сөйлеу тілін қамтитын сөз не туынды» [8, р. 432].

Дискурстың зерттелуі көптеген отандық Қ. Жұбанов (1930), Н. Уәли (2000), Ж. Манкеева (2014), Қ.Ө. Есенова (2011), К.К. Садирова (2008), Ж. Тектіғұл (2022), С.С. Исакова (2025) т.б. және жақын шетелдік Н.Д. Арутюнова (1998), В.Н. Бабаян (2006, 2017), В.Г. Борботько (1981), К.М. Денисов (2012), Ю.Н. Караулов (1989), В.И. Карасик (2002), М.Л. Макаров (2003), В.М. Савицкий (2016), сондай-ақ алыс шетелдік атақты ғалымдардың Э. Бенвенист (2002), З. Харрис (1952), Т.А. Дейк (1988) және т.б. қызығушылығын тудырды. Дискурс түсініктерінің алуан түрлі сипатқа ие болуы бұл құбылысты көпқырлы етеді. Дискурстық теориялар қарқынды дамуы тіл білімінде сапалық өсуге әкелді. Ғалым В.Н. Бабаян осы кезде «дискурсты лингвистикалық қырынан сипаттау» маңызды зерттеу міндеті тұрғандығын атап өтті.

«Дискурс» түсінігі өздігінен кездейсоқ пайда болған жоқ, «лингвистикалық зерттеулер сөйлеммен байланысты, тіркестен жоғары деңгейдегі синтаксис саласына жеткенде» пайда болды. Лингвистикалық тұрғыдан алғанда дискурс мағыналық қарым-қатынас жағынан байланысқан қаз-қатар орналасқан сөйлемдерден тұратын кешенді (күрделі) тілдік бірліктер болып табылады [9, с. 76-81].

Осыған орай, тіл мен сөйлеудің өзара байланысын зерттейтін тіл білімі зерттеулері орын ала бастады. А.Қ. Қожахмет және Л.М. Хусаинова «Лингвистикалық зерттеулердегі мәтін және дискурс теориясы» тақырыбындағы мақалада Ф. де Соссюр қалыптастырған тіл мен сөйлеудің өзара қатынасы

ережелерінен кейін Э. Бенвенист, Л. Блумфилд, Ю. Лотман, З. Харрис, Т. ван Дейк, В. Дресслер, Я. Петефи, Д. Вундерлих, М. Фуко, А. Леонтьев, А. Потебня, Ю. Степанов, А. Бондарко, О. Москальская, И. Гальперин, М. Макаров және т.б. зерттеушілер дискурс теориясы мен мәтін теориясына бетбұрыс жасағанын айтады. Көрсетілген зерттеушілер мәтін мен дискурс теориясын жан-жақты бағытта талдауға ұмтылыс жасады, мақсатқа жету үшін тікелей және жанама түрдегі зерттеулер жүргізді. Зерттеуші ғалымдардың бірқатары грамматика мен коммуникативтік ерешеліктеріне тоқталса, бірқатары мәтін мен дискурс мәселелеріне тоқталды [10, б. 180].

Дискурсты жан-жақты зерттеген ғалым В.И. Карасик «бір жағынан сөйлеу, сөйлесу арқылы қарым-қатынас жасау, тілдік мінез-құлық пен екінші жағынан белгілі бір мәтін арасындағы құбылыс» деген анықтама береді. Дискурс – «бұл қарым-қатынас кезінде сөйлесу жағдайына түскен мәтін» [11, с. 21].

В.Г. Борботько «дискурс» түсінігін байланысты сөйлеу мәтіні, кез келген реттіліктегі бірліктер тізбегін мәтін деп санауға болады деп түсіндірді. Ғалым дискурсты мәтін деп танығанымен дискурстың құрылымы күрделі коммуникативтік тілдік бірліктерден құралатындығын алға тартады. В.Г. Борботько оның құрамындағы сөйлемдер үздіксіз ішкі мағыналық байланыста болады, мәтін дискурспен салыстырғанда жалпылама ұғым деп айқындайды. Ғалым «дискурсты қашанда мәтін деп қабылдай аламыз, ал бірақ кез келген мәтінді дискурс деп қабылдай алмаймыз» деген пікір білдіреді [12, с. 8-9].

Дегенмен ғалымның бұл ұстанымына сыни пікір білдіруге болады. Дискурс пен мәтіннің айырмашылығын білуде бұл пікір маңызды болып көрінгенімен дискурсты тек мәтінге тәуелі етіп көрсетеді. Қарым-қатынас жағдайларының кейбірінде дискурс мәтін түрінде ғана емес, сонымен қатар сөйлеу кезіндегі ым, дауыс ырғағымен де дискурстық мағына беруі мүмкін. Сол себепті дискурс мәтіннің күрделі түрі ғана емес, қарым-қатынасқа түсушілердің ойлау қабілетімен байланысты құбылыс деп қабылдаған дұрыс деп ойлаймыз.

XX ғасырдың 60-жылдары мәтіннің грамматикалық және семантикалық, прагматикалық және коммуникативтік сондай-ақ когнитивтік ерекшеліктері жағынан зерттеу нысанына айналды. Осыған орай, мәтін мен дискурстың теория ретіндегі қалыптасуын ғалымдар осы кезеңмен байланыстырады [10, б. 180].

Заманауи тіл білімінде дискурс функционалдық-коммуникативтік қырынан адамның күнделікті өмірлік тәжірибесінің маңызды бөлігі ретінде қарастырылды. Мәтінді түсінуге қажетті экстралингвистикалық факторлар (әлем туралы білім, пікір, қарым-қатынас, қабылдаушының мақсаты) күрделі коммуникативті құбылыс ретінде анықталды.

Зерттеуші Ю.Н. Караулов тілдік тұлға өзінің жинақтаған білімі мен өмірлік құндылықтары басқалармен салыстырғанда ойлау жүйесіндегі өзіндік ерекшеліктері дискурс деп түсіндіреді. Ізденушінің көзқарасына сай жеке тұлғалық зерттеу үшін тек тіл мен кейбір мәтіндерді талдау жеткіліксіз, себебі

адамның жеке қасиеттері мен сөйлеу қызметі үдерісін толық ашуда дискурстың рөлі басымырақ [13, с. 8].

Жетпісінші жылдары дискурс пен мәтін өзара синоним ретінде қолданылды. Мұндай қолданыс бірқатар еуропалық тілдерде *дискурс* деген француз-ағылшын терминінің дәл теңестіріліп қолданылатын нұсқасы болмағандықтан *мәтін* деп пайдаланылған. Бұл терминдердің теңестіріліп қолданылуы орын алды, оларды ажырату мақсатында пайдаланылу аспектілері айқындалды: дискурс бұл әлеуметтік, ал мәтін тілдік құбылыс деп танылды. Бұлай танылуға себепші болған ғалым Э. Бенвенисттің дискурсты сөйлеуші мен қарым-қатынас жағдайынан ажыратпай қарастыру керек деген пікірі анықтады.

Бұл пікір әрі қарай Т. Ван Дейктің еңбектерінде дамыды. Мәтін бұл сөйлеу әрекетінің тұрақты күйі, ал дискурс оны коммуникативтік және дискуривтік жағдайларда жүзеге асатын құбылыс. Кез келген коммуникацияда оған қатысушылар болуы орынды деп айқындайды. Ғалым ойын кең мағынада дискурс мағыналық мазмұн мен сөйлеу үдерісінің өзара қатынасын біріктіретін тілдік ұйымдастырудың күрделі формасы ретінде түсіндіреді [14, с. 121-122]. Бұл жерде Т. ван Дейк дискурстық мәліметтердің оң қабылдануына прагматикалық мәнмәтін түсінігін енгізу арқылы қол жеткізеді. Прагматикалық мәнмәтінді зерттеуші когнитивті-шартты теориялық үлгі ретінде немесе жалпылама физикалық, биологиялық тағы басқа жағдай түрлері деп қарастырады. Ғалымның пікірін «дискурс – бұл мәтінмен қатар оның айтылуы мен қабылдауына әсер ететін, тілдік емес факторлармен бірге түсіндірілетін күрделі коммуникативтік құбылыс» деп қорытындылауға болады [14, с. 19]. Ғалым Н. Уәли Т. Ван Дейктің көзқарасына сай қазіргі ғылыми бағытта дискурсты түсінудің коммуникативті-функционалдық парадигмасы бір жүйеге түскендігін анықтап өтеді [15].

Қазақ ғалымдарының зерттеулеріне назар аударатын болсақ, тіл білімін зерттеуші ғалым Қ. Жұбанов дискурсты сөз бөлшектерімен, оның құрылысымен байланыстырады. Ғалым «ауызекі сөйлеген сөз ұзақ әңгіме немесе баяндама болуы мүмкін. Бір ауыз сөз, бір нәрсенің атауы немесе бір дыбыс болуы да мүмкін» деген пікір білдіреді [16, б. 28].

Сондай-ақ Қ. Жұбанов «дискурсты ауызекі сөз дей келе, мұндай сөйленген сөздің кемшілігін елетпей ыммен толтыруға болады. Қателігін түсінген адам сол сәтте өзін түзете алады немесе тыңдаушы түсінбегенін қайта сұрай алады. Ал жазылатын мәтінге ерекше назар аударып, оны дұрыс құрау керек, себебі ол жазылған күйде оқылады» деп тұжырымдайды [16, б. 30]. Зерттеуші «топта сөйлеген сөзде екі кісі жайғасып отырып сөйлескендегі кеңшілік жоқ дей келе, дискурс пен диалогтың бір мағына бермейтінін анықтап өтеді» [16, б. 30]. Ғалымдардың пікірлерінен аңғаратынымыз, дискурс пен мәтіннің негізі тіл мен сөйлеу.

Дискурсты сөз мәдениеті қырынан зерттеген қазақ ғалымы – Н. Уәли. Ғалымның пайымдауынша диалогта да, монологта да адресант пен адресат әртүрлі уақыт кеңістігінде болса да мәтін арқылы өзара тілдесе алады. Осы өзара сөйлесу яғни диалогтік қатынасы үзілмесе сөз мәдениетіндегі коммуникацияның

сапасы жоғары болғандығын айқындайды дейді. Зерттеуші өзінің «Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері» атты монографиялық еңбегінде дискурс пен мәтінді терең зерделей отырып, бұл ұғымдар өзара тең келмейтіндігін айтады. Автор сөз мәдениеті мен дискурсты байланыстыра келе, сөз мәдениеті адресант пен адресаттың арасындағы өзара қарым-қатынастың жоғары сапасына байланысты деп зерделейді [15, б. 241-242].

Ғалым «мәтінді тілдік кодқа теңейді, сондықтан адресат мәтіндегі тілдік кодты түсінетін тілдік білім болу керек екендігін алға тартады. Осы білімді басшылыққа ала отырып мәтін түзілсе, оны дискурс деп түсіндіреді» [15, б. 244].

Тіл мен ойдың байланысын зерттеуші қазақ ғалымы Ж. Манкеева, тілдің коммуникативтік-прагматикалық, құжаттық, танымдық қырларын зерттей келе [17, б. 192] мәдениетке қатысты атаулар сол кезде өмір сүрген тұлғалардың мәдени істерінің нәтижесі, олардың санасындағы мәдени ұғымның дискурстық сипаттағы айшықты көрінісі дейді. Мәдени құбылыстың негізі қарым-қатынас болып табылады. Мәдени коммуникацияда рухани мұраға айналмаған мәдени туынды қолданыстан шығады деп анықтайды ғалым. Ал бұл өз кезегінде тілде, мәтінде көрініс табады. Тіл денотативті коммуникация болумен қатар, халықтың тарихын, әлеуметін, мәдениетін терең мазмұндайтын коннотативті де құрал [17, б. 329]. Ж. Манкеева «Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері» атты еңбегінде тілді зерттеуде жеке тілдік қолданушының дискурсын зерттеу аса маңызды екендігін атап өтеді.

Дискурсты прагматикалық аспектіде зерттеуші қазақ ғалымы, профессор Қ. Есенова көзқарасы да осы бағытпен ұштасады. Ол «дискурсты прагматикалық талдау кезінде экстроллингвистикалық, этномәдени факторлар олардың мақсаттары ескерілуі керек деп тұжырым жасайды [18, б. 235-236]. Осы бағытта зерттеулер жүргізген отандық ғалымдар қатарында Д. Әлкебаева, Г. Әзімжанова, З. Ерназарова, Б. Жумагуловаларды атап өтуге болады.

Мәтін мен дискурс мәселелерін өзара байланыста зерттеу қазақ ғалымы Б.А. Ахатованың еңбектерінен көрініс тапты. Ғалым мәтінді тілдік жүйемен, дискурсты сөйлеу қызметімен байланыстырады. Оның түсіндіруінше дискурс ауызша және жазбаша түрдегі қарым-қатынас нәтижесі бола отырып, адресаттың қабылдауында жаңа мазмұнға ие болады. Дискурсты нақты жағдаятта, оның қатысушылары мен нысанына қарай талдау қажет деп анықтайды [19, с. 42]. Отандық ғалымдардан К. Садирова дискурс құрылымын [20], ал Г. Мұратова тілдік тұлға, дискурс байланысы, сондай-ақ дискурстың талдау мәселелерін қарастырады [21].

М.Л. Макаров дискурсты диалог ретінде қарастырады: «Дискурс-талдау тіл білімінің басқа салаларына қатысты ашылған әдіс; принцип және тәуелсіз пән ретінде зерттеудің прагматлингвистикалық тәсілге сәйкес лингвистикалық талдаудың объектісі болып табылатын тілдік қарым-қатынастың күрделі көпөлшемді құбылысын, жан-жақты зерттеуге бағытталуын табиғи түрде бейнелейді» [22, с. 14]. Дискурсивті құбылыстар сапалық жағынан басқа ортада орын мен уақыт алады; әлеуметтік-психологиялық «адам кеңістігінде» олар

тиісті коммуникативті, әлеуметтік, мәдени, тұлғааралық, идеологиялық, психологиялық рөлдерді атқаратын қарым-қатынас жасаушылармен құрылады. «Дискурсты актілер тізбегі немесе кешені ретінде талдау осы актілерді «жүзеге асыратын» тілдік формалардың грамматикалық талдауынан және ондағы шындыққа негізделген өзекті көзқарастардың семантикалық талдауынан түбегейлі ерекшеленеді». Автор тілге деген көзқарастардағы мұндай бұрылысты тек белгілі бір шарттарда ғана жаңа деп атауға болады деп санайды: «В. фон Гумбольдттың идеяларына оралатын тілдің белсенді көрінісі көптеген отандық лингвистердің теориялық пайымдауларының ажырамас бөлігі болды» [22, с. 18].

И.Н. Горелов және К.Ф. Седов дискурсты коммуникативтік құбылысқа жатқызады. Ғалымдар өздерінің пайымдауын дискурс әлеуметтік-коммуникативтік қарым-қатынас үдерісіндегі тілдік тұлғалардың өзара әрекеттесуі деп түсіндіреді. Дискурс бұл тек сөйлеу шығармашылығы ғана емес, сонымен қатар коммуникативтік жағдайда пайда болатын тілдік және когнитивтік, әлеуметтік сипаттарға ие деп түсіндіреді [23, с. 147,165].

Ғалым В.В. Красных, «лингвистикалық және экстралингвистикалық мақсатқа негізделген үдеріс пен нәтиженің жиынтығы болып табылатын ауызша сөйлесу дискурс деп саралайды. Дискурстың уақыт өте келе өзгеріп отыруы лингвокогнитивті қырынан алғанда коммуникативті құбылыс екендігін айқындайды. Тіл білімі аспектісінде дискурсты коммуникация кезінде пайда болатын мәтіндер жиынтығы деп қорытындылай аламыз» [24, с.113-114].

Ғалымдар С.С. Исакова, Н.К. Култанбаева өздерінің монографиялық еңбегінде В.В. Красныхтың анықтамасын келтіре отырып, дискурс бұл күнделікті сөйлеу әрекеті, сөйлеу оқиғаларының екіжақты тізбегі орын алатындықтан қатысушылар адресат пен адресант рөлдерін үнемі өзгертіп отырады, ол өз кезегінде монолог пен диалогтың қарама-қайшылығына әкеледі деп қорытындылайды. Осы ойды жалғастыра келе, ғалымдар дискурс дегеніміз тек диалог түрінде өтетін сөйлеу әрекеті деп түсінбеу керек, сондай-ақ монолог түрінде де кездесуі мүмкін екенін айтады. Себебін авторлар былай түсіндіреді: «монологта да автордың ойы, ішкі толғанысы, рефлексиясы көрініс табады, монолог қандай да бір тыңдарманға бағытталып айтылады» [6, б. 96].

Ал ғалым С. Слембрук анықтамасына сәйкес, дискурс ауызша және жазбаша түрде болады және ол адамдардың табиғи қарым-қатынасында жүзеге асады, сөйлеу, мәтін және дискурс тәрізді үш ұғымның бір-бірімен байланысында көрінетініне назар аудару керек [25, р. 9-14].

В.И. Карасик дискурсты зерттеу мен сипаттауда оның мынадай қырларын қарауды ұсынады: қарым-қатынастың пәндік қырынан саралайтын тақырыптық және референциалды; дискурсты тілдік материал ретінде лексикалық, грамматикалық жағынан қарайтын имманентті-лингвистикалық; қарым-қатынас жасаушыларды жағдайлық, тұлғалық сипаты жағынан қарастыратын әлеуметтік лингвистикалық қыры; қарым-қатынас мазмұнының берілу жолдары, тәсілдері мен стилін білдіретін прагмалингвистикалық немесе инструментальді қыры;

коммуниканттардың қандай каналмен қолданылатынын есепке алатын тәртіптік тәсіл [26, с. 188-200].

Дискурс – «өмір сүру үстіндегі» сөйлеу, оқиғалық аспектідегі экстралингвистикалық, прагматикалық тағы басқа факторлармен бірлесетін тұтас мәтін [27, с. 136-137].

Ғалым Б.М. Гаспаров дискурсты тілде тіршілік ететін адамзат өмірінің маңызды құбылысына балайды: тілді қолданғанда баға жетпес шығарма немесе екі адамның сөйлесуі кезіндегі тез айтылған қысқаша ой – оның барлығы адамзат өміріндегі үздіксіз ағымдағы бөлшек дейді. Дискурс тіл құрамына кіре отырып, мынадай жағдайларда жүзеге асырылады: 1) автордың коммуникативтік ниеті; 2) автор мен адресаттардың өзара қарым-қатынасы; 3) мәнді және кездейсоқ барлық түрдегі «мән-жайлар»; 4) жалпы дәуірдің және хабарлама тікелей немесе жанама түрде жолданған нақты орта мен нақты тұлғалардың жалпы идеологиялық белгілері мен стилистикалық климаты; 5) хабарламаның өзінің де, ол енгізілетін коммуникативтік жағдайдың да жанрлық және стильдік ерекшеліктері; 6) осы тілдік әрекеттің аясына қандай да бір жолмен енген алдыңғы тәжірибесі бар көптеген жағдайлар [28, с. 22-31]. Автор «жылдар бойы сақталып келген көркем, зияткерлік, мәдени құнды тілдік туындыларды талдау барысында өзара қайшы бағыттарды көреміз. Мұндай мәтін көптеген оқырмандар мен сыншылардың күрделі дүниетанымдары арқылы өзгерістерге ұшырап ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Осылайша мәтін көпқырлылығы тура артпаса да, үнемі жаңарып отырады деп қорытындылайды [28, с. 29].

Прагматика тұрғысынан қарастырылған дискурс «тілдесушілердің интерактивті қызметі, олардың бір-біріне әсер етуі, түрлі коммуникативті тәсілдерді пайдалануы, тілдесу барысында тәжірибеде олардың вербалды және вербалды емес жүзеге асуы болып табылады» [29, с. 9]. Швейцариялық лингвист П. Серио «дискурс» терминінің сегіз мағынасын айқындады: 1) кез келген нақты пікір немесе «сөйлеу» түсінігінің баламасы; 2) көлемі жағынан сөз тіркесінен асатын бірлік; 3) жағдайды ескере отырып, тыңдаушыға сөйленген сөздің әсері; 4) әңгімелесу сөйлеудің негізгі түрі ретінде; 5) адресат тұрғысынан бұл көзқарасты ескермей айтылған хабарламаға қарама-қарсы сөйлеу; 6) тілдің бірліктерін қолдану, оларды тілде белсендендіру; 7) қоғамның белгілі бір түріне тән әлеуметтік немесе идеологиялық шектеулі мәлімдеме түрі; 8) мәтін өндірісіне арналған теориялық құрылым [30, с. 26-27].

Ғалымдар С. Исакова, Н. Култанбаева дискурс белгілі бір мәтінді құру әрекетін ғана емес, оны қабылдау әрекетін де қамтитын күрделі коммуникативті құбылыс ретінде түсініледі, «тілдік қатынасты оның формасы, қызметі және ситуациялық, әлеуметтік-мәдени шарттылығы тұрғысынан зерттеудің интегралды саласы» [6, б. 103]. Ғалымдар бұл мәселе туралы ойды былай қарытындылайды: «дискурс тілдік және тілден тыс факторларды қамтитын сөйлеу әрекеті. Дискурс белгілі бір тақырып, жағдаят аясында жүзеге асады. Дискурстың жағдаяттық белгісі оның белгілі бір уақытта, орында өтетіндігін

және әлеуметтік қарым-қатынастың нақты бір жағдаятында орын алатынын көрсетеді» [6, б. 104-105].

Құрылымдық лингвистикадан бастау алған дискурс ұғымы XX ғасырдың аяғында ғылыми түсінік ретінде қалыптасты. Бұл термин көпмағыналы сипатқа ие болды. Дискурс термині көпқырлы құбылыс бола отырып, мынадай аспектілерде көрініс табады: когнитивті, бұл адамзаттың сөйлей білу, ойлай білу қабілеті; мәтіндік бұл қандай да бір тасмалдағыштағы тілдік бірліктер. Дискурстың қазіргі заманғы түсінігіне келетін болсақ, бір мәтіннің басқа мәтіннен айырмашылығын айқындау үшін керекті экстралингвистикалық факторлар (әлем туралы білім, пікір, ұстанымдар, адресаттың мақсаттары) әрі коммуникативті әрі когнитивті құбылыс. Осы орайда ғалым Т.А. ван Дейк: дискурсты анықтауда әлеуметтік факторлар, коммуникацияға түсушілердің жеке ой-пікірлері, әлеуметтік дәрежесі мен этникалық шығу тегін ескеру қажет. Дискурс мәтін грамматикасы мен мәтін прагматикасынан тұрмайды деген пікірі айрықша мәнге ие [31].

Ғалымдардың көзқарастарын ескере отырып, адамдар арасындағы қарым-қатынас кезінде туындайтын күрделі коммуникативтік тілдік үлгі деп түйіндей аламыз. Дискурс мәтіннің тілдегі құрылымын ғана емес, оның мағыналық мазмұнын және тілден тыс басқа да кең факторларды қарастырады. Бұл факторларға қарым-қатынас жасаушы адресант пен адресаттың мақсаты, олардың байланысу мазмұны және әлеуметтік-мәдени, прагматикалық шарттары жатады. Дискурс нақты коммуникативтік жағдаятта пайда бола отырып, оның мәнмәтінімен, коммуникацияға түсушілердің мәртебесі мен олардың тарихи-мәдени ортасының өзгешелігімен туындайды. Әзіл-оспақ өзара сөйлесу арқылы қарым-қатынас жасаудың тиімді құралы болып табылады.

Лингвистикада *әзіл-оспақ* ұғымы жан-жақты талданған, әртүрлі сипаттағы ғылыми пікірлер қалыптасқан.

Қазіргі таңда ағылшын тілінде ағымдағы қолданыстағы *humour* сөзінің тарихы латын тіліндегі *humor* сөзінен басталады. [32, с. 424]. Тарихи даму кезеңіне қарайтын болсақ, әзіл-оспақ термині (лат. *humor*) мағынасы жағынан әртүрлі түсіндірілген. Осы мағыналардың ішінде бастапқы мағынасы ағылшын тіліндегі сұйықтық (ағзадағы қан, өт) ұғымы. Бұл сұйықтық денсаулық және темпераментпен қауымдасқандықтан «әзіл-оспақ» жеке тұлғамен теңестіріле қарастырылды, осылайша жарқын жүзділік «көтеріңкі көңіл - күйдің» нышанын білдірді. Еуропа тілдерінде, мысалы, француздарда нашар көңіл - күй, немістерде салыстырмалы түрде жақсы көңіл-күйді білдірген, соған сәйкес ағылшындар уақыт өте келе, әзіл-оспақты әдеби-эстетикалық жанр ретінде айта бастады. Ағылшын ақыны және драматургі Бенджамин Джонсон әдебиет саласына әзіл-оспақ түсінігін енгізген алғашқылардың бірі болды. Джонсон әзіл-оспақты тек физиологиялық емес, сонымен қатар адамгершілік құбылысы ретінде түсіндіреді [33, с. 106-108]. Жалпы әзіл-оспақ адамның әл-ауқатын көрсететін, оның толыққандылығын білдіретін позитивті жан-жақты термин болып есептеледі.

Шындығында XIX ғасырда әзіл-оспақ «негізгі ізгіліктер» қатарынан орын алды [34, р. 1].

«Әзіл-оспақ» түсінігі оны пайдаланатын субъектілердің өзгеруіне байланысты уақыт өте келе жаңа сипаттарға ие болды. «Әзіл-оспақ» термині қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірме сөздігінде мынадай мағынаға ие: *zat esim*. Астарлы қағытпа сөзді әжуа аралас күлдіргі қалжың мен қылық [35, б. 151].

Сондай-ақ, құрамына қазақ тілінің 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі енген түсіндірме сөздігінде (2008) «Әзіл-оспақ – бұл ойын-шыны аралас қалжың сөз» деген анықтама беріледі [36, б. 83].

Кембридж түсіндірме сөздігі әзіл-оспаққа мынадай анықтама береді: – «the ability to be amused by something seen, heard, or thought about, sometimes causing you to smile or laugh, or the quality in something that causes such amusement», яғни «кейде күлімсіреу немесе күлкі тудыратын естіген, көрген немесе ойлаған нәрсеге көңіл көтере алу қабілеті немесе осындай көңілділікті тудыратын сапа». [37, р. 194].

Ағылшын тіліндегі Oxford collocations сөздігінде «humour (humor) әзіл-оспақ – «the amusing quality/ability to find things funny/mood» – «әзіл тудыратын қасиет/күлдіру күлкілі жағын көре білу қабілеті» деген анықтама береді. Сондай-ақ сөздікте «humour is of multiple origins. Partly a borrowing from French. Partly a borrowing from Latin», «әзіл-оспақ сөзінің шығу көзі бір бөлігі француз тілінен, бір бөлігі латын тілінен» делінген [38, р. 386]. В.И. Дальдың түсіндірме сөздігінде «әзіл-оспақ – көңілді, өткір, қалжыңға бейім ойлау қабілеті, ол мінез-құлық, әдет ғұрыптарда болатын ерекшеліктерді байқап, өткір, бірақ зиянсыз түрде әшкерелеу қасиеті, иронияның өрістеуі мен қарқындылығы» [39, с. 688]. Д.Н. Ушаковтың түсіндірме сөздігінде «әзіл-оспақ» түсінігі мынадай анықтамаларға ие: әзіл-оспақ – 1. Зілсіз күлкі ету, кең пейілді күлкі; сондай көңіл-күймен бір нәрсеге араласу (біреудің кемшілігіне, әлсіздігіне, залымдығына); 2. Әдеби (немесе жалпы көркемдік) шығармалар жиынтығының осындай қарым-қатынас арқылы шындыққа енуі [40].

Әзіл-оспақ түсінігінің толық анықтамасын қалыптастыру мақсатында қазақ және ағылшын тіліндегі сөздіктерде берілген анықтамаларды кесте арқылы беріп отырмыз.

Кесте 1 – «Әзіл-оспақ» сөзінің сөздіктердегі анықтамалары

Сөздіктер	Анықтамасы
Қазақ тіліндегі сөздіктер	
Тіл білімі сөздігі [7].	Ойын-шыны аралас қалжың сөз.
Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі [36, б. 83].	Астарлы қағытпа сөзді әжуа аралас күлдіргі қалжың мен қылық.
Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі [41, б. 596].	Күлкі тудыру үшін айтылатын сөз, қалжың.

1 – кестенің жалғасы

Сөздіктер	Анықтамасы
Қазақ әдеби тілінің сөздігі. [42, б. 744].	Күлкі тудыру үшін айтылатын сөз немесе жасалатын күлдіргі әрекет, қалжың.
Әдебиеттану терминдерінің сөздігі [43].	күлдіргі сөз, кекесін, сықақтың қалжыңмен келетін жеңіл түрі.
Ағылшын тіліндегі сөздіктер	
Cambridge dictionary [37, p.194].	the ability to be amused by something seen, heard, or thought about, sometimes causing you to smile or laugh, or the quality in something that causes such amusement
Oxford learners dictionary [44].	the quality in something that makes it funny; the ability to laugh at things that are funny
Merriam-Webster dictionary [45].	that quality which appeals to a sense of the ludicrous or absurdly incongruous : a funny or amusing quality
Collins dictionary [46].	the quality that makes something seem funny, amusing, or ludicrous; comicality
Britannica [47].	a funny or amusing quality, the ability to be funny or to be amused by things that are funny

Кесте 1-де берілген қазақ және ағылшын тілдері сөздіктеріндегі анықтамаларды жүйелей отырып, келесідей қорытындыға келуге болады:

Әзіл-оспақ – болмыстағы құбылыстарды, адам мінез-құлқы мен әрекеттерін, ойлау және тілдік қолданысты күлкі тудыратын эстетикалық категория ретінде қабылдау, әрі бейнелеу қабілеті. Ол шындық өмірдегі үйлесімсіздік, қарама-қайшылық, абсурдтық сипаттарды ойын-шыны аралас қалжың, әжуа, кекесін сияқты экспрессивті құралдар арқылы жеңіл әрі жағымды формада жеткізуге негізделеді. Әзіл-оспақ сөзде де, әрекетте де көрініс тауып, субъектінің интеллектуалдық-эмоциялық қабылдауын білдіреді, сондай-ақ коммуникацияда күлімсіреу, жымию және жағымды эмоционалдық әсер туғызу қызметін атқарады.

С. Исакова мен Н. Култанбаева «Әзіл-оспақ дискурсындағы этникалық стереотиптер және күлкі категориясы: салғастырмалы аспекті» монографиясында: «Әзіл-оспаққа байланысты отандық еңбектердің басым көпшілігі қазақ әдебиетіндегі проза жанрындағы сатира туралы болғанымен, соңғы жылдары сатира жанрының лингвистикалық аспектісін зерттеген тілші ғалымдардың еңбектерін де кездестіруге болады» дейді. Аталмыш монографияда зерттеушілер әзіл-оспақ дискурсының анықтамаларын саралай отырып, оның конститутивті белгілерін жан-жақты талқылайды [6, б. 105].

Қазақстандық лингвистикада баспасөз, соның ішінде газет дискурсының қарқынды дамуы В. Жумагулованың зерттеулерінен бастау алады [48]. Қазақ прозасындағы сықақ пен әзіл-оспақты әдеби тұрғыдан А. Мұсаев зерттесе [49], Б. Жонкешов қазақ тіліндегі эмоционалды мәтіндерге толық тілдік талдау (семантикалық, сөзжасамдық, фонетикалық) жасаған [50].

С.Исакова мен Н.Култанбаева, Г. Ермекбаевалар әзілді «тұтастай алғанда күлкіні тудыратын шындықтың жекелеген бөліктеріне оң көзқараспен сипатталатын болмысты түсіну мен бейнелеу тәсілі» ретінде түсіндіре отырып, [51, б. 147], «күлкі тудыру үшін айтылатын мәтін, тілді мәдениет арқылы зерттеу ұлттың өзіндік ерекшелігін айқындауға көмектеседі» деп қортындылайды [51, б. 143].

Әзіл-оспақ түсінігін анықтауда қазақ ғалымдарының берген анықтамалары.

Кесте 2 – Ұғымдық аппарат

Автор	Ұғым
А. Мұсаев	Әзіл-оспақ бірнеше мағынада қолданылады. Әзіл-оспақтың негізгі мәні оның шындыққа, өмірлік құбылыстарға, күлкілі факттерге, жағдайларға эстетикалық қарым-қатынасы. Бірақ бұл күлкі қағидасыз күлкі емес, оның өзіндік мақсат, міндеті бар. Әзіл-оспақ өз табиғатында жеңіл, мейірімді. Күлкімен ол мейірімділікке, кемшіліктерді жоюға шақырады [52, с. 15].
А.З. Салихова	Комизм тілде арнайы түр (форма) арқылы көрініс табады. Мұндай комикалық түр әртүрлі болып келеді. Мысалы, юмор комизмді қабылдау бейімділігі, ал сөз тапқырлық талант пен юморды туғызады. Юмор жылы әзіл, жеңіл күлкі [53, б. 9].
Б.М. Мәуленова	Әзіл-оспақ, сатира және иронияның тілдік көрінісі әрқашанда күлкі, бұл құбылыстар өзара тығыз байланысты болғандықтан оларды бөліп қарастыру аса қажеттілік тудырмайды. Сатира комизмнен тыс өмір сүре алмайды, комизм – құрал, сатира – мақсат [54, б.10].
К.И. Ибраева	Қазақтың әзіл-оспағы, сын-сықағы халқымыздың жан дүниесін, танымын, түйсік-сезімін танытады. Халық күлкісі, халық әзілдері дегенде басты қадап айтатынымыз халқымыз ойсыз айтылған оспаққа, әрсіз әзілге, сөзге күле бермеген [55, б. 9].
С.С. Исакова, Н.К. Култанбаева	Әзіл-оспақ күлдіргінің қатысты түрлік ұғымдардың бірі болып саналады. Екеуі де әлеуметтік құбылыс, қоғамдық қатынастар негізінде пайда болады. [6, б. 63].

А. Мұсаев т.б. авторлардың «әзіл-оспақ» түсінігіне берілген анықтамаларын талдай келе, зерттеу ерекшелігімізге байланысты «әзіл-оспақ» түсінігіне мынадай қорытынды жасауға болады: әзіл-оспақ шындыққа, өмірлік құбылыстарға, адам кемшіліктеріне мейірім мен ізгі ниет, жылы шырай беретін комизм түрлерінің бірегейі. Қазақ қоғамында ол қандай да бір кемшілікті жеңілдетіп астарлау, жақсылыққа ұмтылу міндетіне ие. Әртүрлі мәдениет өкілдері арасындағы коммуникацияны жеңілдетіп, басқа мәдениетті шынайы қабылдауға ықпал ететін құбылыс.

«Әзіл сезімі барлық адамдар тобы арасында және барлық қоғамда орын алатын рухани байланыс түрі» [56]. Ғалым С. Гарднердің пікірінше, дербес сипаттамаларына орай біз не себепті күлеміз деген тәрізді сұрақтардың жауабын табу оңай мәселе емес. Адамдардың өмір сүру кезеңдерінде әртүрлі тәжірибе орын алатындықтан олардың әзілді қабылдауы да біркелкі болмайды. Белгілі бір адамдар тобында күлкілі деп бағаланатын құбылыс басқа адамдарға мүлде күлкілі көрінбеуі мүмкін. Әзілді қабылдау жеке тұлғаның өз ерекшеліктеріне ғана емес, күлкі пайда болған жағдайға да байланысты болады. Сондықтан күлкі коммуникативтік мәнмәтінге байланысты әртүрлі мағынаға ие бола отырып, түрлі қызмет атқарады. Әзіл-оспақты түсіну және бағалау тәсілдері адамның мәдени тәжірибесімен тығыз байланысты және оның мәдени байланысының ерекшеліктерінен хабар береді. Осыған орай әзіл-оспақ әртүрлі қоғамдар мен әлеуметтік топтарда бірдей бағаланбайтындылығы заңды құбылыс. Әзілді қабылдауда жас айырмашылықтар да маңызды рөл атқарады. Әзіл-оспақ мазмұны мен ықшамдалуы нақты мәнмәтінге байланысты түсіндірілетін күрделі құбылыс. Оның әртүрлі ғылыми салалардағы зерттеулер санының көптігіне қарамастан біртұтас және жалпы қабылданған айқын анықтамасының болмауы бұл құбылыстың күрделілігі мен көпқырлы сипатын көрсетеді [57, р. 9-13]. Зерттеушінің бұл пікірін қостаушы ғалым С. Аттардо әзіл-оспақтың барлық аспектісін қамтитын анықтамасы жоқ деп нақтылайды [58, р. 3]. Ғалым Дж. Банастың пікіріне сүйенсек, күлкі көбіне адамдардың өзара әрекеттесу үдерісінде пайда болатын, кейде әлеуметтік қайшылықтар мен сәйкессіздіктер тудыратын қасиетке ие. Сонымен қатар, күлкі тудыру қабілетімен шектелмей, қарым-қатынас орнатуда әлеуметтік байланыстарды нығайтып, шиеленістерді азайтуға ықпал ететін қызметтерді де орындайды [59, р. 117].

Әзіл-оспақтың жағымды жағымен қатар, жағымсыз жақтары да бар. Жағымсыз әзіл-оспақ эмоционалды шиеленістерді күшейтіп, мәдени нормалар мен құндылықтардағы түсінбеушілік салдарынан мәдениетаралық коммуникацияны қиындатады. Ғаламтор кеңістігінде әзіл-оспақтың кеңінен қолданыс табуы, бұл құбылыстың дұрыс түсіндірілуі мен қабылдануы мәселелерінің өзектілігін арттырады [60, с. 15].

Тіл бірліктері әзіл-оспақты жеткізу құралы болып табылады. Дегенмен, олар мем, сурет түрінде кездесуі де мүмкін. Тіл әзіл-оспақты жеткізуде бірқатар маңызды қызметтерге ие, сондықтан оны лингвистикалық зерттеудің орны ерекше. Тіл білімінде әзіл-оспақ адамдардың коммуникациясындағы орталық

негіз боп түсініледі. Әңгімелесу кезінде адамдар хабарламаларын тілдің көмегімен жеткізеді. Лингвистикалық тұрғыдан әзіл-оспақты зерттеу осы жағынан аса маңызды [61, р. 5-6].

Шетелдік ғалым Ч. Грунер әзіл-оспақты тұрмыстық өмірде адамдар арасындағы коммуникацияда жиі кездесетін құбылыс деп анықтайды. «Күнделікті өмірде өз іс-әрекеттерімізді бақылап отыратын болсақ, әртүрлі жағдайларда үнемі әзіл мен күлкі арқылы әрекет ететінімізді байқаймыз. Демек, әзіл-оспақ біздің күнделікті қарым-қатынасымыздың орталық аспектісі екенін мойындауымыз керек. Сондай-ақ барлық адамдар табиғи түрде әзілмен, қалжыңмен сөйлеуге қатысатындығы белгілі» [62]. Бұл өз кезегінде әзіл мен күлкіні адамзаттың күйін көрсететін мәдени әмбебаптар ретінде жіктеген Э. Орингтің көзқарасымен сабақтасады. Ғалым күлкі мен әзіл адам өмірінің ажырамас бөлігі, себебі олар адамның күнделікті тіршілігін мәнді етіп, өмірлік жағдайларға эмоциялық тұрғыдан жауап берудің табиғи үлгісін қалыптастырады. Осы тұрғыдан әзіл сезімі адамға тән маңызды қасиеттердің бірі ретінде саналады» [63 р. 9-10].

Ғылыми еңбектерде кездесетін көптеген анықтамалардың ішінде Н. Уолкер әзіл-оспақты былай сипаттайды: «күлу және күлімсіреу, басқаларды да күлімсіретіп, күлдіру қабілеті...әзіл-оспақ достар арасындағы кездейсоқ айтылған қалжыңнан бастап, Шекспир комедиясының талғампаздығына дейін көптеген үлгіде қолданылады» [64].

Әзіл-оспақтың ойнақы көңілділік пен көңіл көтеруден басқа көптеген қызметі бар. Бұл тұлғааралық қызметтер қарама-қайшы және парадоксальді болуы мүмкін. Бұл белгілі бір топтың немесе қауымдастықтың ішіндегі әлеуметтік ауызбіршілікті өсірудің немесе әртүрлі топтар мен қауымдастықтың мүшелерін мүшеліктен аластату жолдары ретінде қолданылуы мүмкін. Бұл адамдардың мәртебесін өсіру немесе түсіру, келісу немесе келіспеу жолдары ретінде қолданылуы мүмкін. Әзіл-оспақ әртүрлі қызметтері бар әлеуметтік әсер ету мен қарым-қатынас жасау тәсілі ретінде дамыды. Әзіл-оспақ әлеуметтік коммуникацияның барлық түрлерінде кездесетін адамның іс-әрекеті, ойын формасында көрініс табатындығына қарамастан қоғамның салмақты әлеуметтік және эмоционалды қызметтерін де орындайды [65, р. 16].

Әрбір адам өзінің айналасындағы адамдармен әрекеттесуде мінез-құлқына, дүниетанымына қарай әртүрлі қарым-қатынас құрады. Осы құрылған қарым-қатынас ерекшеліктеріне байланысты адамның әзіл-оспаққа қабілеті қалыптасады. Адамдардың басым көпшілігі өздеріне күлкі эмоциясын сыйлап, күлдіре алатындарға жоғары баға беріп, құрметтейді. Күлдіре білу өзгелерге жақсы көңіл-күй береді. [66, р. 25] Әзіл жағдайын тудырып, күлкі сыйлайтын адамдарды қазақ тілінде әзілқой, әзілкеш деп атау қалыптасқан.

Әзіл-оспақ рахаты мен комикалық рахат ұғымдарын ғалым З. Фрейд екіге бөліп қарауды ұсынады. Өз пікірін зерттеуші былай өрбітеді: «Әзіл-оспақтан туындаған күлкі рахатын күлкіге айналған нысан сезінсе, комикалық рахат бақылаушы басқа адамға негізделеді». Сондай-ақ З. Фрейд комикалық жағдайға

еніп, өз-өзіне күле білу қабілеті әзіл-оспақтың өзге құбылыстардан ерекшелейтін тұсы екендігін атап өтеді [67].

Әзіл-оспақтың тарихында оның сансыз анықтамаларын кездестіруге болады. Б. Монтогомери шындықтың қарама-қайшылықты және абсурдты тұстарын танып, қабылдайтын адамзат бойындағы когнитивті және перцептивті құбылыстарды әзіл-оспақ деп анықтаса [68, p. 170], ал Лэнгстон Хьюз «әзіл-оспақ – өзінде болу керек нәрсенің жоқ болғандығына күлу» деп айқындайды [69, p. 405-408].

Әзіл-оспақ тек көтеріңкі көңіл беру құралы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік сын айту жолы [70, p. 159-164].

Сондықтан әзіл-оспақты тілдік ерекшеліктеріне байланысты ізденістерде зерттелуінің мәні артып, ғалымдардың зерттеу нысаны ретінде қызығушылықтарын арттыруда. Әзіл-оспақты лингвистикалық зерттеудің өзектілігі - оның адам өміріндегі алуан түрлі кезеңдерде әсер ететіндігімен және қоғамдағы қалыпты қызмет ету тетіктерінің болуымен түсіндіріледі. Зерттеу жұмысымызда әзіл-оспақты лингвистикалық қырынан қарастыру кезінде әлеуметтік - лингвистикалық ғылыми нәтижелерді басшылыққа алу негізді деп ойлаймыз. Бұл бағытта зерттеу әзіл-оспақты сөйлеу мәнерлілігі құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар қоғамның ұлттық-мәдени ерекшеліктер көрінісі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Мұндай ғылыми нәтижелер ұлттық бірегейлікті анықтауға, сипаттауға бағытталған, сондай-ақ нақты бір этникалық топқа тән тілдік мәдениеттің әзіл-оспақтағы қалыптасу болмысын айқындауға көмектеседі. Ұлттық дүниетаным әзіл-оспақты құру және қабылдау тәсілдеріннен күлкі білдіру формаларынан көрініс табады. Алуан түрлі лингвомәдениеттердің әзіл-оспақ мәтіндерін салыстыру әр лингвомәдениеттің жалпы заңдылықтарын, өзіндік ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Әзіл-оспақ мазмұнындағы мәтіндердің пішіні мен құрылым үлгілерінің жалпы қағидаларын зерттеу ұлттық әзіл-оспаққа тән сипаттарын анықтауға ықпал етеді.

Мәдениет мәдени жүйе бірліктерінен тұратын, қоғамда өзіндік қызмет атқаратын біртұтас құрылым. Оның құрамындағы мәдени жүйе бірліктері жеке қызмет атқара алмайды. [71, с. 48].

Әзіл-оспақ – мәдениеттің құрамдас бөліктерінің бірі. Адресаттың психологиялық қабілеті, оның коммуникалық мәтінді түсінуі мен біліміне байланысты әзіл-оспақ толық қабылданады. Бұл құндылықтар белгілі бір мәдениет аясында қалыптасатындықтан оларды талдау әзіл-оспақты зерттеудің мәдени аспектісі болып саналады [6, б. 112].

Әзіл-оспақ әр халықтың мәдени мәнмәтініне байланысты қалыптасатындықтан, мәдени сәйкестікті қалыптастырып, жүзеге асыруда орны ерекше

Әзіл-оспақ қоғамдық коммуникацияны, салт-дәстүр мен құндылықтарды реттеуші бола отырып, саясат пен мәдени салаларды сын айту арқылы дамытуға ықпалдасады. Әзіл-оспақ пен коммуникалық жағдайлардың көмегімен адамдар өзара қарым-қатынас жасау барысында өз өмірлерін, қоршаған орта туралы,

мәдени ерекшеліктер жайында талқылайды. Барлық мәдениетте әзіл-оспақтың өзіндік орны бар, сондықтан оны қабылдап, қажет жерде қолдану барлық мәдени орталарда жүзеге асады. Сыртқы пішіні бірдей әзіл-оспақ түрлі мәдениеттерде өзгеше түсіндірілуі мүмкін, сондықтан олар мәдени мәнмәтінде де алуан түрлі қолданысқа ие. Мысалы: белгілі бір нормалар бір мәдениет үшін күлкілі болып табылса, басқа бір мәдениетте күлкілі емес болуы мәдени құндылықтардың мәнмәтініне тәуелді. Сондықтан әзіл-оспақтың лингвомәдени саласын зерттеуде ізденушілер зерттеу нысаны болып отырған мәдениеттің мәнмәтінін және басқа да ерекшеліктерін назардан тыс қалдырмауы керек [72]. Мысалы, М. Калли т.б. зерттеушілер американдықтар мен арабтарды зерттеу нәтижесінде салыстырмалы түрде алғашқылары кейінгілеріне қарағанда өздерін жоғары бағалайтыны және өзін-өзі келеке қылатын әзіл-оспақтарды көбірек қолданатынын анықтаған. Мұндай нәтижелер тілдік деректерге сүйеніп дәйектелгені дұрыс. Мәдени ерекшеліктеріне қаншалықты байланысты екенін білу керек. Мысалы, жаһанданудың нәтижесінде бір елде көпмәдениетті орта пайда болды [73, р. 131]. Тек ел мен елді салыстыру қажетті нәтижеге қол жеткізу үшін аздық етеді. Мәдени құрылымдық өзгерістерді дәл зерттеуге нақты бір мәдени өлшемдердің әзіл-оспақты қабылдау мен қолданудағы әсерін талдау қажет болады.

Зерттеуіміздің бұл тараушасында дискурс және әзіл-оспақ түсініктерінің ғылыми анықтамалары сараланды. Әзіл-оспақ коммуникативтік жағдаятта пайда болып, мәдени прагматикалық және тілдік ықпалмен жүзеге асатын дискурстық құбылыс болып айқындалды. Әзіл-оспақ тек күлкі тудыру құралы ғана емес, әлеуметтік және коммуникативтік қарым-қатынастарды реттейтін мәдени құндылықтарды суреттейтін дискурстың түрі. Оны жан-жақты түсіну үшін мәдени ортада қалыптасқан өлшемдерді әзілді қабылдау мен түсінуге байланысын анықтау қажет.

Зерттеу жұмысымыздың осы тараушасында ұсынылған деректердің нәтижесінде әзіл-оспақты лингвомәдени тұрғыдан алғанда тілдік ойын арқылы көрініс табатын көпқырлы сипаты бар коммуникативті құбылыс деп айқындай аламыз. Дискурсивті формалардың көмегімен іске асырылуы оның лингвистикалық қырын ашады. Ал адамдар арасындағы қарым-қатынастардың алуан түрлілігі мен қандай да бір қоғамдық ортаға тән мәдени нормалар жиынтығы олардың ұрпақтан ұрпаққа жалғасуы мәдениеттанудағы әзіл-оспақтың рөлін айқындайды.

Бұл тараушада дискурс пен әзіл-оспақ түсініктерінде әртүрлі ізденушілердің берген ғылыми тұрғыдағы анықтамалары талқыланды. Нәтижесінде әзіл-оспақ нақты коммуникативтік жағдаятта орын алатын тілдік және мәдени прагматика ықпалымен жүзеге асатын дискурсқа тән құбылыс деп танылды. Сондай-ақ оның мәдени құндылықтарды көрсете отырып, әлеуметтік қатынастарды реттеуші құрал ретіндегі рөлі де ашылды. Осындай рөлдерін жан-жақты аша түсу үшін оны дискурстық талдау аясында қарастыруды қажет етеді. Соған орай жұмысымыздың эмпирикалық ядросы болып табылатын әзіл-

оспақтың қысқаша вербалды бірлігі қазақ тіліндегі *қалжың* мен ағылшын тіліндегі *wit* ұғымдарына көпдеңгейлі кешенді талдау жасалатын болады. Талдау мақсаттары үшін алынған бірліктер бір айтылған сөйлемнен қысқа диалогқа дейінгі шағын көлемді мәтіндер, бұл бірліктерде күлкілі әсер бір басым семантикалық ауысымда орналасады. Олардың төрт белгісі маңызды. Біріншіден, бірлік негізінен вербалды болуы керек; қимыл, мимика, монтаж және сурет онымен бірге жүруі мүмкін, бірақ қалжыңның негізгі механизмі болмауы керек. Екіншіден, онда танылатын семантикалық ауысу сәті болуы керек: күтпеген шиеленіс, сөзді қайта мағыналау, перспективаны өзгерту, екі сәйкес келмейтін сценарийдің араласуы. Үшіншіден, бірлік үлкен мәнмәтіннен тыс негізгі оқылымды сақтауы керек, әйтпесе корпусты салыстыру әзілдердің өздерін емес әртүрлі дискурстардың фрагменттерін салыстыруға айналады. Төртіншіден, ол шектеулі параметрлер жиынтығы бойынша қайталанатын кодтауға мүмкіндік беруі керек [74], [75, p. 293-347], [76, p. 136-156].

1.2 Әзіл-оспақ дискурсын теориялық зерттеу мәселелері, лингвомәдени бағыттары

Заманауи қазақ тіл білімінде әзіл-оспақ дискурсы – қарқынды дамып келе жатқан дискурс түрлерінің бірі. Алғашында «әскери іс-қимыл» семантикалық өрісіне жатқан «дискурс» термині кейбір қайта түсіндірмелер мен метафоризация үдерісінен кейін лингвистиканың негізгі терминдерінің біріне айналды. Қазіргі лингвистикада дискурс төмендегідей екі түрлі типке бөлінеді: 1) әлеуметтік лингвистикалық: а) институционалды, ә) педагогикалық, б) діни, в) саяси, г) медициналық, д) тұрмыстық; 2) прагматикалық типтер: а) әзіл-оспақ ә) салттық [6, б. 106].

Дискурс алуан түрлі, әрі олар өзара байланыста көрініс табады. Соның ішінде әзіл-оспақтың философиялық, психологиялық, лингвистикалық теорияларын атап өтуге болады. Заманауи әзіл-оспақ теорияларын Платон, Аристотель, Гоббс, Шопенгауэр және Кант сияқты атақты философтар ұсынған. Олардың теориялары «кейбір нақты жағдайда адамдар неге күледі, ал кейбір адамдарға неге мүлдем әсер етпейді» деген сұраққа жауап іздеді. Платон мен Аристотель 2000 жыл бұрын әзіл-оспақтың негізгі мәнін анықтауға қызығушылық танытып, қазіргі Гольдштейн мен Макги (1972), Чепмен және Фут (1977), Раскин (1985) және Апте (1985) ұсынған әзіл-оспақ теорияларының негізін қалады [65, p. 13]. XX ғасырдың екінші жартысында әзіл-оспақ табиғатын зерттеуге қызығушылық барысында американдық психолог Р. Мартиннің артықшылық теориясы, разряд теориясы, қарама-қайшылық теориясы пайда болды.

Қазіргі тіл білімінде де ғалымдар тарапынан әзіл-оспақ дискурсын терең зерттеуге ерекше қызығушылық туындап отыр. Соның ішінде отандық және шетелдік зерттеушілердің пікірлері ерекше назар аударып, талдауды қажет етеді.

Ғалым А.М. Морозова «Әзіл тоналдығын жүзеге асырудың дискурсивті ерекшелігі» (2013) атты кандидаттық диссертациясында әзіл-оспақ дискурсын

зерттеген ғалымдардың еңбектерін бірнеше ғылыми бағытқа жіктеп, ұсынады [77, с. 3].

Алғашқы топқа әзіл мен әзіл-оспақ дискурсын филологиялық, психологиялық және әлеуметтану тұрғысынан қарастырған зерттеуші ғалымдарды жатқызады: М.М. Бахтин, Д.С. Лихачев, В.И. Желвис, В.И. Карасик, В.В. Красных, Т. Коэн, М.Р. Желтухина, М.А. Кулинич, А.Б. Антонов, Ю.Б. Боров, Н.Д. Миловская, Ю.Б. Молдавский, В.А. Разумовская, Ю.В. Ерофеева, И.В. Рюмина, В.А. Дмитренко, И.О. Обухова, Р. Вайсберг, В. Хеллер және т.б.; Д. Зилман, Р. Мартин, М.В. Мусийчук, Д.В. Сочивко, М.И. Станкина, А.Г. Козинцева, М.Л. Бутовская, С. Милграм, Ю.Г. Тамберг, Р.Е. McGhee, J.H. Goldstein және т.б.; А.Б. Дмитриев, А. Бергсон, А.Дж. Чапмен, Г.А. Фаина, М.Л. Апт, Дж. Гудмен және т.б.

Екінші топқа әзіл-оспақ дискурсының жекелеген жанрлары мен комикалық құбылыстардың жан-жақты аспектілерін қарастырған ғалымдар тобын енгізеді: С. Аттардо, А.Ф. Артемова, М.А. Багдасарян, А. Бергсон, А.Б. Боров, В.Л. Вартанян, А.З. Вулис, Б.О. Дземидок, Л.В. Карасаева, М.А. Кулинич, Ю.В. Латышева, А.Н. Лук, Ю.В. Щурина, Т.Б. Любимова, С.Н. Тянков, Е.В. Курганов, О.К. Чиркова, Т.Ю. Чубарян, Дж. Боксер.

Үшінші топқа әзіл-оспақтың тоналдығы мәселесін зерттеген ғалымдардың еңбектері қарастырылады: В.И. Карасик, Е.Ф. Тарасов, Е.А. Редкозубова, М.А. Багдасарян, Ю.Р. Хабибрахманова т.б.

Төртінші топқа дискурстың саяси, ғылыми тәрізді жекелеген түрлерін зерттеген авторлардың еңбектері жатқызылады: А.Н. Баранов, Е.И. Шейгал, А.П. Чудинов, К.И. Алексеев, Р. Водак, В.З. Демьянков, О.В. Коротеева, А.А. Леонтьев, М.Ю. Олешков, З.С. Смелкова, Р.С. Аликаев, Л.А. Ахтаева, А.А. Болдырева, В.Б. Кашкин, А.Б. Литвинов, А.П. Огурцов, Г. Хазагеров.

Ал бесінші топқа әртүрлі коммуникациялық жағдайлар мен дискурс түрлеріндегі әзіл-оспақ пен күлкілі элементтердің қызметін зерттеген еңбектерді енгізген: М.Р. Желтухина, А.Б. Дмитриев, В.В. Разуваев, М.Б. Ворошилова – саяси дискурс; А.Р. Габидуллина, Ю.В. Щербина – педагогикалық дискурс; Л.В. Карасев, В.Н. Сыров, М.В. Загидуллина – ғылыми дискурс [77, с. 4-5].

Лингвистикалық зерттеулерді қарастыру орталығына осы құбылыстың лингвистикалық компоненті – әзіл-оспақты тұжырымдардың пайда болу және жұмыс істеу механизмдері, әзіл-оспақ дискурсы шеңберінде белгілі бір сөйлеу үлгілерін құру стратегиялары, сондай-ақ сөйлеудің ойын мінез-құлқының жекелеген үлгілері кіреді [6, б. 109].

Әзілді лингвистикалық тұрғыдан зерттеу бағыттарына: мәдениеттану, прагматикалық, семантикалық, концептуалдық және дидактикалық аспектілері жатады. Бұл аспектілерді бір-бірімен ажырамас байланыста ғана толық зерттеуге болатындығы өте маңызды [77, с. 3-4].

Ғалымдар С.С. Исакова, Н.К. Култанбаева «Әзіл-оспақ дискурсы комикс дискурсының бір түрі ретінде шындықты салыстырмалы түрде жеңіл күлкі сипатында бағалауымен ерекшеленеді, бұл адресаттың көңілінен шығуға негіз

болады. Бірақ комикстің барлық түрлері табиғаты бойынша градуальды екенін атап өткен жөн: әзіл мен сатира, әзіл мен кекесін және т.б. арасындағы шекаралар өте мобильді» деген пікір айтады [6, б.110].

Әзіл-оспақ дискурсы қоғамда белгілі бір топтарға қызмет етеді. Оларды микро топтарға (жанұя, достар, бір ұжымның мүшелері) және макро топтарға (мамандығы, жасы ерекшелігіне қарай), ұлттарына байланысты топтарға т.б. бөлуге болады. В.И. Карасик күлкілі жағдайларды кешенді түрде қарастыра отырып, олардың жалпыадамзаттық, сондай-ақ өзіндік этникалық және әлеуметтік сипатын атап көрсетеді [78, с. 47]. «Қашан, неге, не себепті, кім үшін күлкілі» екендігін түсіндіретін бірде-бір жалпы қабылданған теория жоқ» деп тұжырымдайды Тейлор [79, р. 1315].

Лингвистикалық зерттеулерде (Н.Д. Арутюнова, И.Р. Гальперин және т.б.) күлкіні әртүрлі құрылымдар шеңберінде қарастырады: лексикалық бірлік немесе оған кіретін сөздік бірліктерінің мағынасын ескере отырып, жеке сөйлем прагматика бойынша бірқатар жұмыстарда жағдайдың мәнмәтінінде қарастырылатын ақпарат деңгейі (А. Вежбицкая, Т. ван Дейк, Дж. Лич, Дж. Серль және т.б.) комикс жаңа деңгейде қарастырылады. Когнитивті көзқарасты ұсынатын зерттеушілер (В.З. Демьянков, Дж. Лакофф, М. Джонсон т.б.) комиксті одан да кеңірек, оның прагматикалық, әлеуметтік - мәдени және психологиялық сипаттамаларының жиынтығында дискурс деңгейінде қарастыруды ұсынады [6, б. 112].

Әзіл-оспақ адамзат өмірінде даулы жағдайларды шешу мен қолайлы орта қалыптастыруда маңызды орын алады. Әзіл-оспақ біздің өміріміздің әр бөлігінде - қоғамда, жеке дискурста, ғаламтор коммуникациясында кездеседі. В. Раскиннің айтуынша «As virtually everything else in human society, humor turns out to be a convention created and legitimized by society and imposed by it on its members (so early in their lives (...)) that no human who is totally unfamiliar with the phenomenon can actually be found)» [74, р. 17] «адамзат қоғамындағы барлық нәрсе тәрізді әзіл-оспақ та қоғамда пайда болып, қоғам мүшелерімен заңдастырылған шарттылық болып табылады (бұл құбылыспен таныс емес бірде-бір адамды табу мүмкін емес). Әзіл-оспақтың негізгі екі түрі бар: кенеттен айтылған әзіл және туынды, қайталап айтылған әзіл. Біздің зерттеуімізде талданатын қысқаша вербалды қалжың әзіл-оспақтың сол сәтте туындаған түрі болып табылады.

Зерттеліп отырған дискурс түрі - қалжың әзіл-оспақ дискурсы әлеуметтік қарым-қатынасқа тәуелді емес, сол себепті мұнда қарым-қатынас жасаушылардың арасында әлеуметтік теңсіздік болмайды, әлеуметтік иерархия сақталмайды. Ғалым В.И. Карасиктің пікірінше әзіл-оспақ дискурсын институционалды дискурстан ерекшелейтін негізгі қыры, «қабылдау мен өзін-өзі ұстаудағы қалыптасқан таптаурындарды өзгерту» болып табылады [26, с. 175].

«Әзіл-оспақ дискурсы ғалым Ю.Ю. Бочкареваның пікірінше, көңіл көтеру мақсатындағы қалыптасқан өзекті тұжырымдар мен таптаурындарды ойын мағынасына ауыстырып, жеңіл реңкті қарым-қатынаспен сипатталатын сөйлеудің біртұтас түрі» [80, с. 249].

Әзіл-оспақ коммуникациясы мен оның өнімі – әзіл-оспақ мәтіні әзіл-оспақ ойынындағы жеңіл таптылық, салыстырмалылықты қолдап, қабылдауға мүмкіндік беретін ережелерден тұрады. Күлкі әрқашан күнделікті өмірмен салыстырғанда «түбегейлі кері бұрылғанымен» әлеуметтік конвенциялық шамалармен шектелген [81, с. 229].

Сондай-ақ Ю.Ю. Бочкарева әзіл-оспақ дискурсын авторлық шығармашылық пен окказиональді-ойын элементтері үлкен мәнге ие «ойын коммуникациясы саласы» ретінде сипаттайды [80, с. 249].

Н.А. Лаврованың пікірінше, ойын «адамзат іс-әрекетінің, әсіресе сөйлеу қызметі мен сөйлеу әрекетінің ажырамас бөлігі», яғни ойын бұл дискурсивті іс-әрекеттің маңызды құрамының бір бөлігі болып табылады [82, с. 90-91].

Әзіл-оспақ дискурсы аясында қарым-қатынас жасау оңай міндет емес екендігін ғалым А.Т. Князян айта отырып, бұл мәселеге қатысты ойын былай жалғастырады: «Әзіл-оспақ жалпы арандатушылық сипатқа ие, сондықтан әзіл-оспақ дискурсы аясындағы қарым-қатынас тыңдаушыны (адресантты) ренжітуі әбден мүмкін. Дегенмен әзіл-оспақты қарым-қатынаста мұндай ренжітуден аулақ болу керек» [83, с. 96].

«Зияткерлік немесе танымдылық, «*homosapiens*-тің қосымша санаттарындағы жер бетіндегі ең жоғары әлеумет өкілі ретінде» әзілқойлық тұлғалық сапаның маңызды бөлігі болып табылады» деген пікір білдіреді В.В.Наумов [84, с.100].

Әзілқойлықты кейбір зерттеушілер эмоционалдық интеллектінің құрамдас саласы деп таниды [85, с. 3]. Әзіл-оспақ дискурсы мазмұндық және тілдік қасиеттерінің бірлігінен құралады. Айтылған әзілдердің құрылымын зерттеу кезінде адресант, яғни әзілді жеткізуші қолданатын комикалық мағынаны құрастырудағы тілдік құралдарды сараптау маңызды орын алады.

Әлеуметтік және саяси құбылыстарды ішінара мәдени нормаларды сыни тұрғыдан бағалау немесе мағыналау әрекеті әзіл-оспақ дискурсы арқылы жүзеге асады [86, с. 54].

Әзіл-оспақ дискурсы мәселесін әртүрлі қырларынан зерттеген ізденушілердің талдауларына сүйене отырып, әзіл-оспақ дискурсын дискурстың ерекше түрі ретінде қарастыруға негіз бар деп ойлаймыз. Әзіл-оспақ дискурсын ағылшын тілінде, сондай-ақ орыс тілінде зерттеген зерттеулер қазақ тіл біліміндегі зерттеулерге қарағанда әлдеқайда көп. Дегенмен қазақ тіл білімінде де зерттеуші ғалымдар саны күн санап артып келеді.

Әзіл-оспақты жан-жақты зерттеген қазақ ғалымдарының ғылыми еңбектеріне шолу жасау барысында әзіл-оспақтың әдеби сипатын қарастыратын сыншы Т. Қожекеевтің (1976) «Сатира және дәуір» атты кітабында қазақ сатирасы кезең-кезеңге бөлініп, әзіл-оспақтың дәуірлік даму тарихындағы қолданылу ерекшеліктері қарастырылса [87, б. 40-54], әдебиетші ғалым А.Мұсаев өзінің әзіл-оспақты әдеби қырынан зерттеуге арнаған «Қазақ прозасындағы сатира мен юмор поэтикасы» атты диссертациялық жұмысында қазақ әңгімелеріндегі фольклорлық дәстүр мен сатира, сатиралық емес роман-

повестерде кездесетін сатира мен әзіл-оспақ, сатиралық проза, балалар прозасындағы күлкі поэтикаларын жан-жақты талқыланған [49, б. 2].

Әзіл-оспақты лингвистикалық қырынан зерделеген бірқатар қазақ ғалымдарының зерттеулері де бар. А. Рахимованың (1999) [88] еңбегі сатирик-жазушы Оспанхан Әубәкіровтың сатирасындағы сөз қолданыстарын, яғни күлкілі әсер тудыратын тілдік амалдар мен оның сөздік қорын, тіл құралдарын қолдану шеберлігін лингвистикалық-стилистикалық тұрғыдан зерттеуге бағытталған болса, А. Салихованың (2001) [53] зерттеуінде әзіл-оспақ тудырудың құрылымдық-стилистикалық және лексика-семантикалық жүйесі талданады. Б. Мәуленова (2006) [54] өзінің «Қазақ сатирасының тілі» атты докторлық диссертациясында қазақ тіліндегі сатиралық шығармаларда, фельетондарда, шағын сатиралық шығармаларда, бірқакпайларда, романдарда күлкі әсерін тудыратын тілдік қолданыстар мен лингвистикалық заңдылықтарға сипаттама бере отырып, шығарма атаулары мен жалқы есімдердің ақпараттық, мүшеленбейтін сөйлемдердің мәтін түзушілік қызметтерін зерделейді. К. Ибраева (2010) [55] әзіл-сықақ жанрында күлкі тудырудың грамматикалық тәсілдерін, окказионал сөздер, тілдік оралымдар, сөздердің тура және ауыспалы мағыналарда қолданылуындағы тілдік ерекшеліктерін, мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестерінің әзіл-сықақ тудырудағы ерекшеліктерін диссертациялық жұмысында тереңінен зерттейді. Профессор С.С. Исакова мен ғалым Н.К. Култанбаева т.б. (2023) [89] «Әзіл-оспақ дискурсындағы этникалық стереотиптер: салғастырмалы аспекті» атты ағылшын тіліндегі мақалаларында әзіл-оспақ дискурсындағы ұлттық таптаурындарды, қазақ, орыс, араб, ағылшын, француз тілдеріндегі әзілдердің қолданылу ерекшеліктерін сипаттаумен қатар, әзіл-оспақ дискурсын лингвокогнитивті қырынан талдаған. Сондай-ақ ғалымдар: С.С. Исакова мен ғалым Н.К. Култанбаева, Г.Г. Ермекбаева «Әзіл-оспақ дискурсы: зерттелуі, анықтамасы, жіктелуі және оған тән белгілер» (2024) мақаласында «Әзіл-оспақ дискурсы күлкі тудыру үшін айтылатын мәтін, тілді мәдениет арқылы зерттеу ұлттың өзіндік ерекшелігін анықтауға мүмкіндік береді. Тіл-мәдениетті жасаушы, дамытушы және сақтаушы, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші құрал» деп көрсетеді [51, б. 143]. Г.Н. Смағұлова, Г.А. Әмірханова (2016) қазақ әзілдерін тақырыптарға жіктеу арқылы олардың өзіндік ерекшеліктерін анықтаса [90], А. Әмірақынова қазақ әзілдерінің этномәдени ерекшеліктерін, әзілде қолданыс тапқан мақал-мәтелдер, фразеологиялық тіркестер, жұмбақтар қазақ этносының көп ғасырлар бойы таным-тәжірибесінің нәтижесі екендігін ұлт болмысымен сабақтастықта зерделеп береді [91, б. 216]. Э.М. Ханкишиева «Комическая картина мира в газетном дискурсе» (2010) атты зерттеу еңбегінде газет дискурсында комизмнің көңіл көтеру құралы ғана емес, сонымен қатар қоғамдық пікір қалыптастырушы, бағалаушылық және прагматикалық қызмет атқарады деп тұжырымдайды [92]. Ал зерттеуші В.И. Жумагулова «Сатира и юмор в прессе Казахстана» атты еңбегінде Қазақстан баспасөзіндегі сатира мен әзіл-оспақтың қалыптасу және даму

ерекшеліктерін, публицистикадағы қызметін, қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді көтерудегі ролін талдайды [48].

Бұл зерттеулер әзіл-оспақ дискурсының дискурстың өзіндік сипатқа ие бір жанры екендігіне дәлел бола алады. Келесі кестеде әзіл-оспақ дискурсына арналған қазақ тіліндегі көлемді ғылыми еңбектерді хронологиялық реттілікпен беріп отырмыз.

Кесте 3 – Қазақ тіліндегі әзіл-оспақ тақырыбын қамтитын көлемді ғылыми еңбектер тізімі

№	Авторлар	Еңбектің атауы	Шыққан жылы
1	Тілеужанов М.	Астарлы әзіл.	– Алматы: Жазушы, 1978. – 116 б.
2	Қожакеев Т.	Сатира – күштілер қаруы.	Монография. – Алматы: Жазушы, 1985. – 285 б.
3	Қожакеев Т.	Сатира негіздері.	– Алматы: Санат, 1996. – 464 б.
4	Мусаев А.	Қазақ прозасындағы сатира мен юмор поэтикасы.	Диссертация. – Алматы, 1999. –281 б.
5	Рахимова А.О.	Оспанхан Әубәкіров сатирасының тілі.	Диссертация. – Алматы, 1999. –140 б.
6	Жумагулова В. И.	Сатира и юмор в русскоязычной прессе Казахстана: лингвистический аспект.	Диссертация. – Алматы, 2001. –243 с.
7	Ибраева К.И.	Сықақ жанрындағы қолданылатын тілдік амал-тәсілдер.	Диссертация. – Астана, 2010. –125 б.
8	Ханкишиева Э.М.	Комическая картина мира в газетном дискурсе	Диссертация. – Алматы, 2010. –124 с.
9	Мәуленова Б.М.	Қазақ сатирасының тілі (лингвистикалық сипаттама).	Диссертация. – Астана, 2006. –122 с.
10	Исакова С.С., Култанбаева Н.К.	Әзіл-оспақ дискурсындағы этникалық стереотиптер және күлкі категориясы: салғастырмалы аспектi	Монография. – Ақтөбе, 2025. –360 б.

3 - кестеден қазақ әзіл-оспағының зерттелу кезеңдерін көруге болады.
1970-1990 жылдар сатираның әдеби-теориялық негізі қаланды.
1990-2010 жылдары тілдік құралдары мен поэтикасы терең зерттелді.
2020-2025 жылдары дискурс, прагматика, этномәдени қырлары зерттеле бастады.

Тіл біліміндегі әзіл-оспақ дискурсының теориялық зерттеу мәселелері төмендегідей :

1. Әзіл-оспақтың нақты анықтамасын айқындау;
2. Теориялық біріздендіру мәселесі;
3. Дискурстық шарттылық мәселесі – әзіл-оспақтың прагматикалық, әлеуметтік-мәдени және коммуникативтік мәнмәтінге тәуелділігі;
4. Когнитивтік моделдеу мәселесі – әзіл-оспақты танудың және өңдеудің механизмдерін сипаттайтын модельдердің жеткіліксіз дамуы;
5. Әзіл-оспақтың лингвистикалық механизмдер мәселесі – тілдік құралдары (сөз ойыны, парадокс т.б.);
6. Рецепция және әсер мәселесі – әзіл-оспақты қабылдау, бағалау және оған берілетін эмоционалдық реакция механизмдерін зерттеу;
7. Мәдени және тілдік ерекшелік мәселесі – әртүрлі лингвомәдениеттердегі әзіл-оспақ стратегияларының әртүрлілігі.

Біздің жұмысымызда осы аталған теориялық мәселелердің мынадай аспектілері қарастырылып отыр: әзіл-оспақ дискурсының барлық түрлері мен қызметін қамтитын ортақ әмбебап анықтамасы болмаса да оның қазіргі тіл біліміндегі қызметіне байланысты анықтамаларын біріздендіру. Әзіл-оспақ бірлігін талдаудың интегративті моделін ұсыну. Әзіл-оспақты қабылдау, бағалау оған беретін эмоционалдық реакция механизмдерін зерттеуде ұсынылатын әзіл-оспақ дискурсын зерттеудің әдіснамасын беру.

Зерттеу жұмысымыздың бағытына орай әзіл-оспақ дискурсын лингвомәдени аспектіде зерттеген ғылыми-теориялық нәтижелерді талдауға тырысамыз.

Әзіл-оспақ дискурсын тіл мен мәдениеттің тоғысуы аясында зерделеуге арналған біздің «Әзіл-оспақ дискурсының лингвомәдени сипаты (қазақ және ағылшын материалдары негізінде)» мақаламызда мәдениетаралық түсіністікте және оны дамытуда әзіл-оспақтың орны ерекше екендігі көрсетіліп, екі лингвомәдениетте қолданыстағы әзіл-оспақтарды салыстыру арқылы ғылыми нәтижелер алынды [93, б. 228-243].

Лингвист ғалымдардың басым көпшілігі белгілі бір тілді толық игеру үшін ол тілдің грамматикасы мен лексикасы туралы білім алып қана қоймай, ол тілде сөйлесушілердің мәдениетімен етене танысу қажет деген пікірді қолдайды. И.В. Харченко лингвомәдениеттану тілде іске асырылатын мәдениет пен мәдени құндылықтар туралы білімдер жүйесі деп санайды [94, с. 3].

Әзіл-оспақ тіл жүйесінде маңызды орынға ие, себебі оның қызметі ақпаратты өңдеуді және түсіндіруді қамтамасыз ететін когнитивті үдерістерге сүйенеді. Тілдік құралдар көмегімен ол қоғамда қалыптасқан нормаларды және

мәдени идеялар жүйесін көрсетеді. Сондықтан әзіл-оспақ танымдық белсенділікті арттыратын фактор ретінде, сөйлеу мен мәдени деңгейдің көрсеткіші бола алады [95, с. 106-107].

Бүгінгі таңда көптеген мәдениеттердің ұлттық нышанындағы әзіл-оспақтары қарқынды зерттеліп келеді: Е.Е. Жук «Лингвокультурные особенности британского и американского юмора (на материале произведений П.Г. Вудхауза и О. Генри)» тақырыбындағы мақаласында ағылшындардың әзіл-оспақ саласын зерттеу арқылы мынадай нәтижеге келеді. «Әртүрлі мәдени салт-дәстүрлер этникалық әзіл-оспақ қалыптастыру мен дамытуға негіз болады» [96, с. 201-202].

Ғалым В.В. Красныхтың пікірінше лингвомәдениет тілде көрініс тапқан мәдениеттің сипатын ұсынады. Ол тілдік бірліктер мен үдерістер арқылы беріліп, тілдің көмегімен ұрпақтан ұрпаққа жалғасады [97, с. 10].

Ұлттардың ұлттық ерекшеліктерін айқындайтын нақыштар әзіл-оспақтарда айқын білінеді, тұтас бір ұлттың болмысындағы өзіндік айрықша реңк тудыруда әртүрлі комикалық түрлердің рөлдері басымдық танытады.

Әзіл-оспақтардың ұлттық ерекшеліктері адам қай ұлттың өкілі болып туылғанына ғана байланысты емес, оның өмір сүріп жатқан елдегі мәдени тұтастыққа, тұрғылықты жерінің географиясы мен тарихына да байланысты.

Сондай-ақ адамның туып өскен ортасы мен мәдени дәстүрлері де маңызды орын алады. Ұлттық тіл бұл етене таныс тіл болғандықтан ұлттық тілде айтылған әзіл-оспақта өзгеше жарқындық пен айқындылық болады.

Зерттеушілердің басым көпшілігі әзіл сезімі тұтас бір ұлттың мінез-құлқын бейнелейтін тұсы, осы қасиетке қарап, сол ұлт өкілі екендігін ұқтыратын сипаты деп анықтайды [98, с. 172-173].

Жоғарыда атап кеткеніміздей, әзіл-оспақ – белгілі бір халық өмірі мен мәдениетінің, тілінің бейнесі. Тілші ғалымдар әзіл-оспақты қарым-қатынас жасау кезіндегі адамдарға ерекше әсер қалдыратын коммуникация түрі дейді. Демек әзіл-оспақ белгілі бір халықтың менталитеті, дүниетанымына коммуникациялық әдебіне қарай қалыптасатын бірегей этномәдени құбылыс. Әзіл-оспақ пен сөз ойыны т.б. тілдік құралдарды түсіну жақсы қарым-қатынас кепілі [99, с. 10].

Әзіл-оспақ адамзат өмірінің көптеген салаларын қамтиды, бір жағынан, әзіл-оспақ – қоғам қызметі мен ағымындағы ажырамас жаһандық, жалпыадамзаттық, әмбебап құбылыс, ал екінші жағынан, ол – өзіндік ерекшеліктері бар терең ұлттық құбылыс. Заманауи ғылыми білім саласында қандай да бір нақты лингвомәдениеттердегі әзіл-оспақтың ерекшеліктері мен олардың тілдегі көрініс табуы зерттеушілердің қызығушылығын тудырып отыр.

Ғалым А.Н. Лук әзіл-оспақтың ұлттық ерекшеліктерін айта келіп, халықтың тарихи тәжірибесі ұлттық әзіл-оспақта көрініс табатынын айтады. Ол «әзіл-оспақтың ұлттық ерекшеліктері ұлттық мінез-құлықтың құрамдас бөлігі ретінде этнопсихолгтардың назарына ілінуі тиіс» дейді [100, с. 50]. Әр түрлі тілдік қауымдастықтардағы әзіл - оспақты зерттеу кезінде біз белгілі бір тілде

сөйлейтін адамдардың қарым-қатынасының жалпы және айрықша ерекшеліктерін бөліп көрсетуге және белгілі бір қоғам құндылықтарының этномәдени жүйесін бөлуге мүмкіндік аламыз. Әзіл-оспақ ана тілінде сөйлейтіндердің когнитивті-лингвистикалық сәйкестігінің көптеген таңбалау элементтерін, тіл мәдениеті мен әлеуметтік лингвистиканың қалыптасуын, таңдалған матрицаның қалыптасуын және «ағылшын әзілі», «француз әзілі», «итальян әзілі», «қазақы қалжың» т.б. қалыптастыратын ұлттық когнитивті-сөйлеу үлгілерінің құрылымын қамтитын ең жақын сипаттамалардың бірі. Әзіл-оспақ – кез келген қоғамда сәйкестендірудің, көңіл-күйді білдірудің, адамдар арасындағы қарым-қатынасты дамытудың бір жолы. Ғалым В.И. Карасик: Әзіл-оспақты мәдениет элементі ретінде зерттеу өзіңнің де, өзгенің де мәдениетін, өзіңнің және өзгенің бейнелеріндегі айырмашылықтарды түсіндіре отырып, ұғынуға мүмкіндік береді, - дегенді айтады [26, с. 436, 441].

Л.П. Иванова «Лингвокультурологические аспекты комического (к постановке проблемы)» мақаласында әзіл-оспақты лингвомәдениеттің нысаны ретінде қарастырады. Бірақ автор «бұл мәселе заманауи антропоцентристік парадигма ағымы аясында шешілуі тиіс болса да, әлі де қажетті деңгейде анықталмағандығын» айта отырып [101, с. 561], ойын былай өрбітеді: «...комикалық көбіне ұлттық ерекшеліктерге ие, комикалық жағдайды бақылап, ол туралы айтуға болады. Егер жағдайды күлкілі деп қабылдайтын болсақ, ол автордың қандай да бір мәдениетке жататындығымен түсіндіріледі, мәдениеттану саласына жатады, ал күлкілі жағдайды айту бұл лингвомәдениеттануға жатады, себебі тіл өздігінен мәдени ақпаратты жеткізуші болып табылады» [101, с. 562].

Ю.В. Фернандес Санчес ұлттық ерекшелік туралы «әр халықтың ұлттық ерекшелігінің құпиясы оның киімі мен асханасында емес, оның заттарды түсіну мәнеріне байланысты» деген атақты сыншы В.Г. Белинскийдің сөзін келтіре отырып, өз ойын былай жалғайды: «Бұл «мәнер» қандай да бір лингвомәдениетке жататын әзіл-оспақта айқын көрініс табады». Сондай-ақ, атақты италяндық әдебиетші, лингвист Умберто Эконың әзіл-оспаққа қатысты ойын былай түйіндейді: «трагедия мен драмаға жалпыадамзаттық мағына тән, ал әзіл туралы біз олай айта алмаймыз» [102, с. 25].

Ұлттық мәдени үлгі таңбалар, ұлттық дәстүрлер мен ұлттық таптаурындарда көрініс табатын нысандар мен заттардың алғашқы атауларының мағыналары арқылы өзектендіріледі. Әлемнің ұлттық тілдік үлгісі атаулардың, сөздердің алғашқы мағыналарын, ішкі формаларын талдау нәтижесінде алынған екінші мағынасы арқылы ауызша айтылады. Әлемнің ұлттық тілдік бейнесін ұлттың тілдік санасын сипаттайтын тұрақты лингвосомиотикалық құбылысқа жатқызу қарастырылуда.

Әзіл-оспақтың тілдік бейнесі әртүрлі ұлттың менталитетіндегі, халқының ойлау ерекшеліктеріндегі қандай да бір өмірлік құбылыстарға көзқарастарын білдіреді. Әзіл-оспақтың тарихи өзгерістері әзіл-оспақтың ұлттық

ерекшеліктерінде көрінеді. Қандай да бір ұлттың әзіл-оспақтағы ерекшелігін байқау оңай, бірақ оған дәл сипаттама беру оңай емес [103, с. 6].

«Ұлттық әзіл-оспақтың тілдік үлгісі» немесе «әзіл-оспақтың тілдік бейнесі» түсініктерін лингвомәдени аппаратқа енгізуді ұсынады: себебі осы түсініктер арқылы шындықтың өзектендірілуі мақсатқа сай түсініледі, тілдік құралдармен (метафора, теңеу, гипербола т.б.) әртүрлі ұлттардың ұлттық-мәдени ерекшеліктері беріледі. «Әрбір ұлт уақыт өте келе өмірлік-тарихи тәжірибесі негізінде туындаған өзінің бірегей әзіл-оспақ үлгісін иеленеді» деген пікір айтады ғалым И.В. Вержинская [95].

Әзіл-оспақ – барлық мәдениеттің бөлшегі, бірақ әрбір мәдениеттің өзіндік құндылықтар жүйесі бар екенін естен шығармау керек, сол үшін шетелдік әзілді түсіну кейде қиынға соғады. Барлық өзіне таныс нысанға кез келген ұлт күледі. Сондықтан шетел әзіл-оспағын түсіну – шешуші мәселе, бұл дегеніміз – өзге ұлттың дүниетанымы мен әлемді қабылдаудағы білімдерін жетік білу. Бір ұлтқа күлкілі болған нәрсе екінші ұлтқа түсініксіз немесе мүлде ренжітетіндей болуы мүмкін [95]. Ең алдымен, өз халқының әзіл-оспағын түсіну қабілеті – ұлттық бірегейліктің кілті; басқа ұлттардың әзіл-оспағын түсіну толеранттықты қалыптастырады [104]. Мысалы, отбасы туралы әзіл Италия мәдениетінің өкілін ренжітуі мүмкін, себебі отбасы – олар үшін негізгі құндылықтардың бірі. Ағылшындықтар егер сіз королдік отбасы мен ағылшын мәнерлерін күлкіге айналдыратын болсаңыз, түсінбей қарайды. Әзіл-оспақ тек түсініліп қана қоймай, сонымен бірге жақсы қабылданатын болса, шетелдік үшін «өз адамына айналасың» [104].

«Шотландықтардың ақымақтығы, француздардың сыпайылығы, ирландықтардың кемшіліктері т.б. туралы этникалық әзілдер көп. Әзілдердің көп бөлігінде әлеуметтік топтарды, әсіресе этникалық топтарды (мысалы, қара нәсілділер мен еврейлер), ұлттарды (мысалы, ирландықтар мен поляктар) күлкі етеді. Мұндағы күлкі «басқадан басымдық» негізінде көрінеді, күлкі етіп тұрған топтың ақымақтық тәрізді қандай да бір кемшілігі бар дегенді меңзейді. Мұндай әзілдер ақымақтық, сараңдық тәрізді таптаурындарға байланысты, осы сапалардың асыра сілтеуінен пайда болады [105, б. 82].

Ғалым В.И. Карасик: «Әзіл-оспақтың ұлттық ерекше сипаттамасы халықтың өзін-өзі ұстауындағы мәдени доминанттарымен байланысты»-дейді. Зерттеуші әзіл-оспақты мәдени тұжырымдар санатына жатқызады: «Әзіл-оспақ мәдени тұжырымдама ретінде құндылық сипаттамаларына ие, негізгі өмірлік бағдарлармен байланысты» [26, б. 156].

Әзіл-оспақ дискурсы, ең алдымен, дауға айналмауы тиіс, ойынды жеткізудегі еркіндік әдептен аспағаны дұрыс. Әзіл-оспақ дискурсын реттейтін ережелер жағдайлық мәнге ие болуы да мүмкін: нағыз даулы жағдайларда (соғыс, сайлаулар, ұрыс) дұшпан жағын күлкі ету басымдықты танытудың белгісі болып табылады [106, с. 5-20].

Ғалым Н.Н. Поддубная әзіл-оспақ шындықты сипаттаудың ерекше түрі, ондағы берілген ұлттық дүниетаным мәдениетаралық коммуникацияда

қиындықтар тудырады. Бұл жерде әзіл-оспақтың астыртын қызметі аңғарылады, түсінісу үшін ақпараттың аздығы толыққанды қарым-қатынас жасау мүмкіндігін азайтады. Коммуникацияға түсушілер арасындағы осындай қиындықтар *өзіміздің* немесе *өзгенің* деп бөлетін шекараның пайда болуына ықпал етеді [107, с. 10]. Мысалы, ағылшын ұлт өкілдері арасындағы күлкілі деп бағаланған құбылыс өзгеше француз ұлт өкілі үшін күлкілі емес болуы немесе керісінше, французға күлкілі деп табылған нәрсе қазаққа мүлде күлкілі емес болуы мүмкін.

Мәдениетаралық кеңістікте әзіл-оспақты түсінбеу мынадай факторлармен байланысты болуы мүмкін: әртүрлі мәдениет иелерінің негізгі құндылықтарының әртүрлі болуы, өз лингвомәдениетінде мұндай шындықтың болмауы, қоршаған орта туралы негізгі білімдердің аз болуы.

Қандай да бір мәдениеттің әзіл-оспағына ұлттың лингвомәдени өзіндік ерекшеліктері үлкен әсерін тигізеді, сондықтан әрбір елдің әзіл-оспағы тек барлық халыққа ортақ әмбебап ерекшеліктерімен емес, сонымен қатар ұлттық ерекшеліктерімен сипатталады.

Әзіл-оспақтың ұлттық ерекшеліктері тілде белгілі бір ұлттың өзіндік лингвомәдени комикалық кодымен белгіленген тілдік құралдар арқылы кодталады.

Әрбір ұлттың әзіл-оспағы табиғатынан дербес, ол кез келген елдің мәдениеті мен тілінің дамуымен тығыз байланыста, ал әзіл-оспақты түсіну ұлттық өзіндік сәйкестікке байланысты.

Әзіл-оспақ дискурсындағы күлкілі мазмұнға қол жеткізудің лингвомәдени және әлеуметтік-мәдени құралдары байқалады, сондай-ақ әлеуметтік-мәдени мәнмәтіннің тиісті әсерлерімен, ұлттық мәдениеттің ерекшеліктерімен анықталады, осылайша әзіл-оспақ қойылымдарында күлкілі және сатиралық түрде ұсынылған осы қоғамның әлеуметтік шындығы қалыптасады және дамиды [108, с. 180].

Әзіл-оспақтың ұлттық-арнайы ерекшелігін айтқанда «таптаурын» терминін айналып өтуге болмайды, ұлттар туралы әзілдердің басым көпшілігі таптаурындарға негізделген. Ұлттық таптаурындар әлеуметтік таптаурынның жүзеге асуының жиі болатын көрінісі ретінде, қоғамдағы адамдардың өзін-өзі ұстауын ретке келтіре отырып, әлемге қарым-қатынасын қалыптастыруға ықпал етеді. Ұлттық және этникалық таптаурындарды салыстырмалы түрде белгілі бір халықтың этномәдени жүйесі туралы эмоциялық негізде баға беру деп анықтауға болады. Оның құрамына сол этносты сипаттайтын рухани сапалар мен моральдық-физикалық қасиеттер де енеді [109, с. 28, 71].

Лингвист ғалым В.А. Маслованың пікірінше, «таптаурынға менталды бейнемен қатар оның вербалды қабаты да жатады» [110, с. 110]. «Лингвокультурология» кітабында В.А. Маслова таптаурын белгілі бір мәдениеттің негізгі құрамдас бөлігін сақтап қалуға көмектесетін бірқатар тұрақтандырушы фактор екендігін жазады [110, с. 149]. В.А. Маслованың жұмысында таптаурындар әрқашан ұлттық деп бекітіледі. Әртүрлі мәдениеттердегі бірдей болып көрінетін таптаурындардың жалпыға ортақ

белгілері болғанымен, олар қағидалық айырым белгілері мен ерекшеліктері арқылы ажыратылады [110, с. 171-173].

Этникалық таптаурындарды ғалым Г.Т. Тавадов авто және гетеро деп екіге бөлген. Автор этникалық топтардың өздері туралы ойлары мен пайымдарын автотаптаурын дейді. Мұндай таптаурындар сол ұлт өкілдері үшін жағымды нышанда болады. Олардың ішінде ойдан құрастырылғандары да кездесуі ықтимал. Әр халықтың дамуындағы тарихи өзара коммуникацияның қаншалықты сәтті құрылғанына байланысты [111, с. 241].

Адамның қоршаған орта шындығын қабылдауы мен осы ортадағы өз орнын сезінуі әлемнің тілдік бейнесімен тығыз байланыста. Адам өмір сүретін әлем және оны қоршаған орта үздіксіз қарым-қатынаста сондықтан әлемнің тілдік бейнесі адамның өзі мен оны қоршаған ортасы туралы түсінігін қайта мағыналау нәтижесінде пайда болады. Әлемнің тілдік бейнесі күрделі өсу үстіндегі өмірлік тәжірибе мен мәдени-әлеуметтік жағдайлар әсерінен үздіксіз өзгеріс үстінде болатын адам мен оны қоршаған әлем туралы ақпарат. Сонымен қатар, әлемнің тілдік бейнесі бір мәдениет өкілдеріне ортақ түсініктерді біріктіреді, сол арқылы өзара түсінік пен жақсы қарым-қатынас орнайды. Әлемнің тілдік бейнесінде тілдік құралдардың қолданылуындағы ерекшеліктер мен олардың эмоционалды-экспрессивті реңктері, басқа да шартты сипаттамалары көрініс береді [112, б. 52].

Ғалым Ю.Д. Апресян әлемнің тілдік бейнесінің мазмұны мен тілдік ерекшеліктерін төмендегідей анықтайды: табиғи тіл әлемді қабылдау мен санаға сіңірудің нақты жолын көрсетеді, тілдік мағына көзқарастардың бірегей жүйесіне біріктіріледі, бұл жүйе тілді қолданушылардың барлығына міндетті болып табылады. Тілдік тұжырымдалудың тәсілдері әмбебап және олардың өзіндік ұлттық нышаны бар, сондықтан әрбір тілдің өкілдері әлемді өздерінің тілдері арқылы танып, қабылдайды. Әлемнің тілдік бейнесі ғылыми тілдік бейненің қарапайым немесе ерекшелейтін қыры болуы мүмкін, бірақ әлемнің тілдік бейнесі тым қарапайым деуге болмайды. Мысалы, адамның ішкі дүниесінің тілдік тұжырымы жүзжылдықтар бойы өмір сүрген ондаған ұрпақтардың тәжірибелеріндегі нәтиже. Әлемнің тілдік бейнесінің жаңғыруы қазіргі тіл білімінің семантикалық бағытының маңызды мәселелерінің бірі, нақты бір мәдениетте негізгі тұжырымдар, әлем жайындағы біртұтас түсініктер туралы тұжырымдар қайта жаңғыруда [113, с. 37-42].

Әлемнің тілдік бейнесі мәдениет иегерлерінің ұжымдық тәжірибесі негізінде қалыптасатындығына және олардың дүниетанымын көрсететініне қарамастан оның қалыптасу үдерісі толығымен объективті деп айта алмаймыз. Адам қоршаған ортадағы шындықты қабылдап қана қоймайды, оны шығармашылық тұрғыдан қайта мағыналайды, сондықтан әлемнің тілдік бейнесі жалпы мәдени түсінікпен қатар, субъективті қабылдау элементтерімен де байланысты болып келеді. Мәдениеттердің бір-бірінен өзгеше және ұқсас тұстары болады.

Ортақ ұқсастықтары болатындығына қарамастан, әрбір мәдениеттің өзіндік мағынасы жағынан ерекшелейтін қасиеттері болады. Мәдениеттердің арасындағы дербес қасиеттер кездейсоқ пайда болмайды олар өзара байланысты кешенді факторлардың әсерінен пайда болады. Мұндай факторларға тұрғылықты жердің географиялық өзіндік сипаты мен тарихын, олардың мәдени құндылықтар мен әлемді қабылдаудағы өзіндік әсерлерін жатқыза аламыз. Лингвомәдени талдауда қандай да бір мәдениеттің әлемді эмоционалды қабылдауын аша түсетін психологиялық құбылыстар маңызды орын алады. Осындай құбылыстардың қатарына әзіл-оспақты жатқыза аламыз.

Әлемнің семантикалық бейнесі мен семантикалық ықшамдалуы түсініктерін ажырата білу қажет. Әлемнің семантикалық бейнесі шынайы құбылыстар мен нысандарды жіктеп, атауымызбен байланысты. Мысалы, бет, мойын, иық. Ал семантикалық ықшамдау осы құбылыстар мен нысандардың субъективті қабылдануын, оларды бағалау сипатын білдіреді. Мысалы бет бұл адам денесінің бір бөлшегі ретінде емес, ол келбет немесе кескін тәрізді қосымша мағыналық реңк беретін бейнелермен байланысты болуы мүмкін.

Әзіл-оспақты қоршаған әлемді қабылдаудың интерпретациясы ретінде қарастырылады. Ғалым А.В. Карасик өзінің «Лингвокультурные характеристики английского юмора» атты диссертациялық жұмысында қоршаған ортаның шындығы тіл арқылы қалай ықшамдалатынын әлемнің тілдік бейнесінің мәселесі деп анықтайды. Мұндай түсіністіктің екі полярлық амалын атап көрсетеді. Оның алғашқы тәсіліне сай тілдердің семантикалық жүйелерінде айтарлықтай өзгешеліктер кездеспейді. Автор оны әлемнің тілдік бейнесінің түсінігі логикалық қағидалар мен категорияларға бағытталғандығымен түсіндіреді.

Төменде осы көзқарасты жақтаушылардың дәйектері:

1. Әлемді тіл шынайы суреттейді;
2. Адамзат ортақ болмыс кеңістігінде тіршілік етуде;
3. Алуан тілді халықтардың мәдениетінде атаулардың кей белгілері маңызсыз сипатқа ие. Мысалы: snow-drop – тамшы тәрізді гүл, күнбағыс гүлдің күнге бағытын бұрып өсуі бұл біздің тануымыздың мәні, гүл бұдан өзгермейді;
4. Тіл мен мәдениеттердің әртүрлілігіне қарамастан аударма кезінде мәліметтің дәл жеткізілуі;
5. Әлемнің тілдік бейнесі негізі логикалық категориялардан құралуы.

Екінші бір көзқарасты қолдаушылар тілдің семантикалық жүйелеріндегі өзгешелік абсолютті деп мәлімдейді. Осы бағыттың белгілі өкілі Бенджамин Уорф «уақыт», «материя» ұғымдары қолданылатын тілдің табиғатына байланысты қалыптасады. Олар тілдің грамматикалық құрылымындағы дербес жүйеден гөрі, қабылдауды талдау мен белгілеудің тілде «сөйлеу мәнері» ретінде бекітілген тәсілдеріне тәуелді. Осы тәріздес мәнер тілдің құрылымдағы сәйкес емес құралдарды лексика, морфология т.б. қырларын тоғыстыруы ықтимал. Аталған тәсілді қолдаушылар жоғарыда атап кеткен ережелерге қарама-қарсы дәлелдер ұсынады:

1. Тіл әлемді субъективті түрде бейнелейді;
2. Әртүрлі халық әртүрлі болмыс кеңістігінде біртұтас адамзат кеңістігін құрмай өмір сүреді;
3. Әртүрлі тілде сөйлейтін халықтардың мәдениетіндегі өзгешеліктерде маңызды сипат бар және олар кездейсоқ емес;
4. Аударма тәжірибесі көрсеткендей, тілдер мен мәдениеттер арасындағы айырмашылықтарға байланысты ақпараттар дұрыс берілмейді.
5. Әлемнің тілдік бейнесінің көрінісіндегі негіз логикалық категориялардан емес, әлемнің тіл арқылы меңгерілу категорияларынан құралады.

Ғалым В.И. Карасик: «Шындық бұл көзқарастардың ортасында. Тіл әлемді бейнелемейді, бірақ оны түсіндіреді. Бұл шындықтың адамдық көрінісінің ерекшелігі туралы – оның интерпретациялық табиғаты мен дүниенің тілдік бейнесін қалыптастырушы қызметінде. Адамның рефлексиясы шығармашылық сипатта болады» дей келе, ойын А.Г. Спиркиннің пікірімен жалғайды: «Бұл қоршаған ортаның адамға әсерін ғана болжап қоймайды, сонымен қатар өзінің жеке белсенділігімен байланысты. Адам тек шындықты қабылдаумен шектелмей, шығармашылық тұрғыдан құбылыстар мен нысандардың белгілеріне қарай қайта мағыналандырады. Нәтижесінде сезімдік қабылдау абстрактілі ойлауға айналып, түсініктердің қалыптасуы мен қолданылуына негізделеді. Адамдардың шығармашылық белсенділігі ойлау мен шындықты тану әрекеттеріндегі зияткерлік ізденістерінен көрініс табады. Ол теориялық ережелер мен жаңа мақсаттардағы болжамдарды айту мен тексеруде анықталады [114, с. 88-90]. Осылайша тілде адамның шығармашылық қызметінің нәтижесі болып табылатын шындықтың интерпретациясы объективті де, субъективті де әлемнің бейнесін қалыптастырады.

Мәдениеттер арасындағы кездейсоқ және заңдылықты айырмашылықтар диалектік сипатқа ие. Мәдениетаралық ерекшеліктер әрбір халықтың тарихи дамуына байланысты кездейсоқ қалыптасады. Ғалым Г.Д. Гачев атап өткендей, әрбір ұлттық мәдениеттің құрамы оның ғасырлар бойы қалыптасқан құрамымен шарттаса отырып, әртүрлі элементтерімен толықтырып отырады [115, с. 14-21].

Бұл мәдениетаралық сәйкессіздік мәселесі жаңа лингвомәдениеттану саласының негізгі мәселесі болып отыр. Бұл ғылымның зерттеу нысанын санамалайтын болсақ: алғашқы кезекте белгілі бір мәдениетке ғана тән құбылыс немесе заттар, мысалы, қазақтарда камшы, самаурын; ағылшындарда pubs, darts, ale, double-deckers; келесі кезекте нақты бір халықтың өзіне тән ерекшелігі, мысалы, қазақтардың қонақжайлығы, кең пейілдігі, ағылшындардың дәстүрді құрметтеуі мен сыпайылығы; сонан соң, сол халыққа тән аңыздар мен фольклорлық және мифологиялық туындылар, мысалы, қазақтарда Толағай батыр, желаяқ т.б. ағылшындарда Robin Hood; келесі, қандай да бір халықтың мәдени жадында сақталған прецеденттік мәтіндер, мысалы, кең танылып кеткен атақты адамдардың сөздері, шығармалар т.б.; ең соңғы кезекте, бұл ұлттық рәміздер, яғни белгілі бір этностың өкілдері өздерін байланыстыратын бейнелер

(қазақтарда - бәйтерек, қыран бүркіт, пырақ т.б., ағылшындарда - oak tree, the Tower of London, English rose). Бұл топқа адамдардың жалқы есімін, тұрғылықты жерлер мен географиялық атауларды, мерзімді баспасөз атауларын т.б. жатқызуға болады. Біздің ойымызша, лингвомәдениеттануда «теріс сала» да бар: бұл бір мәдениетте бейтарап деп саналатын, ал екіншісінде тыйым салынған сөздер, ым-ишаралар, әңгіме тақырыптары (мысалы, ағылшын тілді әлемнің өкілдеріне бетіне қарап отырып, қанша табатыны туралы сұрақ қойғанда, өздерін ыңғайсыз сезінеді). Бұл жерде айырмашылық этникалық емес, мәдени және әлеуметтік сипатта болады. Ғалым В.А. Маслова тілдің фразеологиялық қорында айқын көрінетін мифтерді зерттеуді лингвомәдениеттанудың негізгі міндеті деп санайды, мысалы, шынайы өмірде кездеспейтін нәрсені айту: ағылшындарда «When pigs fly» (шошқалар ұшқанда), қазақтарда «қой үстіне бозторғай жұмыртқалағанда» [116, с. 51].

Тілдің лингвомәдени талдауы тілдік бірліктердің үш түрін ажыратуға мүмкіндік береді: салыстырылатын тілдердегі сөздер мен өрнектердің мағынасы тең болатын (мысалы, медициналық терминдер), салыстырылатын тілдерде сөздер мен өрнектер мағынасы әртүрлі (мысалы, тұрақты тіркестер) және салыстырылатын тілдерде сөздер мен өрнектер ара тұра сәйкес келетін болса (мысалы, көпмағыналы сөздер негізгі мағынасы түсінікті болғанымен ауыспалы мағынасы сай емес). Тілдерде қолданылатын коннотациялардың ішінде сәйкес еместері кездеседі, мысалы: *шошқа* деген сөз қазақ тілді ортада лас, харам адамдарға қатысты айтылса, ағылшын тілді ортада оны қомағайлығы басымдарға және полиция болып қызмет ететін адамдарға айтылады. Мұндай ұқсастықтар екі мәдениетті салыстыру кезінде ұшырасатын болса, бұл әзілдің лингвомәдени қыры жалпыадамзаттық қасиетке ие екендігін нақтылай түседі.

Белгілі бір қауымдастықта айтылатын әзіл-оспақтардың ішінде ұлттық-мәдени өзгешеліктерді санамалап жинақтайтын болсақ, оларды этномәдени әзіл-оспақтар қатарына жатқыза аламыз. Мұндай қауымдастыққа әлеуметтік ерекшелігі жағынан топтасқан орталар да жатады. Мысалы, қандай да бір тілде сөйлейтін сарбаздардың әзілі ақсүйектер мен балалар телебағдарламаларында кездесетін әзілдерден айрықша ерекшеленеді.

Әлемнің тілдік бейнесі ұғымы лингвомәдениеттану саласындағы маңыздылығы ерекше ұғымдар қатарында. Нақты бір тілде қарым-қатынас құратын халықтың тәжірибесін көрсететін семантикада көрініс тапқан бейнелерден тұратын жүйе. Тілдің көмегімен халықтың тарихы әлеуеті сол халық өкілдерінің тұрмыстық өміріне және сана-сезіміне әсерін тигізеді. Әлемді тіл арқылы тануда айрықша рөлге ие.

Ағымдағы тараушада қарастырылған зерттеушілердің ізденістерін қорытындылайтын болсақ прагмалингвистикада өзара коммуникация жасаушылар ақпаратпен бөлісіп қана қоймай түрлі тәсілдерді қолдану нәтижесіндегі әзіл-оспақ дискурсын қарым-қатынас жасаудың өзгеше түрі ретінде анықтайды. Ол жазбаша да ауызша да жүзеге аса береді. Мұндай дискурстың негізі комикалық қарым-қатынастың бір түрі әзіл-оспақ болып

табылады. Сондай-ақ әзіл-оспақ дискурсының басқа дискурстардан ерекшелейтін өзінің қызмет жасау деңгейін анықтайтын тұстары бар.

Әзіл-оспақ дискурсы байсалды әңгімеден тайсалу, коммуникацияға түсушілер арасындағы алшақтықты қысқарту, маңызды түсініктерді сыни тұрғыдан қайта мағыналау сипаттарына ие, күлкі қарым-қатынасы жағдайындағы мәтін ретінде анықтауға болады. Әзіл-оспақты лингвомәдени қырынан зерттеу - әртүрлі ұлт өкілдерінің құндылық бағдарларын, мәдени кодтарын, дүниетанымын күлкілі мазмұнда беретін коммуникативті өзара әрекеттесудің ерекше түрі ретінде анықтауға болады. Әзіл-оспақ дискурсы тек ойын-қалжың қызметінде ғана жұмсалмайды, сонымен қатар ұлттық менталитетті бейнелеу тәсілі, әлеуметтік-мәдени нормаларды бекіту және тарату тетігі ретінде де қызмет атқарады. Сондықтан, әзіл-оспақ дискурсын мәдени және тілдік құбылыс ретінде қарастыра аламыз.

1.3. Қазақ тіліндегі қалжың ұғымы мен ағылшын тіліндегі wit ұғымдарының семантикалық ерекшеліктері, қолданысы

Зерттеуіміздің бұл бөлімі қазақ және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі қалжыңды (wit) лингвистикалық қырынан зерттеуге, оның әмбебап және ұлттық ерекшеліктерін анықтауға бағытталған.

Әзіл-оспақ түрлерінің құрамы өсіп, әзіл-оспақ дискурсында күлкілі әсер жасаудың тілдік тәсілдерінің жүйесі даму үстінде, соған орай қазақ тіліндегі қалжың ағылшын тіліндегі wit ұғымдарына талдау жасаудан бұрын әзіл-оспақ дискурсының негізгі заманауи түрлеріне қысқаша тоқталып өту қажеттілігі туындайды.

Әзіл-оспақ дискурсының ең көп таралған және жиі қолданылатын түрі бұл – күлдіргі әңгімелер. Күлдіргі әңгімелер (анекдот) – әзіл-оспақ пен комедияның типтік формасы, ішінде дискурстың басқа да түрлерін табуға болатын дискурстың сығылған түрі. Күлдіргі әңгіме қолданылу аясымен шектеулі, қайталау арқылы немесе семантикалық құрылымындағы кездейсоқтық арқылы комикалық әсер тудырады. Күлдіргі әңгіме шынайы сөйлесу арқылы қарым-қатынас жасау кезінде қолданылатын болғандықтан «жалпы қолданыстағы ауызша және жазбаша стандартты нормалардан ауытқу байқалады» [117, б. 99].

Әзіл-оспақ дискурсының тағы бір түрі – сатира. Сатира (лат. satira) өзі суреттеп отырған оқиғаны, құбылысты немесе кейіпкерді өткір сынға алып, әжуаға айналдыратын көркемдік бейнелеу тәсілі. Сатираның мысал, эпиграмма, памфлет, фельетон, пародия, шарж, карикатура, сықақ, өлең сияқты түрлері бар. Драматургияда сатира комедиядан көрінсе, көркем прозада сатиралық әңгіме, повесть, романдар жазылады. Сатиралық шығармаларда әсірелеу (гротеск), тұспалдау (аллегория), әзіл-оспақ (достық рәуіштегі күлкі), ирония (жеңіл әжуа), сарказм (ащы мысқыл, кекесін), т.б. бейнелеу тәсілдері кеңінен қолданылады. Қазақ сатирасы халық ауыз әдебиетінен бастау алады [118].

«Әдебиет энциклопедиясы сөздігінде» сатираға «комикалықтың түрі, көркем шығармадағы нысанды әшкерелеуші өткір сын, зілді кекесін» деген

анықтама берілсе [119], сатираны бірнеше дәуірге бөліп, жан-жақты зерттеген қазақ ғалымы Т. Қожекеев: «Сатирада автор сөз ететін болмыс-құбылысты, сыналатын деректі әсірелейді, үлкейтеді, деформациялайды. Фактінің астын сызып, жұрттың назарын соған баса аударады. Бұл ретте шарттылыққа, кездейсоқтыққа барып, сюжетті ерекшелендіре құрып, оқыс шешімдер жасайды» деген пікір білдіреді [120, б. 154].

Қазақ сатирасына лингвистикалық сипаттама беріп, оның тілін зерттеген ғалым Б.М. Мәуленова: «Сатира бас-аяғы қамтулы шағын жанр емес, оның нәрін бірер бет әңгімеден, бірер шумақ өлеңнен бастап том-том роман, поэма, пьесаға да сіңіруге болады. Қазақ сатириктерінің туындыларындағы кекесін, сықақ қарама-қарсы сөз мағыналарын пайдалану, көп мағыналы сөздерді ойнату, фразеологиялық тіркестердің компоненттерін, не тұтас өзін микромәтіндегі басқа сөздермен қайшылықта алу арқылы беріледі» [54, б.12] деген пікір айтқан.

Ирония – интонация, мәнмәтін арқылы айтылған бірдей сөздің оң және теріс бағасы арасында қолданылатын семантикалық механизм. Ирония сөздердің коммуникативтік мақсаты жалпы алғанда «адресаттың сенімін жою» болып беріледі. Теріс баға берудің жасырын сипаттамасы иронияны астарлы тілдік агрессия деп көрсетуге мүмкіндік береді. Диалогтік импликатура кезінде иронияға тән құралдар болмаған уақытта мәтін мен дискурстағы эстетикалық маркер ретінде қарастырады [121].

Стендап – XVIII-XIX ғасырда ағылшын мюзиклдарында жанр ретінде қалыптасқан әзіл-оспақ дискурсының заманауи түрі. Марк Твен мен Норман Уилкерсон Құрама Штаттарда стендаптың негізін салушылар болып табылады. АҚШ-та «әзіл-оспақ дәрістерімен» алғаш гастрольдік сапарға шыққандардың бірі – Марк Твен. Сахнаға шығып, ұзақ тапқыр күлдіргі әңгімелер айтқан. Тыңдармандарға керемет мәтіндер оқып, оны жеткізудің ерекше түрлерін де көрсете білген. Оның ауызша әңгімелері сол кез үшін инновация еді. Тыңдармандармен стандарттан өзгеше формада қарым-қатынас жасау олардың қызығушылығын тудырды.

Standup сөз тіркесі ағылшын тілінен сөзбе-сөз аударғанда «тұрған адамның әзіл-оспағы» мағынасына ие. Көп жағдайда сықақшы әзіл-оспақ тудыратын құралдармен күшейтілген дербес оқиғаны көрерменге ұсына отырып, монолог арқылы шығады.

ТМД елдері бұл әзіл-оспақ түрі туралы 2013 жылы «Твое Новое Телевидение» телеканалында алғаш рет көрсетілген «StandUp» әзіл-оспақ шоуы арқылы білді, бұл бағдарлама жас көрермендер арасында үлкен қызығушылыққа ие болды [122]. Бүгінде стендап Қазақстанда әзіл айтудың кеңінен таралған түрі болып табылады.

Ғаламтор коммуникациясындағы ерекше құбылыстардың бірі – әртүрлі формада (бейне, аудио, мәтіндік белгілер, полимодалды бірліктер) тез тарайтын ғаламтор-мем бірлігі [123]. Солардың ең көп таралғаны – қызықты вербалды және визуалды компоненттерден тұратын полимодалды ғаламтор мемдері [124].

Полимодалды форма ғаламтордағы мемдерді айқын, көрнекі, көзге түсетіндей ете алады. Ғаламтордағы мем әзіл-оспақ түріне ұқсас сипаттар – карикатура, күлдіргі әңгімелер мен әзілдерде кездеседі. Олай болса, ғаламтордағы мем карикатураға, яғни сықақ, әжуа, ашу, әзілге тән кекесін, күлдіргі әңгімелерге тән қысқа және абсурд қасиеттерге де ие [125].

Осылайша, әзіл-оспақтың заманауи түрлері қоғамдағы әлеуметтік байланыстар мен коммуникативтік үдерістерді көрсететін прагматикалық құбылыс екенін көруге болады. Оның ішінде күнделікті қарым-қатынаста жиі қолданылатын, адресант пен адресат арасындағы әлеуметтік жақындықты, ұлттық дүниетаным мен тілдік тұлға ерекшеліктерін айқындайтын әзіл-оспақтың маңызды түрі тапқырлыққа құрылған ойнақы сөз, ойын күлкі үшін айтылатын қалжың (wit) зерттеу нысанымызға алынды.

Қалжың/wit жұбы жұмысымыздың басты нысаны ретінде қарастырылғанымен, аталған сөздер бір-біріне толық балама бола алмайды. Ағылшын дәстүрінде wit қысқалыққа, интеллектуалдық дәлдікке және сөйлеу өткірлігіне ұмтылатын болса, ал қазақ коммуникативтік тәжірибесінде қалжың көбінесе тұлғааралық жағдайға, жақындық шеңберіне, мәртебелік икемділікке және күнделікті өзара сөз ауысумен байланысты болып келеді. Қалжың/wit бірліктерін практикалық бөлімде салғастырмалы зерттеу кезінде «ұлттық мінездерді» емес, формат, қарама-қайшылық түрі, ауысу механизмі, мақсаты, қажетті білім көлемі, басқа мәдениетке ауыспалылық тәрізді бірлік параметрлері салыстырылатындықтан бұл сөздердің мағыналары толық бір-біріне балама болмайтындығы кедергі келтірмейді [126]; [127].

Мәдениетаралық прагматикада бұл қос тәртіптілік маңызды: нормалар мен күтулердің бір бөлігі сөйлеушілердің мәдени жадынан келеді, ал бір бөлігі байланыс барысында құрастырылады [127], [128] . Осы себепті бірдей құрылымдық сызба екі тілде басқаша әрекет етуі мүмкін. Тұрмыстық тақырыптағы өзін-өзі ирониялау әзілдері, әдетте, мәдениеттер арасында оңай тасымалданады. Сондай-ақ, практикалық бөлімде берілген модельде мәтіндік механика фондық білімге тәуелділікпен ұштаспайды, аталмыш бөлімде қалжыңдарды корпустық талдау үшін бұл өте маңызды: әйтпесе «мәдени тұрғыдан ерекше қалжыңды» «құрылымдық жағынан күрделі» деп қателесуге болады, дегенмен күрделілік мәтінде емес, қабылдаушының жалпы білім деңгейінің жетіспеушілігімен байланысты болуы мүмкін.

Қалжың/wit сөздерінің арасындағы мағыналық ерекшеліктер қазақ және ағылшын тілдерінің әртүрлі тілдік топтарға жататындығы мен географиялық орналасуына, мәдениетінің алуан түрлілігіне де байланысты. Сондықтан ағылшын тіліндегі «wit» (тапқырлық, өткір тілділік) сөзінің көп жағдайда қазақ тіліндегі «қалжың» сөзінің мағынасына сәйкес келуімен қатар басқа да алуан түрлі күлкі категориясының мағыналарына ие болуы заңды құбылыс деп есептейміз.

Әзіл-оспақ дискурсы (1.2. тараушада пайымдағанымыздай) білімнің әртүрлі салаларында зерттеу нысаны ретінде қарастырылады. Соның ішінде әзіл-

оспақ дискурсының бір түрі – қалжыңның алатын орны ерекше. Сондықтан зерттеу жұмысымыздың негізгі нысаны ретінде қазақы қалжың мен ағылшын лингвомәдениетіндегі «wit» (қалжың) ұғымдарының өзіндік ұқсастықтары мен айырмашылықтарын осы тараушада анықтауға тырыстық.

Өртүрлі қазақ және ағылшын тілдеріндегі сөздіктердің анықтамаларын негізге алып талдайық.

Қазақ тілінің бір томдық үлкен түсіндірме сөздігінде төмендегідей анықтама береді: «Қалжың – тапқырлыққа құралған әзіл сөз» [35, б. 742].

Ал қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі энциклопедиясында «қалжың – тапқырлықпен әзіл түрінде айтылатын және іс-әрекетпен жасалатын еркін қарым-қатынас түрі. Қалжың, негізінен, сөзбен және іс-әрекетпен атқарылады. Сөзбен қалжыңдау, негізінен, әзілдеу, қағыту жолымен ойнау» делінген [129, б. 297]. Сөздік түсініктемелеріне сүйене отырып, мынадай қорытынды жасауға болады. Қалжың – адамдар арасындағы еркін қарым-қатынасты білдіретін, тапқырлық пен әзілге негізделген іс-әрекеттік түрі. Ол адамның тапқырлығын, тіл шеберлігі мен қарым-қатынас мәдениетін танытатын әлеуметтік-мәдени құбылыс.

Ғалым В.В. Радлов: «Туысқандар мен достар шымшып алатын, бірақ достық ниеттегі қалжыңға құқығы бар. Қалжыңға ренжуге болмайды. Бұл адамды өзін-өзі күлкі етуге және күлкіге қалу қаупі кезінде нық тұруға үйретеді» [130 с. 249-258].

Осы орайда, «Comparative linguistic and cultural analysis of humorous discourse» атты мақаламызда қалжыңдардың салғастырмалы лингвомәдени талдауы берілгендігін атап өтпекпіз. [131, p. 219-225].

Қалжың адамдар арасындағы қарым-қатынасқа негізделгендіктен, көбінесе, диалог түрінде кездеседі. Тұрмыс - тіршілікте қолданылатын диалог бұл – екі адамның әңгімесі, «dia» – бұл «екі», «log» – айту, яғни «екі адамның сөйлесуі», бұл түсінік монологқа қарама-қарсы қойылып айтылған. Бірақ бұл қате пікір, себебі «dia» ежелгі гректерше «бөлісу» дегенді білдіреді; осы әрекетті толық жасау, толық сапамен жасау; іс-әрекеттің өзара байланыста жүзеге асуы [132]. Осы жерде «диалог» ұғымының талдауын байқаймыз – «сөйлесушілердің өзара сөз алмасуы, бұл жерде сөйлесушілер екі немесе үш болуы да мүмкін» [132].

Лингвистиканы зерттеуші Б.Ю. Норман ғалым Л. П. Якубинскийдің ізімен диалог «қысқаша жауаптардың байланысына негізделеді» дейді [133, с. 70], ал монолог Л.П. Якубинский пікірінше, «белгілі бір композициялық күрделілікті көрсетеді» [134, с. 36].

Қазақ сықағы қазақпен бірге жасасып келеді. Ғалымдарымыз ұлттық сықақшылық дәстүріміздің мазмұны бай фольклорымыз негізінде қалыптасқанын, халық даналығының қайнарынан ғасырлар бойы шым-шымдап шығып, шынайы әдеби үлгі ретінде орын алған әжуа-сықақ, әзіл-оспақ, ащы мысқыл, мәнді аңыз, әңгіме, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер т.б. түрінде ел

аузында қастерленіп, сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа мирас ретінде жетіп отырғанын айтады.

Халық ауыз әдебиеті мен фольклорын, аңыз-ертегілерін сықақсыз көзге елестету мүмкін емес. Қазақ халық ертегілерінен сықақтың барлық элемент нышандарын ұшыратамыз. Үйлену-салт, ғашықтық, батырлық жырларындағы, ертегі, аңыз әңгімелердегі халықтық күлкі сықақты тап басып, танып, талдап кеткен.

Ғалым Г. Ибраева мұны былайша жеткізеді: «Егер қалжың, қағытпа халықтың қанына біткен, тіршілігімен біте қайнасып келе жатқан қасиет болса, егер оның ауыз әдебиеті күлкіге тұнып тұрса, онда қазақ жазба әдебиетінен сықақ жанры тұрғысынан небір дарынды сықақшы ақын-жазушыларды күтуге әбден хақылымыз» [55, б. 9-10].

Қазақ халқының ұлттық мінез даралығында әзіл-қалжыңның алатын орнын ғалым Р. Нұрғалиев: «Қазақтың халықтық мінезінің ерекшелігін көрсеткенде, қонақжайлығынан кейін әзілқойлығы, тілмарлығы айтылса керек. Бірақ дана халқымыз жас ұрпаққа «Әзілің жарасса, атаңмен ойна» деген мақалда дарқан кеңдік жатыр. Жеңге мен қайын, жезде мен балдыз, жиен мен нағашы, құрдас пен құрдас арасындағы кісіні бауыздамай өлтіретін ащы қалжың – еліміздің тамыры суалмайтын қасиетті дәстүрінің бірі. «Ойыннан от шығып, әзілдің арты өртке айналар кез де аз емес» деп көрсетеді [135].

Осындай қазақы қалжыңдық мотивтер, халық әзілінің кәусар тұмасынан қаныққан әсерлі де әдемі әзіл-оспақ жазушыларымыздың шығармаларында да жүйелі жалғастық тауып, көркемдік-тілдік өрнектермен байып келеді. Қазақтың көптеген жазушысының шығармашылығынан ұлттық күлкінің өзгеше өрнегін көреміз, ұлттық психология мен салт-санаға негізделген, ата-бабадан бері желісі үзілмей келе жатқан қазақы әзіл-сықақ, мысқыл-қалжыңның көмбесіне кезіккендей боламыз.

Зерттеу нысанымыз қазақы тапқырлыққа құрылған қалжың болғандықтан, әрі қарай қазақ ұлтында кездесетін, қазақтың мәдениетін айшықтайтын қалжыңдардың бірқатарын мысалға келтіре кетеміз. Бұл мысалдар корпустық талдауға алынған 50 қазақ және 50 ағылшын тіліндегі вербалды қалжыңдарда ішінара кездесетін мысалдар болып табылады.

Қазақ мәдениетінде туыстық қарым-қатынастар арасында әзілдесуге рұқсат беретін керемет қалыптасқан қазақ ұлтына ғана тән қалжыңдасу үрдісі бар. Осындай дәстүрлердің бірі нағашы (анасы жағынан туыстар) мен жиен арасындағы қарым-қатынас ерекше орын алады. Өзара жылы, ашық, сенімді кейбір жағдайларда артық сөздер айтып, әрекеттер жасауға да рұқсат етілген. Жиен нағашысынан сыйлық (жиенқұрық) сұрап, мойнына асыла кете алады. Өзара қалжыңдасады. Осындай қалжыңдардың мысалына келер болсақ.

Нағашы мен жиен арасындағы қалжың: *Атасы мен нағашы*

Жолдыбай ауылында бір топ қарауыл Баянғалидан: «Осы ақындық өнер сізге қай жағынан қонды? Әкеңізден бе, шешеңізден бе?» – деп сұрапты. Сонда

Баянғали: «Атам Біржан сал болса, нағашым Ақан сері болса, мен де жаман болмаспын?!» – деген екен [136, б. 43].

Бұл мысалдағы соңғы сөйлемде қазақ мәдениетінің атақты өкілдері Біржан сал мен Ақан серіні салыстыру бар. Әзіл-оспақ гипербола мен өзін-өзі пародиялау арқылы жасалып отыр. Ол өзін атақты аталары арқылы көтеріп отыр, қалжың арқылы мақтану сезімін азайтуда. Мәдени қызметі – бұл өз тегіне деген құрмет көрсету.

Жезде мен балдыз арасындағы қалжың: Ақын мен балдыз

Ілияс Жансүгіровтың 100 жылдығына арналған республикалық айтыста алматылық Оразалы Досбосынов Баянғалиды «жезде» деп, балдыз жолымен әзілдеуге айналады. Сонда Баянғали:

Бір елдің бетке ұстаған ақынысың,

Қайтесің балдыз болып кішірейіп! – деген екен. Сөздің мәнін аңғара қойған Оразалы салмақты әңгімеге ойысыпты [136, б. 60].

Қазақ мәдениетіндегі жезде мен балдыз арасындағы қалжыңдасуды жүзеге асырмақ болған айтыскер ақын Оразалы Досбосыновтың көпшілік алдында қалжыңдаспақшы болғанын байқаған, балдызы оның халыққа белгілі тұлға екенін, өзімен қалжыңдасып тұрмағаны абзал болатынын есіне салған.

Құдамен қалжыңдасу: Құлай кететін құда

Баянғали Асқар деген құдасы әрі құрдасымен әзілдесе береді екен. Бір күні Асқардың әйелі Күләй екінші күн жол жүріп келеді. Сонда ақын Асқардың атынан былай деп өлең шығарыпты:

Айналайын, Күләйім,

Сағынғаннан жылаймын.

Күләй келді дегенде,

Өз-өзімнен құлаймын,

Апырмай неге бұлаймын?! [136, б. 41].

Қалжыңдасу өлең түрінде берілген. *Айналайын* – қазақ тіліндегі ең жылы, ең эмоционалды жақын сөз. Еркелету, сағыныш, мейірім мағынасын береді.

Құрдастар арасындағы қалжың:

Бір жылы туған адамдар құрдас деп саналады. Айы, күні қатар құрдастар «түйе құрдас» деп аталады. Құрдастардың әйелдері де құрдас болып есептеледі. «Әкесі құрдастың баласы құрдас» деп, олардың балалары да әзілге араласып отырады.

Жем мен тарих

Құрдасы Темірбек Омаровқа Баянғали: «Апайыма жем тауып бер!» дейді.

Бір күні Темірбек звондап:

– Әй, құрдас, биыл құрғақшылық болды ғой, жем дефицит! Бірақ, сен айтқасын бес қап жем тауып бердім! Өлеңіңе кіргізіп, кітабыңа жазып қой! – депті.

– Немене, бес қап жеміңді арқалап, тарихқа кіре қояйын деп пе едің? – деген екен ақын [136, б. 83]. Бұл қалжыңда қазақ лингвомәдениетіне тән құрдастық қарым-қатынас айқын аңғарылады. Құрдастар арасында еркін қалжың

араластырып, өтініш айту – қазақ қоғамындағы әлеуметтік жақындық пен бейресми коммуникацияның белгісі.

Қалжың сөзімен қатар келетін қазақ тіліндегі сөз тіркестерді төменде қарастыратын боламыз.

Кесте 4 – Қалжың сөзінің сөз тіркестермен берілуі

Қалжың сөзінің сөз тіркестермен берілуі	Мағынасы
Ала қалжың ақтай күлкі	Әзіл-шыны аралас қалжың, ағынан жарылған күлкі [117].
Саясаттағы қалжың	Маңызды және күлкілі жағдайды біріктіретін құбылыс қарама-қайшылығын бастан кешіру, адамдардың психикасына, эмоциялық күйіне ықпал ету тәсілі. Қалжың тек санаға ғана емес, сонымен бірге адамның мінезі мен темпераментін білдіретін психикалық қабілетіне де қатысы бар. Қалжың маңызды құбылысты күлкілі және жетілмеген ретінде көре алу. Қалжың субъективті. Қалжыңда қалжыңдаушы өзін күлкілі жағдайдан айырып қарамайды, керісінше өзін күлкілі сезінеді. Қалжың күлімсіреуден көрініс табады. Қалжың саясатта бейресми қатынасты қалыптастырады, әрі қалжың саясаткердің танымалдығын жоғарылатып, тіптен оның сөзі нақылға айналуы да мүмкін [137].
Жайдақ қалжың	Бос қалжың, әзілді қалжың [138].
Базына-қалжың	Дос-жаран, құрбы-құрдас арасында бола беретін жарасымды әзіл сөздерге қоса айтылатын, астарында ойын-шыны, өкпе-назы, базынасы аралас жүретін қалжың сөздер [139].
Қайым-қалжың	Әзіл-оспақ, ойын-күлкі [140].
Қалжыңқұмар	Көңілді қалжыңдасуға бейімділік [141].
Ауыз қалжың.	Жеңіл-желпі әзіл [142].
Әзіл-қалжың	Ойын-күлкі, әзіл мен жеңіл әжуа.
Жаяу қалжың	Жеңіл-желпі, зілсіз әзіл [143].
Бота қалжың	Өзімсінген, жеңіл ойын, қалжың [144].

4-кестеде қалжың сөзімен берілген сөз тіркестері мен сөздік түсіндірмелерді жүйелей отырып, төмендегідей қорытынды жасауға болады: қазақ тіліндегі қалжың ұғымы мағыналық тұрғыдан көпқабатты әрі функционалдық сипаты кең тілдік құбылыс болып табылады. Ол *ала қалжың, жайдақ қалжың, жаяу қалжың, ауыз қалжың* сияқты тіркестерде жеңіл, зілсіз, шынайы күлкі мен әзілді білдірсе, *базына-қалжың* тәрізді қолданыстарда

күрделі мағыналарды ренжу мен іштей күйзелуді білдіреді. Адамдар арасындағы диалогты сипаттайтын ойын күлкіге толы мағынаны *қайым-қалжың* және *әзіл-қалжың* тіркестері береді.

Ал *саясаттағы қалжың* тіркесі аты айтып тұрғандай қалжыңды әлеуметтік және прагматикалық ортада қолдануға болатынын білдіреді. Бұл жерде қалжың маңызды құбылысты комикалық түрде жеткізуге негізделген адресатқа эмоционалды әсер қалдыру құралы ретінде қарастырылады.

Жоғарыда берілген мысалдардан кестеде ұсынылған қалжыңның *әзіл-қалжың*, *бота қалжың* түрлерін кездестіруге болады. Мысалы, «*Атам Біржан сал болса, нағашым Ақан сері болса, мен де жаман болмаспын?!*» деген сөйлемде *бота қалжыңға* келетін өзімсінген, жеңіл ойын, қалжың сезіледі.

Ал, *Күләй келді дегенде,*

Өз-өзімнен құлаймын,

Апырмай неге бұлаймын?! деген құрдастар арасындағы қалжыңда *әзіл-қалжыңға* тән ойын-күлкі, *әзіл* мен *жеңіл әжуа* сезіледі.

Осылайша, берілген деректер қалжыңның қазақ тілдік санасында бейресми қарым-қатынасты қалыптастыратын, эмоционалды-экспрессивтік мәні басым, зілсіз, тапқырлыққа негізделген күлкі мен астарлы ойды ұштастыратын, ұлттық дүниетаныммен сабақтас ұғым екендігін көрсетеді.

АҚШ-та кез келген көрермен алдындағы сөз сөйлеу, байыпты деген жиынның өзі жағдайға байланысты қалжыңмен басталады. Сондықтан саясат пен экономика тәрізді өмірдің алдыңғы қатарлы салалары маңызды болып саналатын АҚШ, Англия қоғамында «қалжыңдасу арқылы ойын жеткізе алмайтын адам кәсіби жетістікке жете алмайды» деген пікір қалыптасқан.

Классикалық ағылшын *әзіл-оспағы* лингвистикалық және когнитивті құбылыс ретінде әртүрлі лингвистикалық мектеп өкілдері еңбектерінің зерттеу нысаны болды, олар: Н. Кливленд, Г. Коммаджер, Д. Карбо, В.П. Шестаков, А.В. Павлов, В.В. Овчинников, Н.М. Карамзин, В.И. Карасик, Г.Д. Гачева, Н.Ю. Фаньян, С.А. Хроленко, С.Г. Тер-Минасова, В.А. Маслова, О.А. Леонтович, А.П. Садохин, В.П. Попков, Т.Г. Грушевицкая және басқалары.

Американдық ғалым С.Rourk-тің «*American Humor: A Study of the National Character*» еңбегінде қалжыңға мынадай сипаттама беріледі: «In traditional American humorous culture there are not rare examples bringing the initially ridiculous situation to the point of absurdity which looks, however, most often unintentionally, like a very bad combination of circumstances in the end it stalemates the characters of such stories in hopeless situation of crowded comic, grotesque, and sometimes acute social and political satire». Бұл жерде С.Rourk «дәстүрлі американдық *әзіл-оспақ* мәдениетінде бастапқыда күлкілі жағдайды абсурдқа жеткізудің мысалдары жиі кездеседі, алайда мұндай жағдайлар көбіне сәтсіз оқиғалардың кездейсоқ тоғысуы ретінде көрініс табады. Нәтижесінде кейіпкерлер комикалық, гротесктік, кейде өткір әлеуметтік және саяси сатираға толы тығырыққа тіреледі [145].

Ғалым О.А. Леонтовичтың пікірінше, заманауи ағылшындық лингвомәдениеттің мәнін анықтайтын маңызды тұжырымдар қатарына «self», «privacy», «challenge», «efficiency» тәрізді менталды құрылымдар жатады. Мысалы, *challenge* сөзі «Жизнь и культура США» лингвоелтану сөздігінде төмендегідей түсіндіріледі: 1) міндет, 2) мәселе, 3) сынақ, 4) шақыру. Бұл сөз американдық ұлттық сипатты түсіну кілттерінің бірі болып табылады; ол батылдықты, өзін-өзі сынау үшін тәуекелге баруға дайын болуды, авантюризм рухын, бәсекелестікке ұмтылуды және т.б. білдіреді [146].

Ағылшын тіліндегі қалжыңдасудың ерекше түрі бұл – wit.

«Wit» – ағылшын тілінен тікелей аударғанда «тапқырлық» деген ұғымды береді. Ағылшын тіліндегі «wit» түсінігі алғашында комикалық мәнге ие болмаған, семантикалық алмасу үдерісінен кейін ғана «танымдық әзіл-оспақ» деген жаңа өзекті мағынаға ие болған.

Ағылшын тіліндегі wit терминінің этимологиялық терминдер сөздігінде берілген түсініктемесі «Webster's revised unabridged dictionary» сөздігінде (1828 жылғы басылымында) төмендегідей мағынаға ие: wit(n.). 1) primarily, the intellect; the understanding or mental powers (алғашында, зияткерлік, яғни ойлау мен ақыл-ой қабілеттері, ал ерік-жігер сол ақыл әзірлегенді іс-жүзінде жүзеге асырады), 2) біздің заманауи түсінігіміздегі wit мағынасына ұқсайды, бірақ оның комикалық ұғымы жоқ. Сөздікте әрі қарай осы сөздің жеті мағынасы берілген. Олардың ішіндегі маңыздыларын төменде көрсетеміз:

- The faculty of associating ideas in a new and unexpected manner (ойды жаңа күтпеген жерден әсірелеп жеткізу қабілеті);

- A man of genius (аса қабілетті адам);

- Power of invention; contrivance (ойлап шығар, тапқырлық) [147]. Бұл сөздік осы күйінде wit сөзіне ешқандай күлкі мағынасын бермейді, бірақ сол кездің өзінде ол ауызекі қолданыста күлкі мағынасына ие болғанымен, ешқандай деректерде wit сөзінің бұл мағынасы ресми талданбаған.

Wit is a word inherited from Germanic (oxford).

XIX-XX ғасырда ғана wit сөзі заманауи мағынасына ресми түрде толық қалыптасып, енген.

Ағылшын тіліндегі «wit» сөзі мен орыс тіліндегі «остроумие» (тапқырлық, өткір тілділік) сөздерінің этимологиялық және семантикалық ұқсастықтарын зерттеуші Т.М. Григоренко олардың ұқсас семалары кездесетіндігін айтады. «Сема» – бұл ең кіші бірлік, «мағыналық атом». Этимологиялық талдау үш ұқсастықты, яғни эквивалентті қатарды анықтаған, олар: «ақыл, сана, ой». Сондай-ақ эквивалентсіз қатары да анықталған, олар: ағылшын тілінде «парасатты ақыл» және «көру», ал орыс тілінде «грань, край, угол», «острие, вершина», «знак, указание», «явный, явь», «душа». Зерттеушілер ағылшын тіліндегі «wit» сөзін орыс тіліндегі «остроумие» ұғымымен салыстыру барысында екеуінің де жағымды, «танымдық рахатқа бөлену» мағынасында қолданылатынын анықтаған [148, с. 11].

Т.М. Григоренко «Лексико-семантические аспекты интерпретации концепта «Остроумие» («Wit») в русском и английском языках» диссертациялық жұмысында «The Times» газетінің ағылшындық шолушысы мақаласынан алынған төмендегі үзіндіні wit мысалы ретінде төмендегідей талдайды.

«But if native English writers sometimes struggle to communicate humour to native English readers, how much more difficult must it be for humour to be conveyed across national, ethnic, religious or language divides? Indeed, since so much humour depends on an absurd proposition being inserted into a shared reality, or a shared view of the world, the very notion of foreigners understanding our wit, or us theirs, is surely inherently unlikely» [148 с. 129].

«Егер тіпті ағылшын жазушылары әзіл-оспақты жергілікті ағылшын оқырмандарына жеткізуге көп күш салу керек болса, этникалық, діни және тілдік кедергілерді еңсеру арқылы әзілді жеткізу қаншалықты қиын? Шынында да, егер әзіл қоршаған шындық шеңберіндегі абсурдтық мәлімдемеге немесе әлемге әмбебап көзқарасқа байланысты болса, шетелдіктер біздің тапқырлыққа құрылған қалжыңымызды түсінеді немесе біз олардың қалжыңын түсінеміз деген идеяның өзі сенімсіз»

Бұл жерде «Wit» қолданысының екі мәселесі түсініледі.

Біріншісі – этномәдени шекараларды шешу мәселесі, мақалада жанама түрде әр халықтың өзіне ғана тән әзіл сезімі бар, ол әлемнің тілдік көрінісінен бөлек (автордың пікірінше, онда, ең алдымен, ұлттық, діни және тілдік аспектілер қамтылады) барлық мағынасын жоғалтады және шетелдік оқырманға мүлдем түсініксіз болады.

Екінші мәселе, көбінесе әлемнің тілдік бейнесі бірдей болған жағдайда да оқырмандар автордың қалжыңын түсінбейді, себебі бұл – кейбір дүниетанымы қалыптасқан оқырман ғана шеше алатын интеллектуалды код. Автор әзіл-оспақты түсіндіру үшін бірқатар күш жұмсауына тура келеді. Тағы бір мысал, «Wit» (тапқырлық) сөзін оның интеллектуалды бағыты тұрғысынан тікелей түсіндіреді. Бұл әйгілі ағылшын актері, драматург және композитор Н. Каурдтың дәйексөзі: *«Wit ought to be a glorious treat like caviar. Never spread it about like marmalade»* (Тапқырлық уылдырық сияқты керемет тағам болуы керек. Оны ешқашан мармелад сияқты таратпаңыз) [149].

Ағылшын тіліндегі wit-ке тағы бір мысал келтіре кетейік.

«Bloomberg News» published an article by Fabiola Moura entitled «Overturning Cuba travel ban may pass House this year, Representative says». The piece is about one Congressman's idea over an issue that has been very important to him and to his constituents and also for many of his colleagues. He has been working for years on trying to get legislation passed that will resolve this travel issue and put relations back on table of normalcy. He and a bipartisan group of Congressman need 27 votes more to pass new legislation because as the very bright and quick and frankly hilariously clever and accurate Congressman Sam Farr has said: «If you are a potato, you can get to Cuba very easily. But if you are a person, you can't, and that is our problem» [150].

«Bloomberg News» Фабиола Моураның «Кубаға саяхатқа тыйым салуды жою осы жылы қабылдануы мүмкін» атты мақаласын жариялады. Мақала бір конгресменнің идеясына бағытталған, бұл мәселе оның өзі және оның сайлаушылары үшін, сондай-ақ оның көптеген әріптестері үшін өте маңызды болды. Көптеген жылдар бойы ол саяхат мәселесін шешетін және қарым-қатынасты қалпына келтіретін заң қабылдау үшін жұмыс істеді. Оған және екі партиялы конгресмендер тобына жаңа заң қабылдау үшін тағы 27 дауыс қажет еді, себебі өте ақылды, жылдам және тапқыр конгресмен Сэм Фарр айтқандай: «Егер сіз «картоп» болсаңыз, Кубаға өте оңай жете аласыз. Бірақ егер сіз адам болсаңыз, олай жасай алмайсыз және бұл біздің мәселеміз».

Бұл қалжың АҚШ пен Куба арасындағы тарихи-саяси қарым-қатынастар мен демократиялық құндылықтар, әсіресе адамдардың еркін қозғалу құқығымен байланысты. Ағылшын лингвомәдениетіне тән ерекшелік - саяси мәселені жеке тұлға арқылы көрсету. Демократиялық өкілдік арқылы саясаткердің халық алдындағы жауапкершілігі көрсетіледі. Күлкі адам мен картопты қарсы қоюмен абсурд жасау арқылы беріледі. Заңның қисынсыздығы күлкі арқылы әшкереленеді. Тікелей емес, қалжың арқылы жанама сын айтылады. Мұнда ағылшындардың демократиялық саяси мәдениеттің, еркіндік пен иронияға негізделген сын дәстүрінің көрінісі бар. Тілдік тұрғыдан ресми-саяси және экспрессивті ауызекі элементтердің ұтымды үйлесімі бар. Коммуникативтік тұрғыдан оқырманды сендіруге, мәселенің маңызын айқын көрсетуге бағытталған.

Ағылшын тілінде өте жиі кездесетін қалжың түрі – бұл ауа райына байланысты:

Two men were travelling in a very wild part of America. They saw no modern houses and no traces of civilization for many days. What they saw were only a few huts made of wood or tents where Indians lived. One day they met an old Indian who was a hunter. He was very clever and knew everything about the forest and the animals living in it and many other things. He could also speak English quite well.

«Can you tell us what the weather will be like during the next few days?» one of the two travellers asked him.

«Oh, yes,» he answered. «Rain is coming, and wind. Then there will be snow for a day or two but then the sunshine will come again and the weather will be fine».

«These old Indians seem to know more about Nature than we with all our science,» said the man to his friend. Then he turned to the old Indian.

«Tell me,» he asked, «how do you know all that?»

The Indian answered: «I heard it over the radio» [151].

Екі адам Американың өте жабайы бөлігінде саяхаттаған. Олар көптеген күндер бойы заманауи үйлер мен өркениеттің іздерін көрмеген. Олар үндістер тұратын ағаштан немесе шатырдан жасалған бірнеше саятшылықты ғана көрді. Бір күні олар аңшы болған кәрі үндіспен кездесті. Ол өте ақылды және ол орман, онда мекендейтін жануарлар мен басқа да көптеген нәрселер туралы бәрін білетін. Ол, сондай-ақ, ағылшын тілінде өте жақсы сөйлей алатын.

«Алдағы бірнеше күнде ауа-райы қандай болатынын айта аласыз ба?», – деді, екі саяхатшының бірі.

«О, иә», - деп жауап берді ол. «Жаңбыр жауып, жел соғады. Содан кейін бір-екі күн қар жауады, бірақ содан кейін қайтадан күн сәулесі түсіп, ауа-райы жақсы болады».

«Бұл ежелгі үндістер біздің барлық ғылымымызға қарағанда табиғат туралы көбірек білетін сияқты», - деді ер адам досына. Содан кейін ол қарт үндіске бұрылды.

«Айтыңызшы, – деп сұрады ол, – мұның бәрін қайдан білесіз?»

Үндіс: «Мен мұны радиодан естідім».

Бұл қалжыңның лингвомәдени негізі «үндістер табиғат құбылысын ерекше біледі» деген түсінікпен байланысты. Мәтін басында үндіс қарттың табиғатқа жақындығы сипатталып, ұлттық мәдени бейне жасалады, соңында *ауа райы* болжамының заманауи технология – радио арқылы алынған ақпаратпен байланысты екендігі күлкі әсерін тудырады.

Ойымызды қорыта келгенде, ағылшын тіліндегі «wit» – әзілдің өткір немесе түсінікті түрі. Ол өткір қалжыңмен, тапқырлықпен айтылатын біртекті болып келеді. Көбіне ол мысқыл, не намысына тиетін мәнге ие болып, оған өткірлік береді.

Тапқырлыққа құрылған қалжыңның бір белгісі – оны мағыналауға көбіне бір секунд кетеді. Тапқыр қалжың ескертуі – олар бірінші еленбей қалады, бірнеше уақыт өткен соң олар қалжыңның мағынасын түсініп, күледі. Осылайша, тапқырлық бұл субъективті сапа: ол кейбір адамдарға бірден түсінікті болуы мүмкін, ал кейбіреулерге жоқ [152].

Қазақ тіліндегі қалжың сөзінің алғашқы мағынасы да тапқырлыққа құрылған әзіл.

Wit (аяқ асты айтылған тапқыр қалжың) пен *humor* (әзіл-оспақ) сөзі ағылшын тілінде күнделікті тұрмыста қатар қолданылғанымен, олардың мәндік айырмашылығы айқын. *Wit* көбіне ақыл-ойдың өнімін, танымдық қырын көрсетсе (автордың аяқ астынан лезде қалжыңмен жауап беру қабілеті), *humor* адамның көңіл күйімен тығыз байланысты. Зерттеуімізде бұл ұғымдарды қазақ тіліне мағыналық жағынан *humor* – әзіл-оспақ, *wit* – қалжың деп қолданатын боламыз.

Ағылшын тіліндегі тапқыр қалжың (*wit*) төмендегідей сөз тіркестерімен қолданылады [153]:

Кесте 5 – Ағылшын тілінде *wit*-тің (қалжың) сөз тіркестермен қолданылуы

Қалжың сөзінің сөз тіркестермен берілуі	Мағынасы
Quick wit	Аяқ асты айтылған қалжың
Sharp wit	Өткір қалжың
Natural wit	Табиғи қалжың

Қалжың сөзінің сөз тіркестермен берілуі	Мағынасы
Witty remark	Қалжыңмен ескертпе жасау
Dry wit	Құр қалжың
Witty dialogue	Қалжыңмен әңгімелесу
Clever wit	Ақылды қалжың
Disarm with wit	Тапқырлығымен тосылдыру
Captivate with wit	Тапқырлығымен баурап алу
Solve with wit	Қалжыңмен шешу
Diffuse with wit	Қалжыңмен араластыру

Берілген сөз тіркестерінің мағыналарын жүйелей келе, ағылшын тіліндегі қалжың ұғымына мынадай қорытынды жасауға болады:

Қалжың – адамның ой ұшқырлығын, тілдік тапқырлығын және интеллектуалдық әлеуетін танытатын күрделі құбылыс. Ол аяқ астынан айтылатын шапшаң ой (Quick wit), өткір де әсерлі сөз (Sharp wit), табиғи әрі жасандылықсыз қалжың (Natural wit), сондай-ақ құрғақ, салқынқандылыққа негізделген қалжың (Dry wit) түрінде көрініс табады. Қалжың тек күлдірумен шектелмей, Witty remark пен Witty dialogue арқылы ескерту жасауға, пікір алмасуды жандандыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда берілген мысалдардың ішінен кестеде ұсынылған қалжыңның *sharp wit* түріне саяси конгрессте айтылған «егер сіз «картон» болсаңыз, Кубаға өте оңай жете аласыз» деген мысал сәйкес келеді. Бұл тиісті заңды қабылдамай отырған. Конгрессмен саяхат мәселесін шешетін және қарым-қатынасты қалпына келтіретін заң қабылдау үшін жылдар бойы өзі және жақтастары әрекет еткеніне қарамастан, ол заңның қабылданбағандығын өткір қалжың арқылы сынауда.

Сонымен қатар қалжың прагматикалық қызмет атқарып, қарым-қатынастағы кернеуді бәсеңдетуге (*disarm with wit*, *diffuse with wit*), тыңдаушыны баурап алуға (*captivate with wit*), тіпті күрделі мәселені ақыл мен әзіл-оспақты ұштастыра отырып шешуге (*solve with wit*) қабілетті құрал ретінде көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, қалжың – ақыл мен күлкінің бірлігінен туындайтын, қарым-қатынасты реттейтін, әсер ету және иландыру мүмкіндігі жоғары тілдік-мәдени феномен.

Әңгімелесушілер арасындағы жеңіл әзіл-оспақ алғашқы қарым-қатынаста адамды өзіне тартудың құпиясы болуы мүмкін. Зерттеулер көрсеткендей, қалжыңға толы әзіл-оспақ адамдарға бір-бірімен танысу кезінде өздерін еркін сезінуге көмектеседі.

Тапқыр қалжың – бұл қарым-қатынасты жандандыруға және тез қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін ойнақы, тапқыр немесе әзілмен сөйлесу әдісі. Тапқыр жауаптар, әдетте, әңгімені қызықты етеді. Шамадан шықпай,

келеке етіп қалжыңдасу – бір-бірін тең деп санайтын адамдар арасындағы сенім мен жақындықты білдіруі мүмкін.

Ағылшын тіліндегі тапқыр қалжыңның (wit) мынадай түрлері бар:

Тапқыр қалжың – бұл ақыл-ойдың өткірлігі, тапқырлық және жылдамдық. Әзіл сезімі болу – бұл өзара сөйлесу кезінде тапқыр қалжың қолдана алатын ортада коммуникация жасау құралы.

Ұтқыр жауап – бірнеше секунд ішінде өзінді кемсіту арқылы сынап, мін тағып тұрған адамға дереу жауап қайтару.

Мысқал – адресатқа бағытталып айтылған сөздің мағынасы тура емес, астарлы мағына арқылы мысқалдап ойын жеткізу. Жоғары тапқырлық деңгейін қажет етпейді.

Сатылы тапқырлық – айтылу қажет ойдың тапқырлыққа негізделіп, оның алғышарты ретінде айтылатын сөз.

Афоризм – сәтті айтылған тапқыр ой, ол сол жерде айтылып қана қоймай, адамдар арасында жиі қайталанылып қолданылады.

Вербалды ирония – күтпеген жерден сөйлеу тілі. Сөйлеу кезінде кекесін қосу – бұл тапқыр адамдарға тән қасиет.

Каламбур – бұл сөздердің көптеген мағыналары мен интерпретациялар ойнайтын қалжыңның бір түрі.

Гипербола – бұл айқындық үшін шектен тыс асыра сілтеу. Олар айқын, көп ирония тудырмайды.

Өткір қалжың – тапқыр, күлкілі келеке немесе сын [154].

Осы қалжың түрлерінің ішінде Puns, Hyperbole корпустық талдау кезінде ағылшын лингвомәдениетінде жиі кездесетіндігі анықталды.

Алайда қалжың ешқашан дөрекі, төмендететін сипатта болмауы керек. Мұнда тепе-теңдік сақталу маңызды. Қалжың әртүрлі жағдайлар мен тұлғаларға қатысты, сондықтан оның сипаты ғылыми емес, өнерге жақын. Тапқыр жауаптар ойлап табу үшін асқан әзілқой болудың қажеті жоқ.

Ю.Г. Тамберг қалжыңды «сатира, әзілдерде кездесетін кез келген комикалық «шығарма» деп айқындаған. Бұл анықтамаға сәйкес «шығарма» ол тыңдаушымен салыстырғанда сөйлеушіні көбірек сипаттайды [155, с. 13-14].

Қорыта келгенде, қалжың адамдардың әлеуметтік қарым-қатынас жасау кезіндегі коммуникативтік және прагматикалық көрсеткіштері бар сөйлеудің бір түрі. Қалжыңды өзге әзіл-оспақ дискурсының түрлерінен айыратын белгілер бар. Қалжың көп жағдайда диалог түрінде кездеседі, себебі қалжың – бір немесе бірнеше адамның сөйлесуі кезінде орын алатын қағытпа сөз. Қалжыңда көбінесе адам есімдері пайдаланылады, себебі қалжыңдасушылар өзара сөйлесу кезінде бір-бірімен пікір алмасады, есімдері айтылады немесе есімдіктер қолданылады.

Қалжың – бұл қазақ лингвомәдениетінде өзіндік сипаты бар, қазақ ұлттық мәдениетінің дамыған және өнімді дара құбылысы, отбасы, достық және туыстық қарым-қатынастар арасында кездесетін әзілдесудің бір түрі. Сондықтан әзіл-оспақ барлық әлемдік мәдениеттерге ортақ болғандықтан, олардың семантикалық, құрылымдық жақтарынан да көптеген ұқсастықтарды

анықтаумен қатар айырмашылықтарды да кездестіруге болады. Сондай ортақ ұқсастықтар мен айырмашылықтарды қалжың/wit түрлерін жұмысымыздың екінші тарауында салғастыру, сараптау, корпустық және эксперименттік талдау барысында анықтауға қол жеткіздік.

Зерттеуіміздің екінші бөлімінде әзіл-оспақтың қалжың түрі көпдеңгейлі талдау жүйесі негізінде корпустық және эксперименттік тұрғыдан зерттеліп, қазақ және ағылшын тілдеріндегі қалжың/wit түрлерінің семантикалық деңгейі, логикалық механизмі, тілдік іске асу, прагматикалық қызметі, лингвомәдени деңгейі анықталады.

Бұл әдісте әзілдің түрлі (жанрлық) өрісі теориялық фонда сақталады, бірақ талдау нысаны ретінде маңызын жоймайды. Кез келген тілдегі қысқа вербалды бірліктер «кез келген күлкілі мәтінге» сәйкес келе бермейді. Ол ағылшын тіліндегі дәстүрде тар мағынада verbal humor ретіндегі сипаттамаға жақынырақ; ішкі аяқталған күлкілі ауысуы бар қысқаша фрагмент [156], [157]. Зерттеуімізде қалжыңдар диалог пен шағын күлдіргі әңгімелесу формасында ерекшеленеді. С. Аттардо қысқа әзіл механикасы мен ұзақ әзіл мәтінінің механикасын арнайы дамытады [158].

Зерттеу жұмысымызда жанрлық форма тәрізді тіркестер пайдаланылады, бірақ ол әдеби топтау мағынасында емес, корпустық талдау барысында қолданылған бірліктердің операцияландыру үдерісіне түскен кездегі үлгісі болып отырғандығын ескертуді жөн санаймыз.

1.4. Корпустық лингвистика және оның әзіл-оспақ дискурсын зерттеудегі қолданылуы

Заманауи тіл білімінде антропоэлекті бағыттың дамуы тілдік деректерді жаңа технологиялар көмегімен зерттеу жасауға жол ашты. Осындай бағыттардың бірі - корпустық лингвистика.

Корпустық лингвистика бұл мәтіндер корпусының электрондық нұсқаларын өңдеп қолдану, жинақтау әдістерін зерттейтін, оларды компьютерлік технология көмегімен лингвистикалық зерттеулерде қолдану мүмкіндіктерін қарастыратын компьютерлік лингвистиканың бағыты.

Лингвистикалық немесе тілдік мәтіндер корпусы дегеніміз – нақты бір лингвистикалық міндеттерді шешуге арналған, электронды түрде берілген, біріздендірілген, құрылымдалған, таңбаланған, филологиялық тұрғыдан құзыретті тілдік деректердің үлкен көлемін айтамыз. «Мәтіндер корпусы» ұғымына мәтіндік және тілдік деректерді басқару жүйесі де енеді. Ол – корпустағы деректерді іздеуге, статистикалық мәліметтер алуға және нәтижелерді пайдаланушыға ыңғайлы түрде ұсынуға арналған арнайы іздеу жүйесі.

Ғалым В.П. Захаров корпустарды құрудың және пайдаланудың тиімділігін төмендегідей алғышарттармен түсіндіреді:

1. Корпустың үлкен (репрезентативті) көлемі тілдік деректердің типтілігін сақтап тілде болатын барлық құбылыстарды көруді қамтамасыз етеді;

2. Деректер жиынтығының алуан түрлілігіне қарамастан, корпус құрамында олар мәнмәтін ретінде сақталу арқылы зерттеудің объективті және кешенді болуына септігін тигізеді;

3. Корпустық талдау үшін жинақталған тілдік деректерден тұратын қор басқа зерттеушілер үшін өз мақсаттарында қолдануға мүмкіндік ашады [159, с. 3].

Компьютердің көмегімен мәтіндерден құралған корпустарды өңдеуге арналған заманауи тіл білімінің бағыттарының бірі – корпустық лингвистика. Тілдік бірліктерді семантикалық, прагматикалық жағынан және лингвомәдени ерекшеліктерін де ескере отырып зерттеу әдісі [160, р. 5-12]. Қазіргі таңда репрезентативті мәтіндер корпусын талдау арқылы зерттеу лингвистикалық зерттеулерде белең ала түсуде, себебі тілдік құбылыстарды зерделеуде олар сенімді эмпирикалық базаны қамтамасыз етеді. Табиғи тілде өңдеудің танымдық жүйесін корпустарда жинақталған кең лингвистикалық деректерсіз жасақтау мүмкін болмайды. Бұл салаға қызығушылық компьютерлік технологияның дамуымен тығыз байланысты. Компьютерлік технология бұрын сонды мүмкін болмаған үлкен ақпараттық қорды құрайтын мәтіндерді сақтауға және өңдеуге қол жеткізді.

Бұл бағыт XX ғасырдың екінші жартысында қарқынды дамып, бүгінгі таңда тіл білімінде негізгі әдіснамалық салалардың бірі болып табылады. Корпустық зерттеулер тек грамматика немесе лексиканы емес, сонымен қатар дискурс, прагматика, медиа тілі, әзіл-оспақ дискурсы тәрізді күрделі коммуникативтік құбылыстарды зерттеуге мүмкіндік береді.

Корпустық лингвистиканың бастауы алғашқыда электронды тілдік корпустар ретінде АҚШ пен Еуропада пайда болды. 1963 жылы құрылған Brown Corpus ағылшын тіліндегі алғашқы электронды корпустардың бірі – Brown университетіндегі машиналық тасмалдағыштағы үлкен мәтіндер корпусы [161, р. 20-25]. Алғашқы корпустың авторлары W. Francis пен H. Kucera ағылшын тілінде әрқайсысы екі мың сөзден тұратын бес жүз прозалық баспа мәтіндерінің жиынтығы ретінде құрастырды. Корпус бастапқы статистикалық өңдеудің көптеген материалдарымен бірге ұсынылды: жиілік сөздігі, алфавиттік-жиілік сөздігі. Brown корпусының пайда болуы үлкен қызығушылық тудырып, қызу пікірталастарға негіз болды. Ең алдымен мәтіндерді іріктеу принциптері мен мұндай корпус негізінде шешілетін ықтимал міндеттер талқыланды [159, с. 4]. Кейінірек British National Corpus, COBUILD, Bank of English тәрізді көлемді жобалар дүниеге келді, басқа да корпустар кеңінен танымал. Дж. Синклер тілдік бірліктерді табиғи қолданыс негізінде зерттеу тілдің шынайы қызметін тануға мүмкіндік беретінін атап өтеді [162, р. 100-105]. Қазіргі кезде әлемнің көптеген тілдеріне арналған корпустар тағайындалған.

Ғалым Г.Р. Берннет лингвистикалық корпустың зерттей алмайтын мынадай салаларын айқындаған.

1. Лингвистикалық корпус қандай тілдік бірлік дұрыс, қандай тілдік бірлік қате екендігін анықтай алмайды. Ол тек қандай тілдік қолданыстардың жиі кездесетінін, қайсысының сирек қолданылатынын көрсете алады.

2. Лингвистикалық корпус белгілі бір лексикалық формалардың немесе басқа тілдік құбылыстардың не үшін және қандай себеппен қолданылатынын түсіндіре алмайды.

3. Лингвистикалық корпус, оның деректер қоры қаншалықты ауқымды болса да, тілдің толық көрінісін қамти алмайды, яғни ол барлық тілді түгелдей көрсете алмайды [163, р. 3]. Дегенмен бұл бағыттың лингвистикалық зерттеулерде берері мол.

Корпустық лингвистика қазіргі таңда ұлттық корпустар, параллель корпустар, оқу корпустары, сөйлеу корпустары және арнайы мақсаттағы корпустар тәрізді бағыттарға бөлінеді [160 р. 67-72]. Бұл әдіс тілдік құбылыстарды сандық, сапалық жағынан жан-жақты талдауға мүмкіндік береді.

А. Кеффе және басқа ғалымдар лингвистикалық корпус арқылы тілді зерттеудің төмендегідей бағыттарын бөліп көрсетеді:

1. Лексикографиялық зерттеулер; 2. Грамматикалық зерттеулер; 3. Аударма, сондай-ақ машина көмегімен аудару. 4. Соттық лингвистика сараптамасы; 5. Әлеуметтік зерттеулер [164, р. 8-11].

Корпустық лингвистиканың қазақ тіл біліміндегі дамуы ХХІ ғасырдың басында басталды. Қазақ тілін цифрландыру жұмысы тілші ғалымдардың қазақ тілінің ұлттық корпусын жасау мәселесін көтергеннен кейін қолға алынды [165 б. 15-22].

Тіл деректерін жүйелеуге арналған Қ. Жұбановтың ғылыми ойлары қазақ лингвистикасындағы корпустық зерттеу бағытын дамытудың алғышарты болды. Өз еңбектерінде ғалым тілдік бірліктерді тек сапалық жағынан емес сандық жағынан да зерттеудің маңыздылығын атап өтеді. Өз ойын дәлелдеу мақсатында зерттеуші қазақ тілінің фонетикалық және орфографиялық жүйелерін зерттеуде статистикалық әдісті алғашқылардың бірі болып қолданды. Ғалымның зерттеулерінде дыбыс пен әріптің қайталану жиілігі, буындардың құрылу заңдылықтары сараланды. Тілші ғалымның пікірінше, сандық көрсеткіштерді қолдану тіл білімі зерттеулеріндегі нақтылық пен шынайылықты қамтамасыз етеді. Қазақ алфавитін дамыту мен орфографиялық нормаларды біріздендіру мәселесінде әріптердің қолданылуындағы жиіліктер туралы мәлімет маңызды екендігін айқындап өтеді.

Қ. Жұбановтың зерттеулері қазіргі лингвостатистикада статистикалық әдістердің қолданылуының бастауы болғандығын көптеген ізденушілер атап өтті.

Ғалымның статистикалық тәсілді қолдануы аударма мәселелерінде де көрінеді. Қ. Жұбанов сөз мағынасының контекстке тәуелді өзгеретінін көрсетіп, сөздің жеке тұрғандағы және сөйлем құрамындағы мағыналарының айырмашылығын нақты тілдік деректер арқылы түсіндіруге тырысқан. Бұл қазіргі прагматика мен корпус лингвистикасындағы контекстік талдауға жақын.

Әзіл-оспақ дискурсы – тіл біліміндегі күрделі прагматикалық құбылыстардың бірі. Әзіл-оспақ адам дүниетанымы, мәдениеті мен коммуникативті тәжірибесімен тығыз байланыстағы құбылыс [26, с. 210-215]. Сондай-ақ ғалым Қ. Жұбановтың аударма кезіндегі сөз мағынасының контекске тәуелділігі мәселесі біздің зерттеу объектіміз болып отырған әзіл-оспақты аударудағы мәселесіне тең келеді. Әзіл-оспақты аудару ең күрделі мәселелердің бірі, себебі әзіл-оспақ тек тілдік құрылымға ғана емес, сондай-ақ мәдени контекстке, прагматикалық мағынаға және адресаттың фондық біліміне тәуелді болуымен де байланысты. Әзіл-оспақты аударуда басты міндеттің бірі бұл түпнұсқадағы коммуналдық әсерді сақтау.

Жұмыстың теориялық тірегі В. Раскиннің семантикалық тізбегінен басталады. SSTH-те әзіл-оспақ мәтіні екі скрипттің үйлесімді айтылуы ретінде қарастырылады; скрипттер жабылады, бірақ қарама-қайшылық қатынасында болады [74]. С. Аттардоның кейінгі мәлімдемесінде бұл тұжырым негізгі болып қала береді: әзіл болу үшін екі шарт қажет – скрипттердің қарама-қайшылығы және олардың ішінара болса да мәтінде келуі [75, б. 113-135]. Бұл кезеңде теория қысқа әзіл неліктен тек «қос мағынаны» ғана емес, сонымен қатар «тура» және «ауыспалы», «қалыпты» және «қалыптан тыс», «күтілетін» және «нақты берілген» тәрізді екі сәйкес келмейтін интерпретациялық режимдердің соқтығысуын қажет ететінін жақсы түсіндіреді [75, б. 113-135], [166]. С. Аттардо мен В. Раскин ұсынған General Theory of Humor (GTVH) екі бөліктен тұратын семантикалық сызбаны алты білім ресурсы бар толық қамтылған модельге айналдырады: Script Opposition (сценарийлік қарама-қайшылық); Logical Mechanism (логикалық механизм); Situation (жағдаят); Target (нысана); Narrative Strategy (баяндау стратегиясы); Language (тіл) [76, б. 136-156], [166]. Бұл зерттеудің ыңғайлылығы әзілді әсерге емес («күлкілі / күлкілі емес»), бақыланатын мәтіндік ресурстарға байланысты кодтауға мәжбүр етеді. Мұндай параметрлеу эмпирикалық тексеруден өтті: бұрын GTVH сынағы 534 субъектінің үлгісін қолданды және олардың нұсқаларымен тірек (якорь) әзілдерін салыстырды [76]. Г. Ритчидің әзіл теориясы бойынша «әзілді құбылыс ретінде» дерексіз сөздермен сипаттаудан гөрі, жеке әзіл бірліктерін дәл талдай алған кезде ғана жұмыс істейді» [167]. Кейінірек С.Аттардо модельді ұзағырақ мәтіндерге таратты, онда әзілге композициялық эффект жинақтау механизмдері қосылады [158], [168]. Бірақ мәдениетаралық корпус пен эксперимент үшін бір GTVH жеткіліксіз, себебі ол адресаттың өзімен бірге алып келетін білім көлемін және тіларалық аударма кезінде өзі қалай өзгертетінін емес, мәтіннің құрылымын сипаттайды. Әзіл-оспақтың мәнмәтіне тәуелді түсінілуі прагматикалық ережелер арқылы, адресаттың «әлеуметтік-мәдени энциклопедиясы» арқылы және адресаттың әзіл объектісіне қатынасы арқылы жүзеге асады [126]. Осы жерде үш бағыт қажет. Біріншісі – лингвопрагматикалық: әзіл-оспақ әрқашан коммуникативті мақсатқа бағытталған; ол тек «күлкі тудырып» қана қоймай әлеуметтік, когнитивті және эмоционалды міндеттерді біріктіреді [169]. Екіншісі – лингвомәдени: мәдениетаралық қарым-қатынаста ережелер мен күтілетін

жағдай автоматты түрде берілмейді, олар ішінара мәдениеттер байланысында құрылады [127], [128]. Үшіншісі – рецептивті: аударма мен қабылдауда әзілдің қалай жұмыс істейтіні ғана емес, оны аудитория қалай түсінетіні, қабылдайтыны және бағалайтыны да маңызды. Осы олқылықты әзіл аудармасын зерттеу және оны қабылдау бойынша жүргізілген эксперименттер көрсетті [170], [171]; [172]. Бұл жердегі зерттеу желісі екі практикалық аймақтағы әзіл-оспақ әсерінің берілуін модельдеуде және әзіл-оспақ дискурсының прецеденттілігін талдауда пайдалы [173], [174].

Әзіл-оспақты аудару үдерісін зерттеуде GTVN теориясы негізгі теориялық базалардың бірі болып табылады. Жалпы аударма үдерісінде түпнұсқаны сақтап қалу өте қиын, кей жағдайда аудармашы тек прагматикалық әсерін беріп, тілдік ойынды жеткізе алмайтын жағдайлар орын алады. Ал кейбір жекелеген жағдайларда мәтіннің ресми құрылымы сақталғанымен оның комикалық әсері жоғалуы мүмкін.

Бұл туралы әзіл-оспақты лингвистикалық қырынан зерттеуші С. Аттардо аударма барысында әзіл-оспақтың мәтіндегі құрылымын емес, комикалық әсерін сақтап қалу қажет екенін атап өтеді [158]. Зерттеушінің пікірінше, қарым-қатынас барысында туындайтын прагматикалық әсер арқылы әзіл-оспаққа қол жеткізе аламыз. Сондықтан аудармашы адресатта түпнұсқамен ұқсас эмоционалдық және когнитивтік реакция қалыптастыруы қажет.

D. Chiaro әзіл-оспақтың мәдени тәуелділігін ерекше атап көрсетеді [170]. Ғалымның пікірінше, әзілдердің басым бөлігі ұлттық мәдениетке тән ерекшеліктерге сүйенеді. Сондықтан бір мәдениетте түсінікті әзіл екінші мәдениет өкілдеріне мүлде түсініксіз болуы мүмкін. Автор мұндай жағдайда аудармашының алдында екі түрлі міндет тұратынын көрсетеді:

ұлттық ерекшелікті сақтау;

адресатқа түсінікті комикалық әсер қалыптастыру.

Әзіл-оспақ аудармасында фондық білімінің рөлі ерекше маңызды. Фондық білім дегеніміз – адресаттың тарихи, мәдени, әлеуметтік және тілдік ақпараттар жөніндегі алдын ала қалыптасқан білім қоры. Әзіл-оспақты түсіну көбіне осы білімнің болуына тәуелді болады. Егер адресат белгілі бір мәдени кодты немесе прецеденттік феноменді білмесе, онда әзілдің мағынасы толық ашылмайды. Зерттеуіміздің практикалық бөлімінде зерттеу нысанымыз болып табылатын қалжың/wit бірліктерінің фондық білімге тәуелділік деңгейі, аударма кезіндегі комикалық әсердің жоғалу қауіпі корпустық нәтижелер негізінде салғастырмалы талданды.

Корпустық лингвистиканың қазақ тіл біліміндегі дамуы туралы ойымызды жалғастыратын болсақ, А. Жұбанов пен Қ. Жаңабекова «Корпустық лингвистика» тақырыбындағы еңбегінде корпустық лингвистиканың теориялық негіздері, тілдік корпустарды құрастыру принциптері, мәтіндерді таңдау, аннотациялау, сандық жағынан автоматты түрде талдау әдістері жан-жақты сипатталады [165, б. 45-60]. Аталмыш зерттеу жұмысы қазақ тіліндегі корпустық лингвистика саласын жүйелі түрде талдаған көлемді еңбектердің алғашқысы деп

немесе белгілі бір туыстық қатынастағы адамдар арасында орынды саналатын өзара сөз сынасу, сын айту, қалжыңдасуға негізделген қарым-қатынас түрі. 4. а у ы с. Қызық, думан, бос күлкі.

Лемма: ос (етістік)

Лексика: Жүгіру, орғыту. орысшаға аудару.

Лемма: оспақ (зат есім)

Лексика: Тура айтпай, тұспалдап, астарлап сөйлеген сөз, тұспал.

Жалпы, сөз – қатынас құралы ғана емес, ол – өнер! Өнер болғанда да бар өнердің көшбасшысы. Сондықтан да халқымыз «Өнер алды – қызыл тіл» дейді. Сөз өнері жөнінде халық даналығы мен әйгілі ойшылдарымыздан қалған тұжырымдар да аз емес [175].

Бүгінгі таңда қазақ тілінің ұлттық корпусына әзіл-оспақ ішкорпусы еңбегендігін көруге болады.

Лингвомәдени ішкорпусын зерттеуші Н.М. Ашимбаева, А.Ә. Жанабекова «Лингвомәдени білімдер жүйесін ұлттық корпусқа енгізуде көне атауларды зерттеу» мақаласында төмендегідей ой білдіреді:

«Кез келген сөздің қандай мағынаны білдіретіндігі туралы ақпарат та пайдаланушы үшін қажетті сұраныс тудырады. Сондықтан Ұлттық корпустардан ізделген сөздің лексикалық мағынасымен бірге, мәдени бірліктердің мәдени семантикасы туралы да ақпарат беру, ең алдымен, ұлт тілұстарманы үшін маңызды болып табылады.

Лингвомәдени бірліктер мен олар туралы мәдени білімдер жүйесі және мәдени мәтіндерді жинақтаушы банк, ол – Қазақ тілінің лингвомәдени ішкорпусы. Бұл ішкорпус түрі – қазақ тілінің кең ауқымды мәдени-лингвистикалық қоры болғандықтан, оған енетін мәтіндер мен мәдени бірліктер тақырыптары жан-жақты болып келеді.

Мәдени-семантикалық белгіленім – сөздердің мағыналық құрылымында кодталған ұлт мәдениеті туралы білімдер жүйесі. Мәдени білімдер жүйесін ішкі формасында сақтаушы бірлік, ол – сөз, яғни мәдени бірліктер болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, әдеттегі түсіндірме сөздіктер сөздерді тіркеуші және сөздердің лексикалық мағынасы туралы ақпарат беруші құрал болса, мәдени сөздіктер сөздердің лексикалық мағынасын емес, сөздердің шығу уәжімен байланысты ұлттық салт-дәстүр, тұрмыс-салтпен байланысты мәдени семантиканы да түсіндіреді. Ал мәдени сөздіктер Лингвомәдени корпустардағы этнолингвистикалық белгіленімдерді (мәдени-семантикалық) жасауға негіз болады» [176, б. 26-27].

«Лингвистикалық корпус» терминіне осы саланың көрнекті маманы В.П. Захаров мынадай анықтама береді: «Лингвистикалық немесе тілдік корпус дегеніміз – нақты лингвистикалық міндеттерді шешуге арналған үлкен, электронды түрдегі, біріздендірілген, құрылымданған, белгіленім қойылған тілдік деректердің жиынтығы» [159, с. 4]. Корпус терминінің ғылыми берілген анықтамаларында бірізділік жоқ. Дегенмен, ғалымдардың тұжырымдамалары корпусты әр тілдегі электронды пішінге келтірілген, яғни бір басқару

орталығынан автоматты түрде жұмыс істейтін, лингвистикалық ақпараттарды қамтитын мәтіндер жинағы деп тұжырымдайды. Корпус құрудың басты мақсаты – табиғи тілдік ресурстарды жинау, қалыпқа келтіру, жүйелендіру, нәтижелерді ұтымды пайдалану үшін тұтынушыға ұсыну [159, с. 4].

Корпустық әдіс әзіл-оспақ дискурсын зерттеуде де тиімді қолданылып келеді. Semantic Script Theory of Humor (SSTH) – юмордың лингвистикалық табиғатын түсіндіретін маңызды теориялардың бірі. Бұл теорияны Victor Raskin алғаш 1979 жылы ұсынып, кейін 1985 жылы жарияланған «Semantic Mechanisms of Humor» атты монографиясында толық дамытты. SSTH теориясы әзілдің семантикалық құрылымын түсіндіруге бағытталған және қазіргі әзіл-оспақ лингвистикасының негізгі теориялық базаларының бірі болып табылады.

SSTH теориясының басты мақсаты – әзіл-оспақты қабылдаудың когнитивті механизмдерін түсіндіру. Бұл теорияға сәйкес мәтінді қабылдау кезінде екі семантикалық қарама-қайшы семантикалық сценарийлер белсенділіктері қатар артқанда әзіл-оспақ әсері пайда болады. Сценарий деген түсініктің астарында жағдайлар мен құбылыстар туралы адамның білімдерінің жиынтығы түсіндіріледі. Теорияның басты ережесі – мәтін семантикалық қарама-қайшылықтағы екі түрлі сценарийлермен сәйкестенуі керек. Әзілдің басында адресат мәтінді бір сценарий мазмұны бойынша түсінілетін болса, аяғында әзіл басқаша қорытындыланып, екінші сценариймен бітеді. Әзіл-оспақтың осылай аяқталуы күлкі әсерін береді.

Зерттеу жұмысымызда жанрлық форма, жанрлық өріс тіркестері қолданылғанымен, аталған тіркестер «барлық жағдайлар үшін» әдеби классификация ретінде емес, корпустық талдауға бірлікті ұсынудың операциялық формасы ретінде маңызды.

Егер әзіл диалог ретінде ұсынылса, экспериментте оны репликасыз бір жолмен жазу мүмкін емес: тайминг жоғалады, онымен бірге әсердің бір бөлігі де жоғалады. Егер бірлік сұрақ пен жауап болса, бұл жәй бейресмилік емес, күтілген жағдайды бөліп орналастыру формасы. Егер шағын әңгіме екі сөз тіркесінен фон құрып, содан соң ғана интерпретацияны күрт ауыстырса, онда бұл микро сюжетті екі тәуелсіз бірлікке бөлуге болмайды. Бұл жағдайда, кодтау тек сыртқы жағынан ұқыпты көрінетін болады.

Зерттеуіміздің келесі тараушасында жоғарыда айтылған теориялар негізінде корпустық және сандық талдау әдістері арқылы әзіл-оспақ дискурсын зерттеудің әдіснамасын ұсынуға ұмтылыс жасаймыз.

1.5 Әзіл-оспақ дискурсын зерттеудің әдіснамасы

Тіл білімінің заманауи дамуында қолданылатын әдістердің ішінде тіл деректерін жүйелі және репрезентативті зерттеудің тиімдісі – корпустық және сандық статистика жасау әдістері. Корпустық талдау арқылы әзіл-оспақ дискурсының лингвомәдени және прагматикалық ерекшеліктерін зерттеу де кең қолданысқа ие. Бұл әдістің басқа әдістермен салыстырмалы түрде басымдылығы

үлкен көлемдегі мәтіндерді жинақтап, олардың жиілік көрсеткіштері негізінде салғастырмалы талдауға қол жеткізе аламыз.

Әдістеме – адамдардың қызметіндегі танымдық және тәжірибелік ерекшеліктерін ашатын, олардың ғылыми зерттеулерде қолданылатын заңдылықтары негізінде өзара байланыстағы теориялық ережелердің жүйесі [177, с. 36-37].

Әзіл-оспақты зерделеу барысында тілдік бірліктерді семантикалық және прагматикалық, мәдени сипаттамаларына қарай кешенді зерттеу қажеттілігі көрінеді. Осыған орай, әзіл-оспақтың табиғатын зерттеуде оның семантикалық және прагматикалық қырынан сараптауға бағытталған теориялардың маңызы артады [74].

1.4. тараушада атап өткеніміздей осындай теориялардың бірі ғалым В. Раскиннің Semantic Script Theory of humour (SSTH) теориясы, бұл теория әзіл-оспақты зерттеудегі теориялық негіз болып табылады. Зерттеу нысаны болып отырған әзіл-оспақ мәтіндеріндегі сценарийлердің қайталану жиілігін анықтауға мол мәтіндік деректер қоры керек болады.

Ғалымдар С.Аттардо мен В.Раскиннің әзірлеген General Theory of Humor (GTVH) теориясында әзіл-оспақты құрылымдық деңгейде талдауға мүмкіндік туғызатын алты негізгі білім ресурстары көрсетіледі. Бұл модель заманауи корпус лингвистикасында мәтіндерді категориялауға жиі қолданылады.

Корпустық талдау әдісі – нақты бір тілде кездесетін зерттеу нысанына қатысты мәтіндердің электрондық нұсқаларын бір жерге шоғырландырып, электрондық бағдарламалардың көмегімен өңдеу. Нақты деректерге сүйене отырып зерттеу – бұл әдістің негізгі ұтымдылығы болып табылады. Корпустық зерттеу жасау кезінде қатаң қағидаларға сай мәтіндер таңдалып алынады, соның негізінде тақырыптық, жанрлық корпустар құрастырылатын болады.

Зерттеу жұмысымызда әзіл-оспақ дискурсының жазбаша түрдегі вербалды қазақ тіліндегі қалжыңдары мен ағылшын тіліндегі wit бірліктері 50+50 шамасымен зерттеуіміздің корпусын құрап отыр.

Әзіл-оспақ дискурсын корпус негізінде зерттеу арқылы прецеденттік атаулар, тағы басқаларының қолданылу жиіліктерін анықтаймыз. Нәтижесінде, зерттеу нысанымыздың лингвомәдени қырынан шынайы сипатына қол жеткізе аламыз.

Осы саланы зерттеуші ғалым М.А. Кулинич (1999) әзіл-оспақты лингвомәдени қырынан талдайды. Әзіл-оспақты психологиялық, әлеуметтік-мәдени және ұлттық-мәдени қырларынан зерттей келе, оны күрделі пәнаралық құбылыс деп сипаттай отырып, әзіл-оспақ актісі схемасын әзірледі [108, с. 65-66]. Ол әрбір тілде қолданысқа түсетін әзіл-оспақтар ұлттық танымдық ұстанымдар мен мәдени кодтарға өзара сабақтастықта деп айқындайды [178].

Лингвомәдени талдау – қос тілдегі әзіл-оспақ дискурсының пайда болудағы мәдени айрықша белгілерін зерттеуге негізделген әдіс. Осы әдісті пайдалану ұлттық дәстүр мен менталитет, тарихи әлеуметтік дербестікке

бағытталған мәдени шындықтар аралас әзіл-оспақтарды талдауға мүмкіндік береді.

Мысалы, қазақы қалжың мәтіндерінде ұлттық ерекшеліктер ретінде той, құда, құрдас, сарқыт, жезде сияқты мәдени белгілер рөлдік нормамен бірге жұмыс істейді, ал ағылшын қалжыңында, банкет, әдеби орта, көпшілік алдындағы сөз, саяси пікірталас мәдени ерекшеліктерін айқындайды.

Ғалым В. Воробьев тіл мен мәдениет арасындағы байланысты анықтау лингвомәдениеттанудың мақсаты деп атап өтеді. [179].

Корпустық талдау әдісі прагматикалық зерттеулерде де кеңінен қолданыс тапқан. Прагматикалық талдау әдісі – грек тілінен прагматос (іскерлік, іс-әрекет) – бұл сөйлеудегі тілдік белгілердің қызметі зерттелетін ғылым саласы (семиотика, лингвистика). Лингвистикалық прагматика тақырыпқа (мәтін авторына), адресатқа (оқырманға) және ең бастысы – олардың қарым-қатынас актісіндегі өзара әрекеттесуіне байланысты мәселелерді қамтиды. Тілдік құбылыстарды суреттеудегі прагматикалық көзқарас, атап айтқанда, лингвистикалық зерттеулердің мәтінге қатысты тіл білімінің прагматикалық аспектісін сипаттау бірлігі ретінде көрініс тапты. Мәтін прагматикасы лингвистикалық зерттеу саласы ретінде XX ғасырдың 60-70 жж. Дж. Остин, Дж.Р. Сирл және басқалардың сөйлеу әрекеті теориясын, П. Грейс айтқан прагматикалық мағына теориясын және Дж. Сирл, П.Ф. Строусон және басқалары алып келді [180, б. 383-394].

Ғалым И. Кечкеш мәнмәтін динамикасының қарқынды болуын ескеріп, қарым-қатынас кезінде мағына үздіксіз алмасатынын айтады [127]. Адресат әзілді қалай қабылдайтыны оның фондық білімі мен мәдени тәжірибесіне, сондай-ақ коммуникативтік жағдайға тәуелді болатындықтан мәнмәтін әзіл-оспақ мәтіндерінде айрықша рөл атқарады. Сол себепті әзіл-оспақ дискурсын зерттегенде зерттеу нысанына алынған мәтіндердің тілдік құрылымы жағынан ғана талдау жасау жеткіліксіз, оны прагматикалық қызметінің жүзеге асуы жағынан да саралау маңызды.

Корпустық лингвистикада талдаудың ерекше сатысы – бұл алынған мәтіндерді операцияландыру мен аннотациялау.

Операцияландыру – зерттеуге маңызы бар бақылап, өлшеуге келетін теориялық түсініктерден нақты көрсеткіштерге ауыстыру үдерісі. Аннотация – бұл арнайы белгілер мен категориялар, түсіндірмелерді пайдалану арқылы корпус мәтіндерін белгілеу үдерісі. Аннотациялау үдерісінде тілдік бірліктер белгілермен кодталып, мәтінді жүйелеуді, оларға талдау жұмысын жасауды жеңілдетеді. Мысалы: біздің зерттеуімізде қалжыңдарды статистикалық өңдеу кезінде осы жасырынған кодтармен жұмыс жасалады. Сандық статистика тілдік материалды математикалық әдістермен сипаттауға қолданылады, мұндай қолданыс тілдің қызметіндегі заңдылықтарды көрсетуге көмектеседі. Тілдегі құбылыстардың кездейсоқ емес, жүйелі сипатта болатынын дәлелдеуге ықпалдасады.

GTVN теориясын эмпирикалық тұрғыдан байқау мақсатында әзіл-оспақты зерттеу кезінде көбіне статистикалық әдістер қолданылады. Әзіл-оспақты зерттеген ғалымдар S.Attardo мен V.Raskin әзіл-оспақ теориясының көпқырлылығын бақылау үшін статистикалық және эксперименттік әдістерді пайдаланған болатын [181]. Зерттеу барысында ғалымдар түрлі әзіл-оспақ мәтіндерінде пайдаланылған құрылымдық ұқсастықтарды салыстыра келе, қандай сценарийлер жиі қолданатынын сандық статистиканың көмегімен айқындаған. Тіл білімінде сандық талдауда жиілік көрсеткіштерге ерекше мән беріледі, себебі мәтінде тілдік бірліктердің неше рет кездесетінін анықтайтын статистикалық көрсеткіштердің маңыздысы болып табылады. Пайыздық мөлшерлемелерді талдау да зерттеудің аса маңызды қыры. Біз зерттеу жұмысымызда қазақ тілі мен ағылшын тілі ішкорпустарында жиі кездесетін тақырыптарды санамалап талдайтын боламыз. Әзіл-оспақ дискурсын өзге тілге аудару кезінде болатын қиындықтарды статистикалық әдістер көмегімен зерттеу де маңызды. Д. Чайро әзіл-оспақты өзге тілге аударудағы мәдени тәуелділікті жан-жақты зерделей келе, бірқатар әзілдер өзге мәдениетте қабылданбайды деп қорытындылайды [170]. Мұндай жағдайда зерттеудің шынайы нәтижесін алу үшін түпнұсқадағы мәтін мен аудармадағы мәтіндерден қатарластырылған корпус құрылады, екі корпустың нәтижелеріндегі тілдік бірліктердің қаншалықты сәйкес келетіндігі салыстырмалы түрде санамаланады. П. Сабальбеаскоа әзіл-оспақты аудару мәселесіне пәнаралық зерттеу тұрғысынан қарайды [171]. Ғалым әзіл-оспақты аударуда тек сапалық талдау аз, статистикалық деректердің де қолданылуы қажеттілігін атап өтеді. Зерттеушінің бұл тұжырымы заманауи аудармадағы корпустық әдістердің дамуына үлес қосқан маңызды пікірлердің бірі болды. А. Фуэнтес Луке өзге тілдерден аударылған әзіл-оспақ материалдарының бөгде тілде сөйлейтіндерден сауалнама алу арқылы олардың қабылдауындағы айырмашылықтарды білу үшін пайыздық талдау әдісін қолданған [182].

Зерттеу жұмысымызда Microsoft Excel кодтау матрицасы бағдарламасы қалжың мәтіндерін кодтауда, IBM SPSS Statistics бағдарламасы респонденттердің сауалнамаға берген жауаптарын талдауға қолданылады. Зерттеу корпусының көлемі, мәтіндердің репрезентативтілігі, кодтау сапасы нәтижелердің валидтілігін қамтамасыз етеді.

Зерттеуде аралас әдістер (mixed methods) жиі қолданылады. Аралас әдіс – бұл құрамында екі бөлек фазадағы зерттеу бағытын қосатын әдіс: сандық, онан кейін сапалық [183, p. 188].

Алдымен зерттеуші сандық ақпараттары бар сандық деректерді жинақтап талдайды. Екінші фаза мәтін үлгісіндегі сапалық деректерді жинақтап, талдайды. Бұл алғашқы фазада алынған сандық нәтижелерді түсіндіріп, нақтылауға мүмкіндік береді. Бұл екі фаза зерттеудің аралық кезеңіне байланысты, ал екінші сапалық фаза бірінші сандық фазаға негізделген. Мұндай кешенді әдіс зерттеу нәтижелерінің дәлдігін арттырады. Осы әдісті әзіл-оспақ дискурсында қолданудың негіздемесі Google үлгісіндегі сауалнамалардан алынған сандық

деректер мен сонан соң оларды талдау, зерттеу мәселесін кеңінен түсінуге мүмкіндік береді, ал сапалық деректер мен талдау осы статистикалық нәтижелерді нақтылайды және түсіндіреді, мәселеге тереңірек үңіліп, нәтижелерді толық түсіндіреді [183, p. 189].

Соңғы жылдарда әзіл-оспақтың табиғатын психология мен лингвистиканың қиылысу шекарасында зерттеуге бағытталған ізденіс жұмыстары белсенді даму үстінде.

Британдық ғалым А. Кларктың «The Eight Patterns of Humour» зерттеу жұмысында ұсынған әзілдердің сегіз құрылымын тану теориясы бағыттындағы ізденістері осы саланың дамуына зор үлес қосты. Бұл теория әзіл-оспақты түсінудің негізінде кішкентай мағыналық бірліктерден тұратын когнитивті құрылымдар жататынын айтады. Бұл бірліктер адамның санасында көп мөлшерде сақталып, сыртқы қоршаған ортадан түскен ақпараттарды өздігінен ықшамдап жеткізеді. [184, p. 16]. Ғалым А. Кларк теориясының негізінде ақпарат бірліктері, оларды қабылдау мен түсінудегі когнитивті құрылымдар тәрізді бірқатар кілт түсініктер жатыр. Зерттеуші бұл құрылымдарды ақпарат бірліктерінің сипатына және мәнмәтінмен байланыстылығына тәуелді екі түрге бөліп қарастырады. Бұл екі түрі өзара байланысқа түсе отырып, адамзаттың қоршаған ортаны қабылдауы мен өзінше түсінуіне әсер ететін жүйе түзеді [184, c. 36]. Ғалым А. Кларктың пікірінше, әзіл сезімі адамға комикалық сөйлеуді қабылдап немесе айтумен ғана шектелмейді, сондай-ақ ол танымдық үдерістерді белсендендіретін маңызды фактор болып табылады. Әзіл-оспақты осы қырынан зерттеу когнитивті лингвистиканың дамуы мен адамзаттың ойлау үдерісіндегі ерекшеліктерді терең ұғыну үшін аса қажет. «Basically humour is all about information processing, accelerating faculties that enable us to analyse and then manipulate incoming data» [184, p. 12]. Зерттеушінің зерттеу нәтижелеріндегі басты құндылық – әзіл-оспақты зерттегенде оның қалай пайда болғандығын ғана назарға алмай, әзілді қабылдау кезіндегі үдерістер арқылы когнитивті процестердің даму жолдарын қарастырады.

Біздің бұған дейінгі жарық көрген «Humorous Discourse in Developing Intercultural Interaction: A Linguacultural Analysis» мақаламызда қазақ тілді студенттер мен ағылшын тілінде сөйлейтін шетел студенттерінің қазақ және ағылшын әзіл-оспағын қабылдаудағы ерекшеліктері сауалнама нәтижелері бойынша салғастырмалы әдіс арқылы талданды. Жергілікті студенттермен қарым-қатынас кезінде әзілді пайдалану жиілігі туралы деректерді талдау әзілдің салыстырмалы түрде, әсіресе халықаралық студенттер арасында сирек қолданылатынын көрсетті. Әзілді сирек қолданудың негізгі себептері – тілдік кедергілер, мәдени айырмашылықтар және әзілдің дұрыс түсінілетініне сенімсіздік деп қорытындыланды [185 p. 177-184.].

Диссертациялық зерттеуімізде әзіл-оспақ бірлігін талдаудың интегративті моделін ұсынамыз.

Интегративті модель GTVN алты білім ресурстарынан өзгеріссіз құрылады, оның ішінде script opposition, logical mechanism, situation, language

бар. Target ресурсы жағдаймен бір блокқа біріктіріледі, себебі нысан шағын бірлікте болғанда тақырыптық жағдайдан тыс сирек оқылады; Narrative strategy ресурсын қысқа материалда бақыланатын жанрға, яғни one-liner, диалог, сұрақ-жауап, шағын әңгімеге аудару ыңғайлы. Бұл жерде GTVN мәтіндік теория ретінде тікелей кодтамайтын екі блок қосылады: прагматикалық функция және рецептивті қабат. Соңғы екі бөлек айнымалыға ыдырайды, мысалы, фондық білімге тәуелділік дәрежесі және мәдениетаралық ауыспалылық-қабылдау [76, p. 136-156], [126]-[172].

Genre form / Жанрлық форма

Бұл модельдегі жанр үлкен әдеби форманы емес, әзіл-оспақ бірлігін мәтіндік рәсімдеу әдісін білдіреді. Жұмыс санаттары қарапайым: G1 = қысқа ұтқыр жауап; G2 = диалог арқылы берілген қалжың; G3 = жағдаятқа негізделген реплика; G4 = қысқа оқиға ішіндегі түйін; G5=шешендік жауап. Эксперимент үшін параметр техникалық тұрғыдан маңызды, өйткені диалогтық бірліктер репликаларды сақтай отырып ұсынылады, әйтпесе күту ырғағы өзгереді; аударма үшін жанр жиі сақталады, бірақ кейде тежеуді қажет етеді.

Script opposition / Сценарийлік қарама-қарсылық

Бұл SSTH / GTVN-ден тікелей келетін орталық жақтау параметрі. Кез келген «екі мағына» кодталмайды, атап айтқанда олардың жанасқан түрі: SO1 – күтілетін жауап / нақты жауап; SO2 – тура мағына / ауыспалы мағына; SO3 – норма / ауытқу; SO4 – жоғары мәртебе / төмендетілген мәртебе; SO5 – салмақты сөз / ойын сөз; SO6- ресми жағдай / бейресми жағдай. Аударма мен экспериментте бұл параметр түсініктің күшті болжаушыларының бірі ретінде жұмыс істейді: сөзбе - сөз / ауыспалы жиі тежеледі, ал "өзімдікі / өзгенікі" мәдени оппозиция бастапқы қауымдастықтан тыс ашықтықты тезірек жоғалтады [158], [186], [76].

Logical mechanism / Логикалық механизм

Логикалық механизм мәтіннің адресаттың бірінші оқудан екіншісіне өтуіне қалай әсер ететінін көрсетеді. Жұмыс шкаласы келесідей болуы мүмкін: LM1 – күтпеген мағыналық ауысым; LM2 – ирониялық жауап; LM3 – қарсы жауап; LM4 – салыстыру; LM5 – әсірелеу; LM6 – тура мағыналау; LM7 –рөлдік ауысым; LM8 – сөз ойыны. Аударма үшін LM ең қауіпті параметрлердің бірі болып табылады: LM1 сөзбе-сөз ең нашар тасымалданады, ал LM2-LM4 оңай өтеледі.

Situation / Қатысымдық жағдай

Жағдай әзіл танылатын тақырыптық көріністі кодтайды; Жағдайлар: S1-туыстық орта; S2 – достық немесе құрдастық орта; S3 – той, қонақтық, айтыс ортасы; S4 – әдеби шығармашылық орта; S5 – қоғамдық немесе шешендік орта; S6 – тұрмыстық жағдай.

Language means / Тілдік іске асу

Параметр тілдің қандай тәсілдермен күлкілі әсері туындайтынын дәл анықтайды. Санаттар: LA1 – лексикалық таңдау; LA2-фразеологиялық ауысым; LA3 – синтаксистік ықшамдық; LA4 – қайталау немесе паралелизм; LA5 –

метафоралық немесе метонимиялық ауысым; LA6 – дыбыстық немесе графикалық сәйкестік. Дәл осы жерде аудармашы «жақын тасымалдау мүмкін бе, мәтіннің басқа нүктесінде толықтыру қажет пе, немесе әзілдің тірегін толығымен өзгерту керек пе» екенін көреді. Экспериментте LA6 әдетте дайын фонсыз толық түсінбеу қаупін арттырады [126]-[187].

Pragmatic function / Прагматикалық қызмет

Бұл параметрдің қажеттігі әзіл ешқашан «күлкі үшін мәтін» ретінде өмір сүрмейді. Функциялар келесідей кодталады: PF1-жақындықты орнату; PF2-жұмсартылған сын; PF3 - өзін -өзі әжуалау; PF4 – беделді қорғау немесе көрсету; PF5- ыңғайсыздықты жұмсарту; PF6-әлеуметтік норманы бұзу немесе қайта бекіту. Эксперимент үшін маңызды түзету: қатысушылар репликаны (жауап қатуды) түсінікті, бірақ сәтсіз, қатал немесе «орынсыз» деп санауы мүмкін. Содан кейін күлкілікті бағалау әзіл механизміне байланысты емес, функцияға байланысты төмендейді [169].

Degree of dependence on cultural knowledge / Фондық білімге тәуелділік дәрежесі.

BK1 - төмен фондық тәуелділік: түсіну үшін қажет нәрсенің бәрін мәтіннің өзі береді немесе мәдени арнайылықсыз күнделікті тәжірибеге сүйенеді. BK2 - орташа фондық тәуелділік: кең әлеуметтік энциклопедиядан (оқу, отбасылық рөлдер, жұмыс әдеттері, тұрмыстық нормалар) бір сыртқы білім жиынтығы (пакеті) қажет. BK3-жоғары фондық тәуелділік: прецедент атауы, жергілікті оқиға, тарихи тұспал, ұлттық таңбаланған әзіл немесе мәдени бекітілген сценарий болмаса, адресат әзілді түсінбейді немесе ішінара түсінеді. Бағалау үшін екі сатылы процедура пайдалы: алдымен кодтаушы минималды алғышарттар жиынтығын жазады, содан кейін бұл бағалау жергілікті емес адресаттардың шағын (сынақтық) пилоттық тобында тексеріледі. Егер анықтамасыз дұрыс парафраза кем дегенде 75 % берілсе, бірлік BK1 – ге өтеді; 40-74% диапазонын BK2-ге жатқызу орынды; 40% - дан төмен – BK3.

Аударма кезінде комикалық әсердің жоғалу қаупі.

Параметр енді «әзіл қалай әсер етеді?» және «оны басқа мәдениет пен басқа аудитория қалай қабылдайды?» деген сұраққа жауап береді. Жұмыс шкаласы: TR1 – төмен қауіп; TR2 – орташа (әсер сақталады, бірақ өтемақы, регистрді бейімдеу, тұспалдауды ауыстыру қажет); TR3 – жоғары қауіп. Бұл параметр корпуссты экспериментпен тікелей байланыстырады. Егер қатысушылар аударманың түсінікті, күлкілі және табиғи екенін 1-5 шкаласы бойынша бағаласа, TR алдын ала мәтіндік гипотеза ретінде әрекет етеді және эксперимент оның шынайы аудиторияда тексеруге жарамдылығын көрсетеді.

Корпус пен эксперимент жасауға операциялау

50 + 50 корпусы үшін негізгі болжаушылар (предикторы): SO, LM, BK, TR, LA және TARGET. GENRE, SITUATION параметрлері және таңбалауыштардағы бірлік ұзындығы (LEN) бақылау, себебі олар механизмнің өзін өзгертпестен қабылдауға әсер етуі мүмкін. Егер эксперимент аударманың түсінікті, күлкілі және табиғи бағаларын жинаса, айнымалылар келесідей бөлінеді:

UNDERSTAND (0/1 немесе 1-5), FUNNY (1-5), NATURAL (1-5), TRANSLATABLE (1-5). Бірлік көзі (SRC: KAZ / ENG) бақылау ретінде қосылуы керек: ол жеке параметрлерге дейін азайтылмайтын материалдың асимметриясын ұстайды.

Статистикалық модульде номиналды санаттар жалған айнымалылар жиынтығына (dummy coding) аударылады, ал ВК және TR реттік шкалалары 1-3 деңгейлерінің ретін сақтайды. Шағын үлгіде олар кросс-кестелермен, χ^2 , Манн-Уитнидің U критерийімен және медианалық айырмашылықтар сынақтарымен шектелді. Егер эксперимент әртүрлі респонденттерден бір материалға бірнеше баға берсе, реттік регрессия немесе аралас модель күштірек жұмыс істейді, мұнда әзіл мен респондент бөлек есептеледі.

Кесте 6 – Параметрлерді кодтау

Параметр	Категория / шкала	кодтама	Рецепцияға/ аудармаға әсері
Жанрлық форма	Қысқа ұтқыр жауап; диалог; жағдаятқа негізделген реплика; қысқа оқиға ішіндегі түйін; шешендік жауап.	G1-G5	Диалог және Q/A тайминг пен репликаның сақталуын қажет етеді; «өзгеріске түскенде» пішін әсердің бір бөлігін жоғалтады.
Сценарийлік карама-қарсылық	күтілетін жауап / нақты жауап; тура мағына / ауыспалы мағына; норма / ауытқу; жоғары мәртебе/ төмендетілген мәртебе; салмақты сөз / ойын сөз; ресми жағдай / бейресми жағдай.	SO1-SO6	Мәдени таңбаланған оппозициялар көбінесе бастапқы ортадан тыс түсінудің сәтсіздігін тудырады.
Логикалық механизм	күтпеген мағыналық ауысым; ирониялық жауап; қарсы жауап; салыстыру; әсірелеу; тура мағыналау; рөлдік ауысым; сөз ойыны.	LM1-LM8	LM1 көбінесе бейімделуді қажет етеді; LM2-LM4 оңай өтеледі.
Қатысымдық жағдай	туыстық орта; достық немесе құрдастық орта; той, қонақтық, айтыс ортасы; әдеби шығармашылық орта; қоғамдық немесе шешендік орта; тұрмыстық жағдай.	ST1-ST6 + T0-T4	Өзін - өзі келемеждеу мен тұрмыс әдетте ауыспалылыққа бейім; жергілікті саяси көзделген мақсаттың ауыспалылыққа бейімдігі аз.

6 - кестенің жалғасы

Параметр	Категория / шкала	кодтама	Рецепцияға/ аудармаға әсері
Тілдік іске асу	лексикалық таңдау; фразеологиялық ауысым; синтаксистік ықшамдық; қайталау немесе паралелизм; метафоралық немесе метонимиялық ауысым; дыбыстық немесе графикалық сәйкестік.	LA1-LA6	LA6 фонға тәуелділікті күрт арттырады; LA1 сөзбе сөз жиі ауысуы қиын.
Прагматикалық қызмет	жақындықты орнату; жұмсартылған сын; өзін -өзі әжуалау; беделді қорғау немесе көрсету; ыңғайсыздықты жұмсарту; әлеуметтік норманы бұзу немесе қайта бекіту.	PF1-PF6	Қатысушылар мәтінді түсінуі мүмкін, бірақ функцияның орынсыздығына байланысты күлкілі болу деңгейін бағалауда төмен бағалануы мүмкін.
Фондық білімге тәуелділік дәрежесі	төмен; орташа; жоғары	BK1-BK3	BK неғұрлым жоғары болса, алдын-ала білімсіз толық емес парафраза қаупі соғұрлым жоғары болады.
Аударма кезінде коммуникалық әсердің жоғалу қаупі	өте төмен; орташа; жоғары	TR1-TR3	Аударма стратегиясының тікелей болжаушысы: жақын аударма / өтеу/аналогпен ауыстыру.

Зерттеу жұмысымыздың барысында атқарылған іс-әрекеттерді кезеңдерге бөліп сипаттайтын болсақ:

- Талдау әдісі әзіл-оспақ дискурсы, лингвомәденит саласына қатысты теориялық ақпараттарды талдауда қолданылды;

- Психолингвистикалық әдістер арқылы қазақ және ағылшын тіліндегі қалжыңдардың үлгілерін екі лингвомәдениет өкілдеріне ұсынған сауалнама жауаптары сараланды;

- Корпустық іріктеу кезінде 50 қазақ қалжыңы және 50 ағылшын wit бірліктері модель параметрлері бойынша іріктелді;

- SSTH, GTVN, лингвопрагматика, лингвомәдени талдау және рецептивтік бағалау әдістері қолданылды;

- Қазақ және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі әзіл-оспақтар салғастырмалы талдау әдісімен талданып, олардың ортақ және айырым белгілері анықталды;

- Зерттеудің аралас әдіснамасы арқылы сапалық корпус талдауы және сандық эксперименттік талдау жүргізілді;

- Бағдарламалық өңдеу: корпус Microsoft Excel кодтау матрицасында, респондент жауаптары IBM SPSS Statistics бағдарламасында өңделді.

Қорыта келе, корпустық талдау мен сандық статистика қазіргі лингвистикалық зерттеулердің маңызды әдіснамалық негіздерінің бірі болып табылады. Бұл әдістер әзіл-оспақ дискурсының құрылымдық, прагматикалық, лингвомәдени ерекшеліктерін объективті түрде сипаттауға мүмкіндік береді. Әзіл-оспақ табиғатының күрделілігін ескере отырып, аталған әдістерді кешенді қолдану диссертациялық зерттеудің ғылыми дәлдігін және теориялық маңызын арттырады.

Бірінші бөлім бойынша тұжырым

Осы тарауда заманауи тіл біліміндегі дискурс және әзіл-оспақ ұғымдарының теориялық-әдістемелік негіздері кешенді түрде қарастырылды. Зерттеу барысында дискурс ұғымының лингвистика, прагмалингвистика, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану сияқты салаларда әрқилы түсіндірілетіні анықталды.

Ғалымдардың көзқарастарын жүйелей келе, дискурс мәтінмен ғана шектелмейтін, оны жасау мен қабылдау үдерісін, сөйлеуші мен қабылдаушының мақсат-ниеттерін, әлеуметтік-мәдени, прагматикалық және когнитивтік факторларды қамтитын күрделі коммуникативтік құбылыс екені айқындалды.

Талдау нәтижелері дискурс пен мәтін ұғымдарының ара-жігін ажыратудың ғылыми маңызын көрсетті: мәтін – тілдік нәтиже болса, дискурс – сол мәтіннің нақты коммуникативтік жағдаятта жүзеге асуы. Осы тұрғыдан алғанда, дискурс тілдің «қолданыстағы» динамикалық сипатын бейнелейтін негізгі бірлік ретінде танылады.

Зерттеу барысында әзіл-оспақ ұғымына қатысты қазақ және шетел ғалымдарының, сондай-ақ түсіндірме сөздіктердің анықтамалары сараланды. Әзіл-оспақтың тек күлкі тудыратын құрал ғана емес, адамның шындықты қабылдау тәсілі, эстетикалық әрі әлеуметтік құбылыс екені анықталды. Әзіл-оспақта ойын, әжуа, кекесін, ирония сияқты экспрессивті құралдар арқылы болмыстағы қайшылықтар мен үйлесімсіздіктер жеңіл әрі жағымды формада беріледі.

Әзіл-оспақ дискурсы дискурстың теориялық мәселелері ғалымдардың ғылыми тұжырымдары арқылы көрсетілді. Әзіл-оспақ адресант пен адресат арасындағы қарым-қатынасты реттеуші, әлеуметтік шиеленісті жеңілдетуші, мәдени бірегейлікті танытушы құрал ретінде қызмет атқарады. Сонымен қатар әзіл-оспақтың мәнмәтінге, мәдени ортаға, ұлттық дүниетанымға тәуелді екені анықталды.

Қалжың мен wit ұғымдарының мағыналық қолданыстары мысалдар арқылы талданып, сөзтіркестермен қолданылу ерекшеліктері кестеге жинақталып, нақты мысалдар арқылы зерделенді.

Ғалымдардың зерттеулері негізінде әзіл-оспақ дискурсын зерттеудің теориялық әдіснамасы берілді.

Осы тарауда қарастырылған теориялық тұжырымдар мен ғылыми көзқарастар зерттеудің кейінгі практикалық және салғастырмалы талдауларына әдістемелік негіз ретінде пайдаланылады. Қазақ және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі қалжың (wit) әзіл-оспақ дискурсының бір түрі бола отырып интегративті модельдің көпдеңгейлі талдау жүйесі негізінде салғастырыла талданды.

2 ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ҚАЛЖЫҢДАРЫН КОРПУСТЫҚ САЛҒАСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЗЕРТТЕУ

2.1 Корпустық материалды операцияландыру және қазақ қалжыңының лингвомәдени сипаты

Қысқа вербалды қалжың / wit бірлігін талдаудың интегративті моделі қазақ және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі қалжыңды нақты қатысымдық жағдайда іске асатын дискурстық бірлік ретінде қарастыруға негізделеді. Зерттеу нысанына алынған материалдың табиғаты осы талапты қажет етеді. Қазақ корпусындағы қалжыңдардың басым бөлігі белгілі бір адамға, белгілі ортаға, қатысушылар арасындағы әлеуметтік байланысқа және сол сәтте айтылған ұтқыр жауапқа сүйенеді. Ағылшын корпусындағы wit бірліктері де осы өлшеммен іріктеледі: нақты тұлға, нақты жағдай, сөзге түрткі болған себеп және оған берілген қысқа тапқыр жауап. Аталған модельдің бастапқы ұстанымы мынаған тіреледі: қалжыңды түсіну үшін оның мәтінін ғана оқу жеткіліксіз. Қалжыңның кім тарапынан айтылғаны, кімге бағытталғаны, қандай жағдайда туғаны, сол ортадағы әлеуметтік рұқсат пен сөйлеу әдебі қандай болғаны да ескеріледі. Мысалы, қазақ қалжыңында жезде мен балдыз, құда мен құдағи, құрдас пен құрдас, ақын мен ақын арасындағы сөз қағыстыру бірдей өлшеммен қабылданбайды. Әр қатынас түрі қалжың айтуға өз шегін, өз рұқсатын, өз интонациялық өрісін береді. Ағылшын wit дәстүрінде де жағдай маңызды: парламенттік пікірталаста айтылған тапқыр жауап, әдеби ортадағы әжуа, көпшілік алдындағы сөз кезіндегі ирония немесе дастарқан басындағы қысқа реплика әртүрлі прагматикалық салмаққа ие болады.

Модельдің жоғарғы деңгейінде зерттеу нысаны беріледі. Ол қысқа вербалды қалжың / wit бірлігі деп белгіленеді. Мұндай бірлік ұзақ баяндауға құрылмайды. Оның өзегі бір коммуникативтік сәтке жинақталады. Алдымен жағдай беріледі, содан кейін сол жағдайға қатысушы тұлғалар танылады, артынша қалжыңға түрткі болған сөз немесе әрекет көрінеді. Комикалық әсер көбіне соңғы репликада шоғырланады. Осы себептен корпусқа анонимді күлдіргі әңгімелер (анекдоттар), интернеттегі кездейсоқ әзілдер, сахналық монологтар, визуалды мемдер және көркем шығарма кейіпкерлерінің ойдан шығарылған диалогтары енгізілмейді. Негізгі өлшем нақты айтушы, нақты контекст және тексерілетін дереккөз болып алынады.

Модельдің теориялық негізі бірнеше ғылыми бағыттың түйісуінен құралады. Сценарийлік қарама-қарсылыққа сүйенетін семантикалық теория қалжыңдағы екі мағыналық жоспарды анықтауға мүмкіндік береді. Вербалды әзіл-оспақтың жалпы теориясы қалжыңды сценарий, логикалық механизм, жағдаят, нысана, баяндау формасы және тілдік іске асу тұрғысынан сипаттауға жол ашады. Лингвопрагматикалық бағыт қалжыңның сөйлеу әрекеті ретіндегі қызметін ашады: кімге әсер ету, қандай қатынасты сақтау, қандай норманы жұмсарту немесе бұзу көзделеді. Лингвомәдени талдау қалжыңдағы ұлттық кодты, фондық білімді, дәстүрлі қарым-қатынас үлгісін және мәдени рұқсат

шегін тануға бағытталады. Когнитивтік талдау адресаттың бір мағыналық схемадан екінші схемаға қалай өтетінін түсіндіреді.

Модельдегі келесі ірі бөлік талдау бірлігінің паспорты болып табылады. Әрбір қалжың жеке паспорт арқылы тіркеледі. Паспортта тіл, тұлға, айтушы, тыңдаушы немесе қатысушы, ситуация, түрткі болған себеп, ұтқыр жауап, дереккөз, бет немесе бөлім, жанрлық форма, тақырыптық домен, негізгі механизм және прагматикалық қызмет көрсетіледі.

Мәселен, қазақ корпусындағы бір қалжыңда белгілі ақынның басқа адамға берген жауабы тіркелсе, талдау тек сол жауаппен шектелмейді. Алдымен қатысушылардың кім екені, сөздің қандай ортада айтылғаны, қандай әзілдік рұқсатқа сүйенгені, жауаптың не себепті әсерлі болғаны көрсетіледі. Ағылшын корпусындағы wit үлгісі де осы тәртіппен сипатталады. Samuel Johnson, Mark Twain, Abraham Lincoln немесе басқа тұлғаның репликасы жеке афоризм ретінде алынбайды; ол белгілі әңгіме үстінде, көпшілік алдында, пікірталас барысында немесе нақты ескертпеге жауап ретінде туған сөз ретінде қарастырылады, басқаша айтқанда, әдіс екі корпустың құрылымдық симметриясын сақтайды.

Зерттеу деректері екі корпустан тұрады: қазақ тіліндегі 50 қалжың және ағылшын тіліндегі 50 wit бірлігі. Қазақ корпусына кітаптық дереккөздерден алынған, нақты тұлғаға және нақты қатысым жағдайына байланысты қалжыңдар енгізіледі. Ағылшын корпусына да кітаптық дереккөздерде тіркелген, тарихи тұлғаларға қатысты, ситуациясы бар тапқыр жауаптар енгізіледі. Корпустық талдау мәтіннің қалай құрылғанын, ал эксперименттік рецепция сол мәтіннің қабылдаушы тарапынан қалай бағаланатынын көрсетеді. Екі дерек қабаты бір-бірінен бөлек емес, бір әдістемелік жүйенің жалғасқан буындары ретінде алынады.

Көпдеңгейлі талдау жүйесі модельдің негізгі бөлігі саналады. Ол семантикалық деңгейден басталады. Бұл деңгейде қалжыңдағы негізгі мағына, астыртын мағына, күтілетін жауап, берілген жауап, тура және ауыспалы мағынаның қатынасы белгіленеді. Қалжың көбіне адресаттың бастапқы күтімін бұзады. Қазақ материалында мұндай бұзу әлеуметтік күтілім арқылы іске асады: үлкенге айтылатын сөз, құдаға берілетін жауап, жездеге бағытталған қағытпа немесе құрдасқа айтылған әзіл белгілі бір қатынас нормасын шақырады. Ұтқыр жауап осы норманы бір сәтке өзгертіп, күлкі тудырады. Ағылшын материалында мағыналық ауысым көбіне қысқа ирониялық жауап, дәл қайтарылған сөз немесе қарсыластың уәжін өзіне бұру арқылы жасалады.

Логикалық механизм деңгейінде комикалық әсердің ішкі қозғалысы анықталады. Мұнда инверсия, қайшылық, салыстыру, гипербола, ирония, алданған үміт, күтпеген мағыналық ауысым сияқты тетіктер қарастырылады. Қазақ қалжыңында жиі кездесетін тетік әлеуметтік жағдайды басқа қырынан көрсетуге негізделеді. Алғашқыда қалыпты көрінген ситуация соңғы реплика арқылы жана мағына алады. Ағылшын wit бірлігінде логикалық механизм көбіне жауаптың қысқалығымен, дәлдігімен, ирониялық бұрылуымен танылады. Ұзақ сюжет қажет болмайды; бір сөйлемнің өзі қарсы мағынаны ашуға жеткілікті.

Тілдік іске асу деңгейінде қалжыңның қандай тілдік құралдар арқылы жасалғаны қарастырылады. Қазақ корпусында ауызекі сөйлеу элементтері, туыстық атаулар, бағалауыш сөздер, тұрмыстық лексика, қысқа диалог және сөз қағыстыру үлгілері жиі қызмет атқарады. «Құда», «жезде», «құрдас», «апа», «аға» сияқты сөздер тек атау емес, қатысушылар арасындағы әлеуметтік арақашықтықты да көрсетеді. Ағылшын корпусында қысқа синтаксистік құрылым, параллель жауап, қайталау, ирониялық түзету, стилистикалық қарама-қарсылық жиі байқалады. Бұл айырма екі тілдегі қалжыңның жасалу табиғатын салыстыруда маңызды.


Прагматикалық қызмет деңгейі қалжыңның не үшін айтылғанын түсіндіреді. Қалжың тек күлдіру мақсатында ғана қолданылмайды. Ол қарым-қатынасты жақындатуы, сын айтуы, бедел көрсетуі, шиеленісті жұмсартуы, қарсы тараптың сөзін жеңіл әжуаға айналдыруы немесе сөйлеушінің тапқырлығын танытуы мүмкін. Қазақ материалында қалжың көбіне қатысушылар арасындағы жақындыққа сүйенеді. Мұндай қалжыңда әлеуметтік шекара сақталады, бірақ сол шекараның ішінде еркін сөзге орын беріледі. Ағылшын wit материалында ұтқыр жауап шешендік жылдамдықты, интеллектуалдық басымдықты немесе әлеуметтік қысымнан ирония арқылы шығуды көрсетеді.

Лингвомәдени деңгей қалжыңның мәдени кодпен байланысын ашады. Қазақ қалжыңын түсіну үшін туыстық жүйені, той мәдениетін, қонақтық дәстүрді, үлкен мен кіші арасындағы қатынасты, құрдастық қалжыңның рұқсат етілген шегін білу қажет болуы мүмкін. Бұл фон болмаса, сөздің тура мағынасы түсінікті болғанымен, оның неге дәл сол ортада күлкі тудырғаны толық ашылмайды. Ағылшын wit бірлігінде тарихи тұлғаның қоғамдық орны, парламенттік сөз мәдениеті, әдеби орта, сот немесе көпшілік алдында сөйлеу дәстүрі маңызды болуы мүмкін. Мұндай фон репликаны жай жауап емес, әлеуметтік әрі интеллектуалдық әрекет ретінде қабылдауға мүмкіндік береді.

Көпдеңгейлі талдаудан кейін салыстырмалы сипаттау жүргізіледі. Қазақ және ағылшын корпустары бірдей өлшеммен қаралғанымен, олардың комикалық әсерді ұйымдастыруы бірдей емес. Қазақ қалжыңында жағдай, рөл және қатынас нормасы алға шығады. Ағылшын wit үлгілерінде жауаптың риторикалық дәлдігі, ирониялық ықшамдығы, пікірталастағы ұтымдылығы басым болады. Екі корпуста да инконгруэнттілік бар, бірақ инконгруэнттіліктің орналасқан жері әртүрлі: қазақ материалында ол көбіне әлеуметтік сахнада, ағылшын материалында сөйлеу әрекетінің дәл нүктесінде көрінеді.

Корпустық нәтиже осы салыстырудың жинақталған көрінісін береді. Мұнда басым механизмдер, тақырыптық өрістер, диалогтық құрылым, фондық білімге тәуелділік, прагматикалық қызмет және лингвомәдени кодтар көрсетіледі. Корпустық талдаудың құндылығы сандық көрсеткішпен ғана шектелмейді. Негізгі мақсат әр корпус ішіндегі қалжыңның қалай жұмыс істейтінін, қандай жағдайда әсерлі болатынын, қандай тілдік және мәдени ресурстарға сүйенетінін анықтау болып табылады.

Эксперименттік рецепция модельдің соңғы тексеру қабатын құрайды. Корпуста анықталған белгілер респонденттердің қабылдауымен салыстырылады. Егер бір қалжың жоғары фондық білімге тәуелді болса, оны өз мәдени ортасынан тыс адресат толық түсінбеуі мүмкін. Егер wit тарихи тұлғаның шешендік дәстүріне байланса, оны қабылдау үшін сол тұлғаның қоғамдық салмағын немесе сөз айтылған ортаны білу қажет болады. Эксперимент түсіну деңгейін, қабылдау қиындығын, мәдени асимметрияны және әзіл-оспаққа сезімталдықты анықтауға мүмкіндік береді.



Сурет 2 – Қысқа вербалды қалжың / wit бірлігін талдаудың интегративті моделі

Модельдің қорытынды нәтижесі корпус талдауын, салыстырмалы сипаттауды және рецептивтік бағалауды бір арнаға біріктіреді. Қысқа вербалды қалжың / wit феномені осы арқылы тілдік форма, прагматикалық қызмет және лингвомәдени шарт бірлігінде сипатталады. Қазақ және ағылшын материалындағы әмбебап белгілер де, ұлттық-ерекше сипаттар да нақты мәтін, нақты жағдай және нақты қабылдау дерегі арқылы түсіндіріледі. Модельдің зерттеудегі орны осымен айқындалады. Ол теориялық сызба ретінде, корпус құруға, материалды кодтауға, салыстыруға және эксперимент нәтижелерін түсіндіруге арналған жұмыс құралы ретінде қолданылады.

Кесте 7 – Интегративті модель параметрлерінің операцияландырылуы

Модель параметрі	Корпустағы белгі	Кодтау өлшемі
Талдау бірлігінің типі	Нақты тұлғаға телінетін қысқа вербалды қалжың / wit бірлігі	U1 – қазақ қалжыңы; U2 – ағылшын wit бірлігі
Қатысымдық жағдай	Қалжың айтылған орта, қатысушылар және репликаның туу сәті	S1 – туыстық орта; S2 – достық немесе құрдастық орта; S3 – той, қонақтық, айтыс ортасы; S4 – әдеби-шығармашылық орта; S5 – қоғамдық немесе шешендік орта; S6 – тұрмыстық жағдай
Айтушы тұлға және адресат	Қалжыңды айтқан адам, оның әлеуметтік орны, кімге бағытталғаны	P1 – ақын-жазушы; P2 – қоғам қайраткері; P3 – өнер адамы; P4 – шешен немесе көпшілік алдында сөйлеуші; P5 – туыстық қатынастағы адам; P6 – басқа нақты тұлға
Түрткі болған себеп	Қалжыңға себеп болған сұрақ, сын, ескерту, әзіл, ыңғайсыз жағдай немесе әлеуметтік қысым	T1 – сұрақ; T2 – сын немесе ескерту; T3 – әзілге жауап; T4 – ыңғайсыз жағдай; T5 – көпшілік алдындағы сөз; T6 – тұрмыстық себеп
Жанрлық форма	Қалжыңның мәтін ішінде берілу түрі	G1 – қысқа ұтқыр жауап; G2 – диалогтық қалжың; G3 – ситуациялық реплика; G4 – қысқа оқиға ішіндегі түйін; G5 – шешендік жауап
Сценарийлік қарама-қарсылық	Күтілетін мағына мен нақты жауаптың қайшылығы	SO1 – күтілетін жауап / нақты жауап; SO2 – тура мағына / ауыспалы мағына; SO3 – норма / ауытқу; SO4 – жоғары мәртебе / төмендетілген мәртебе; SO5 – салмақты сөз / ойын сөз; SO6 – ресми жағдай / бейресми жауап
Логикалық механизм	Комикалық әсерді тудыратын ішкі амал	LM1 – күтпеген мағыналық ауысым; LM2 – ирониялық жауап; LM3 – қарсы жауап; LM4 – салыстыру; LM5 – әсірелеу; LM6 – тура мағыналандыру; LM7 – рөлдік ауысым; LM8 – сөз ойыны
Тілдік іске асу	Қалжыңды жасаған нақты тілдік құралдар	LA1 – лексикалық таңдау; LA2 – фразеологиялық қолданыс; LA3 – синтаксистік ықшамдық; LA4 – қайталау немесе параллелизм; LA5 – метафоралық не метонимиялық ауысым; LA6 – дыбыстық немесе графикалық сәйкестік
Прагматикалық қызмет	Қалжыңның қатысымдағы мақсаты	PF1 – жақындастыру; PF2 – жұмсақ сын; PF3 – өзін әжуалау; PF4 – беделді қорғау немесе көрсету; PF5 – ыңғайсыздықты жұмсарту; PF6 – әлеуметтік норманы бұзу немесе қайта бекіту
Лингвомәдени деңгей	Қалжыңды толық түсінуге қажет мәдени, тарихи, әлеуметтік фон	BK1 – төмен фондық тәуелділік; BK2 – орташа фондық тәуелділік; BK3 – жоғары фондық тәуелділік

7 – кестенің жалғасы

Модель параметрі	Корпустағы белгі	Кодтау өлшемі
Дереккөздік расталым	Бірліктің кітаптық немесе құжаттық дереккөз арқылы берілуі	SRC1 – қалжың жинағы; SRC2 – мемуарлық сипаттағы еңбек; SRC3 – өмірбаяндық еңбек; SRC4 – шешендік сөздер жинағы; SRC5 – құжаттық басылым
Аударма кезінде комикалық әсердің жоғалу қаупі	Қалжың басқа тілге берілгенде әсерінің әлсіреу ықтималдығы	TR1 – төмен қауіп; TR2 – орташа қауіп; TR3 – жоғары қауіп
Рецептивтік қабат	Респонденттің қалжыңды қабылдау нәтижесі	R1 – түсіну деңгейі; R2 – күлкілілік бағасы; R3 – аударманың табиғилығы; R4 – комикалық әсердің сақталуы
Демографиялық бақылау	Респонденттің жас, жыныс, тілдік және әлеуметтік сипаттамасы	D1 – жас; D2 – жыныс; D3 – кәсіби мәртебе; D4 – тіл меңгеру деңгейі; D5 – әзілді қолдану жиілігі

7-кесте интегративті модельдің зерттеу барысында қалай қолданылғанын көрсетеді. Бұл кестеде қалжың мәтіні нақты қатысымдық жағдайда туған ұтқыр жауап ретінде қаралады. Сондықтан кодтау тек жанрлық форма мен тілдік механизммен шектелмейді, себебі әр бірлікте айтушы тұлға, адресат, жағдай, түрткі болған себеп, сценарийлік қарама-қарсылық, прагматикалық қызмет және дереккөздік расталым қатар белгіленеді.

Мысалы, Баянғалиды бір бастық балық аулаудың рұқсат қағазымен байланыстырып шатастырғанда, ақынның «*Мен балықтың емес, халықтың адамымын*» деген жауабы тек дыбыстық ұқсастыққа ғана құрылмайды. Мұнда нақты жағдай бар: бастықтың шатасуы, ақынның қоғамдық тұлға ретіндегі өзін танытуы, «балық» және «халық» сөздерінің айтылуындағы жақындығы, жауаптың қысқа әрі беделді болуы. Осы бірлік SO2, LM8, PF4, BK1 немесе BK2 тәрізді бірнеше өлшем арқылы сипатталады.

Ағылшын корпусындағы *Samuel Johnson-ның «I have found you an argument. I am not obliged to find you an understanding»* деген жауабы да дәл осылай кодталады. Мұнда ситуация бар: әңгімелесуші Johnson-ды түсінбегенін айтады; Johnson оған дәлел тауып бергенін, бірақ түсінікті де өзі тауып беруге міндетті емес екенін жеткізеді. Бұл бірлікте қарсы жауап, ирониялық дәлдік, интеллектуалдық үстемдік және сөйлеушінің беделі қатар жұмыс істейді.

Корпустық материалды талдау Microsoft Excel бағдарламасында жасалған кодтау матрицасы негізінде жүргізілді. Әрбір бірлікке жеке код беріліп, дереккөз, тіл, айтушы тұлға, қатысымдық жағдай, түрткі болған себеп, жанрлық форма, тақырыптық өріс, сценарийлік қарама-қарсылық, логикалық механизм, тілдік іске асу, прагматикалық қызмет, фондық білімге тәуелділік деңгейі, аударма кезінде комикалық әсердің жоғалу қаупі және диалогтық құрылым көрсеткіштері белгіленді. Excel кестесінде бастапқы кодтау, жиілік санау, ішкі

топтастыру және қазақ пен ағылшын ішкорпустары бойынша салыстырмалы үлестірімдер шығарылды.

Корпус құрудың алғашқы қадамы зерттеу бірлігінің табиғатын нақтылаудан басталды. Жұмысқа нақты тұлғаға телінетін, белгілі бір жағдайда айтылған, сұраққа, сынға, әзілге, ескертуге немесе әлеуметтік жағдайға жауап ретінде туған қысқа ұтқыр репликалар алынды. Мұндай бірлік ұзақ күлдіргі әңгімеге (анекдотқа) де, жалаң афоризмге де тең емес. Оның өзегі жағдайдан, қатысушылардан және соңғы жауаптан құралады. Қалжың мәтіні сол ортадан ажыраса, оның күлкі тудыратын себебі толық ашылмайды.

Қазақ ішкорпусы әлеуметтік және мәдени қатынастарға жақын. Онда туысқандар арасындағы қалжың, ерлі-зайыптылар арасындағы сөз қағыстыру, құрдастар қалжыңы, нағашы-жиен қатынасы, тойдағы жауап, айтыс үстіндегі ұтымды реплика, ақын-жазушылар мен өнер адамдары туралы қалжыңдар бар. Мысалы, Ілияс Жансүгіровтың 100 жылдығына арналған айтыста Оразалы Досбосынов Баянғалиды «жезде» деп балдыз жолымен әзілдегенде, Баянғали «*Бір елдің бетке ұстаған ақынысың, қайтесің балдыз болып кішірейін!*» деп жауап береді. Бұл жерде күлкі тек сөз формасынан емес, айтыс мәдениетінен, жезде-балдыз қалжыңының рұқсат шегінен және ақынның қарсыласты мәртебелік тұрғыдан қайта жайғастыруынан туады.

Ағылшын ішкорпусы да нақты жағдайға сүйенеді. Онда қоғамдық сөз, әдеби ортадағы әңгіме, тұлғалық жауап, саяси-әлеуметтік пікір, мемуарлық ситуация және көпшілік алдындағы ұтқыр реплика қамтылады. Mark Twain-нің редактор туралы айтқан «*A man is always better than his printed opinions*» деген жауабы редакторлық мәтін мен адамның жеке болмысы арасындағы айырманы қысқа ирониямен көрсетеді. Abraham Lincoln-нің Stanton өзін ақымақ деді деген хабарға «*then I suppose I must be. Stanton is nearly always right*» деп жауап беруі де өзін төмендету арқылы шиеленісті жұмсартатын ұтқыр жауап ретінде сипатталады.

Іріктеуден шығарылған қабаттар зерттеу шекарасын нақтылайды. Корпусқа анонимді күлдіргі әңгімелер (анекдоттар), авторы белгісіз интернет әзілдері, сахналық монологтар, визуалды мемдер, көркем шығармадағы ойдан шығарылған диалогтар, контекстіз афоризмдер және дөрекі мазмұн енгізілген жоқ. Мұндай материалдар әзіл-оспақ дискурсының жалпы өрісінде маңызды болуы мүмкін, бірақ нақты қалжың / wit бірлігінің негізгі шарттарын толық сақтамайды. Бұл зерттеуде негізгі шарт ретінде нақты айтушы, нақты жағдай, түрткі болған себеп, ұтқыр жауап және тексерілетін дереккөз алынды.

Кесте 8 – Корпустың іріктеу қағидалары

Көрсеткіш	Ғылыми сипаттамасы
Зерттеу домені	Нақты тұлғаға, нақты қатысымдық жағдайға және ұтқыр жауапқа негізделген қысқа вербалды қалжың / wit бірліктері
Корпус көлемі	Жалпы 100 бірлік: қазақ тілінде 50 бірлік, ағылшын тілінде 50 бірлік

8 – кестенің жалғасы

Көрсеткіш	Ғылыми сипаттамасы
Операциялық бірлік	Ситуациясы көрсетілген, айтушысы белгілі, белгілі бір сөзге немесе жағдайға жауап ретінде туған қысқа ұтқыр реплика
Негізгі құрылым	Жағдай; қатысушылар; түрткі болған сөз, әрекет немесе әлеуметтік себеп; ұтқыр жауап; дереккөз
Іріктеу өлшемдері	Нақты айтушының болуы, адресат немесе қатысушының танылуы, контекстің берілуі, комикалық механизмнің анық болуы, дереккөздің көрсетілуі, экспериментке ұсынуға жарамдылығы
Шығару сүзгілері	Анонимді анекдот, белгісіз авторлы интернет әзіл, стендап, визуалды мем, көркем шығармадағы ойдан шығарылған диалог, жалаң афоризм, контекстің цитата, дәрежі мазмұн
Дереккөз өлшемі	Кітап, қалжың жинағы, мемуарлық еңбек, өмірбаяндық еңбек, шешендік сөздер жинағы немесе құжаттық басылым
Тексеру өлшемі	Дереккөздің толық берілуі, бет немесе электрондық жол көрсеткіші, бірліктің қайта тексерілу мүмкіндігі, модель параметрлері бойынша кодталуы

8-кесте корпусқа алынған материалдың шекарасын нақтылайды. Негізгі талап мәтіннің қысқалығында ғана емес, оның қатысымдық толықтығында жатыр. Қалжыңды айтқан адам, тындаушы немесе қатысушы, жағдай және жауаптың себебі көрсетілмесе, мұндай мәтін негізгі корпусқа алынбайды. Себебі бұл зерттеуде қалжың тілдік формадан бөлек, сөйлеу жағдайында іске асатын дискурстық әрекет ретінде қарастырылады.

Қазақ корпусындағы «Ұшақтағы құшақ» мәтінінде жағдай бірден беріледі: 1995 жылы Манас эпосының мың жылдығына барған делегация, тар ұшақ, Әбіш Кекілбаевтың қатар отырған Баянғалиға қолын орындықтың арқасына қою туралы өтініші, оған берілген ұтқыр жауап. Бұл мәтіннің комикалық әсері «құшақ» сөзінің тура мағынасынан ғана емес, Әбіштің қоғамдық беделінен және Баянғалидың ағалық құшақты риторикалық түрде қабылдауынан шығады.

Ағылшын корпусындағы Benjamin Franklin мен Duchess of Bourbon арасындағы шахмат ситуациясы да осы талапқа сай. Франциядағы сарайда шахмат ойнап отырып, Franklin қарсыласының королін алады; Duchess «*We do not take kings so*» дегенде, Franklin «*We do in America*» деп жауап береді. Бұл жерде шахмат ережесі, монархиялық мәдениет, Америкадағы саяси тәуелсіздік ишарасы және қысқа жауаптың тарихи салмағы қатар іске қосылады.

Кесте 9 – Дереккөздер бойынша корпус үлестірімі

Дереккөз	Қазақ бірліктері	Ағылшын бірліктері
Ахметова З. <i>Әзіліңді сағындық</i> . Алматы: Полиграфкомбинат, 2019	15	0
<i>Деген екен!</i> Құрастырған М. Ниязбеков. Алматы: Өнер, 1993	14	0

9 – кестенің жалғасы

Дереккөз	Қазақ бірліктері	Ағылшын бірліктері
Abai.kz материалдары	1	0
Әлімжанов Б. <i>Деген екен</i> . Астана, 2016	20	0
Boswell J. <i>Boswell's Life of Johnson, LL.D.</i> Abridged and edited by C. G. Osgood. New York: Henry Holt and Company, 1917	0	15
Twain M. <i>Mark Twain's Speeches</i> . New York: Harper & Brothers, 1910	0	15
Nicolay H. <i>The Boys' Life of Abraham Lincoln</i> . New York: The Century Co., 1906	0	10
Franklin B. <i>Autobiography of Benjamin Franklin</i> . Edited by F. W. Pine. New York: Henry Holt and Company, 1916	0	10
Барлығы	50	50

9-кесте дереккөздік негіздің теңгерімді екенін көрсетеді. Қазақ материалында З. Ахметова, М. Ниязбеков және Б. Әлімжанов жинақтары негізгі тірек қызметін атқарады. Бұл дереккөздерде қалжыңдар көбіне нақты қатысушы, орта және айтылған сөзбен бірге беріледі. Ағылшын материалында да кездейсоқ интернет жинақтары емес, өмірбаяндық, мемуарлық және шешендік сипаттағы кітаптар пайдаланылды. Samuel Johnson айналасындағы әдеби әңгімелер, Mark Twain-нің көпшілік алдындағы сөздері, Abraham Lincoln-нің саяси және өмірбаяндық ситуациялары, Benjamin Franklin-нің өмірбаяндық және хаттық контексті ағылшын wit бірліктерінің дереккөздік негізін құрайды.

Бұл үлестірім бір ғана тұлғаның немесе бір ғана кітаптың бүкіл ағылшын корпусын анықтап кетпеуін тежейді. Ағылшын ішкорпусы төрт дереккөздік блокқа бөлінді: Johnson айналасындағы әдеби орта, Twain-нің шешендік және сахналық сөздері, Lincoln-нің саяси-өмірбаяндық жауаптары, Franklin-нің дипломатиялық және өмірлік тәжірибеге сүйенген ұтқыр репликалары. Қазақ ішкорпусында да отбасылық, туыстық, тойлық, айтыстық, шығармашылық және қоғамдық ситуациялар қатар қамтылды.

Кесте 10 – Корпустың ішкі топтастыру өлшемдері

Топтастыру өлшемі	Қазақ ішкорпусындағы көрінісі	Ағылшын ішкорпусындағы көрінісі
Тұлғалық әртүрлілік	Бақытжан Момышұлы, Баянғали Әлімжанов, Тұманбай Молдағалиев, Дәркембай Шоқпарұлы, Сәбит Мұқанов, Әбіш Кекілбаев және басқа тұлғаларға қатысты қалжыңдар	Samuel Johnson, David Garrick, Oliver Goldsmith, Edmund Burke, General Paoli, Mark Twain, Abraham Lincoln, Benjamin Franklin
Қатысымдық орта	туысқандар ортасы, ерлі-зайыпты қатынас, құрдастар арасы, нағашы-жиен қатынасы, той, айтыс, шығармашылық орта, қоғамдық жағдай	әдеби әңгіме, көпшілік алдындағы сөз, банкет, саяси пікірталас, өмірбаяндық жағдай, дипломатиялық орта

10 – кестенің жалғасы

Топтастыру өлшемі	Қазақ ішкорпусындағы көрінісі	Ағылшын ішкорпусындағы көрінісі
Реплика сипаты	қағытпа жауап, жұмсақ сын, рөлдік қалжың, туыстық әзіл, айтыстық жауап, ситуациялық тапқырлық	қарсы жауап, ирониялық түзету, шешендік дәлдік, өзін әжуалау, саяси ишара, метафоралық жауап
Мәдени фон	құда, жезде, балдыз, құрдас, нағашы-жиен, той, қонақтық, үлкен-кіші қатынасы	парламенттік сөз мәдениеті, әдеби салон, банкет сөзі, тарихи тұлға беделі, саяси-әлеуметтік контекст
Комикалық әсердің орны	көбіне әлеуметтік рөл, ортақ әдеп және қатысушылар арасындағы рұқсат шегінде ашылады.	көбіне қысқа жауаптың дәлдігі, ирониялық бұрылуы және тұлғаның шешендік беделі арқылы ашылады.

10-кесте корпус ішіндегі топтастырудың тек техникалық емес, мазмұндық қызмет атқаратынын көрсетеді. Қазақ ішкорпусында туыстық атаулар мен әлеуметтік рөлдер жиі алдыңғы қатарға шығады. Мысалы, Дәркембай Шоқпарұлының Бекболат Әдетовке телефон арқылы айтқан «*Солай ма еді, нақырым*» деген сөзі нағашы-жиен қалжыңының рұқсат етілген кеңістігінде түсініледі. Бұл репликаны туыстық қалжың шегінен тыс оқығанда, оның жұмсақ әжуалық реңкі толық ашылмайды.

Ағылшын ішкорпусында тұлғаның қоғамдық орны жиі маңызды. Mark Twain аудитория алдында немесе банкетте сөйлегенде, оның қалжыңы жеке әңгіме ғана емес, көпшілік алдындағы риторикалық әрекетке айналады. Abraham Lincoln-нің «*Stanton is nearly always right*» деген жауабы да өзін төмендету арқылы қарсы пікірді жұмсартатын саяси-прагматикалық амал ретінде көрінеді.

Кесте 11 – Фондық білімге тәуелділік деңгейін кодтау

Деңгей	Кодтық сипаттама	Қазақ корпусындағы мысалдық белгі.	Ағылшын корпусындағы мысалдық белгі	Рецепциядағы ықтимал әсер
ВК1	Төмен фондық тәуелділік	Жағдай мәтін ішінде жеткілікті түсіндіріледі; рөлдер анық берілген.	Реплика контекст арқылы түсінікті; тарихи фон аса қажет емес.	Респондент мәтінді тез түсінеді, күлкілілік бағасы тұрақтырақ болады.
ВК2	Орташа фондық тәуелділік	Туыстық атау, той, айтыс, құрдастық немесе жезделік қатынас белгілі бір мәдени түсінікті талап етеді.	Банкет, әдеби орта, көпшілік алдындағы сөз, саяси пікірталас контекстін тану қажет.	Қабылдау мәдени тәжірибеге байланысты өзгеруі мүмкін.
ВК3	Жоғары фондық тәуелділік	Құда, нағашы-жиен, жезде-балдыз, салттық мәртебе, нақты тарихи немесе әдеби тұлға туралы білім қажет.	Парламенттік мәдениет, монархиялық ишара, тарихи-саяси жағдай, белгілі тұлғаның беделі қажет.	Фондық білім жеткіліксіз болса, комикалық әсер жартылай жоғалады.

11-кесте фондық білімнің мәтін түсінуге қалай қатысатынын көрсетеді. Қазақ корпусындағы «Ақын мен балдыз» қалжыңын түсіну үшін «жезде» мен «балдыз» арасындағы қалжыңдасу нормасын және айтыстағы сөз қағыстыру табиғатын білу қажет. Баянғалидың «Қайтесің балдыз болып кішірейін!» деген жауабы Оразалыны төмендету үшін емес, оның ақындық мәртебесін қайта көтеру үшін айтылады. Мұндай реңк фондық білімсіз толық танылмайды.

Ағылшын корпусында Franklin-нің «We do in America» деген жауабы да төмен деңгейлі шахмат жағдайынан жоғарырақ саяси-мәдени мағынаға өтеді. Реплика қысқа, бірақ оның астарында монархиялық ережеге қарсы республикалық ишара жатыр. Осы себепті мұндай бірлік ВК2 немесе ВК3 деңгейіне жақындайды.

Кесте 12 – Аударма кезінде комикалық әсердің жоғалу қаупін кодтау

Тәуекел деңгейі	Кодтық сипаттама	Негізгі белгі	Мысалдық түсіндіру
TR1	Төмен қауіп	Комикалық әсер ситуация мен прагматикалық жауапқа сүйенеді; басқа тілде қайта айтуға болады.	Тұрмыстық немесе қоғамдық жағдай анық берілсе, ұтқыр жауапты мағыналық баламамен жеткізуге болады.
TR2	Орташа қауіп	Комикалық әсер мәдени кодқа, мәртебеге, туыстық атауға немесе тарихи тұлға беделіне сүйенеді.	«Жезде», «балдыз», «құда», «chief guest», «editor» сияқты белгілер аудармада түсініктеме немесе бейімдеу сұрауы мүмкін.
TR3	Жоғары қауіп	Комикалық әсер дыбыстық ұқсастыққа, сөз ойынына, тарихи-саяси ишараға немесе көпқабатты мәдени кодқа құрылған.	«Балық / халық» тәрізді дыбыстық жақындық немесе Franklin-дегі шахмат пен саяси ишараны қатар жеткізу аудармада әлсіреуі мүмкін.

12-кесте аударма тәуекелін алдын ала бағалауға арналған. Қазақ корпусындағы «Мен балықтың емес, халықтың адамымын» деген жауаптың әсері «балық» және «халық» сөздерінің дыбыстық жақындығынан, ақынның қоғамдық рөлінен және жағдайдың ыңғайсыздығын тез түзетуінен туады. Бұл бірлікті басқа тілге беруде мағына сақталғанымен, дыбыстық ойын толық көшпеуі мүмкін. Сондықтан мұндай мәтін TR3 деңгейіне жақындайды.

Ағылшын корпусындағы Johnson-ның «argument» және «understanding» арасындағы қарсы жауабы мағына жағынан аударуға келеді, бірақ оның қысқа риторикалық салмағын дәл сақтау қиын. Мұнда сөздер арасындағы логикалық байланыс пен сөйлеушінің интеллектуалдық үстемдігі қатар беріледі. Аудармада сөйлем ұзарып кетсе, wit әсері әлсірейді.

Кесте 13 – Қатысымдық құрылым көрсеткіші

Құрылым түрі	Қазақ корпусындағы көрінісі	Ағылшын корпусындағы көрінісі	Талдаудағы мәні
Диалогтық құрылым	сұрақ-жауап, қағытпа, туыстық немесе құрдастық сөз қағыстыру.	қарсы жауап, әңгіме үстіндегі реплика, пікірталастағы қысқа жауап.	комикалық әсер көбіне жауаптың дәл сәтінде пайда болады.
Ситуациялық баяндау	алдымен орта, қатысушылар, оқиға беріледі; соңында қалжың айтылады.	алдымен қоғамдық, әдеби немесе өмірбаяндық жағдай беріледі; соңында ұтқыр жауап беріледі.	контекст комикалық әсерді түсінуге міндетті бөлікке айналады.
Шешендік жауап	айтыс, той, көпшілік алдында сөйлеу, ақындық орта.	банкет, көпшілік сөзі, саяси сөз, әдеби жиналыс	қалжың жеке адамға емес, тыңдаушы қауымға да бағытталады.
Ішкі монологқа жақын тұжырым	өзін әжуалау немесе жағдайды іштен бағалау.	Twain немесе Lincoln типіндегі өзін төмендету, өз беделін ирониямен жұмсарту.	респондент мұндай мәтінде күлкіні тұлғаның өзіндік позициясынан таниды.

13-кесте қазақ және ағылшын материалдарының сыртқы құрылымы бірдей көрінгенімен, ішкі қызметінің әртүрлі болатынын көрсетеді. Қазақ қалжыңында диалог көбіне әлеуметтік рұқсаттың ішінде жүреді. Туыстық немесе құрдастық орта болмаса, кейбір реплика тым өткір естілуі мүмкін. Ағылшын wit бірлігінде диалог көбіне интеллектуалдық қарсы жауаптың алаңы болады. Онда сөйлеуші қарсы тараптың сөзін дәл ұстап, оны қысқа жауаппен қайтарады.

Кесте 14 – Ірі тақырыптық өрістер бойынша кодтау

Тақырыптық өріс	Код	Қазақ корпусындағы көрініс	Ағылшын корпусындағы көрініс
Туыстық және отбасылық қатынас	ТН1	туыс, ерлі-зайыпты, бала, әке, апа, жезде, нағашы-жиен	сирек, көбіне жеке өмірбаяндық ситуация түрінде
Достық және құрдастық орта	ТН2	құрдастар, достар, жақын таныстар арасындағы қалжың	әдеби немесе қоғамдық ортадағы таныстық қатынас
Той, қонақтық және рәсімдік орта	ТН3	той, қонақ, тілек, дастарқан, айтыс	банкет, көпшілік алдындағы сөз, салтанатты жиын
Әдеби-шығармашылық орта	ТН4	ақын-жазушылар, айтыскерлер, өнер адамдары	Johnson айналасындағы әдеби орта, Twain-нің әдеби қалжындары
Қоғамдық және саяси орта	ТН5	бастық, әкім, министр, қоғамдық тұлға	Lincoln, Franklin, Twain арқылы берілген саяси-әлеуметтік жауаптар

14 – кестенің жалғасы

Тақырыптық өріс	Код	Қазақ корпусындағы көрініс	Ағылшын корпусындағы көрініс
Тұрмыстық жағдай	ТН6	үй, жол, көлік, күнделікті әрекет	өмірбаяндық немесе тұрмыстық шағын ситуациялар
Өзін әжуалау және тұлғалық рефлексия	ТН7	өзінің жасын, беделін, жағдайын қалжыңға айналдыру	Twain мен Lincoln-де жиі кездесетін өзін ирониямен көрсету

14-кесте тақырыптық өрістерді екі корпусқа ортақ өлшеммен қарастыруға мүмкіндік береді. Қазақ материалында туыстық, тойлық, айтыстық және тұрмыстық орта жиі көрінеді. Ағылшын материалында әдеби әңгіме, көпшілік алдындағы сөз, саяси пікір және тұлғалық рефлексия көбірек байқалады. Бірақ бұл айырма абсолютті емес. Екі корпуста да әлеуметтік рөл бар; тек оның берілу тәсілі әртүрлі. Қазақ корпусында рөл көбіне туыстық атау арқылы көрінеді, ағылшын корпусында ол тарихи тұлғаның қоғамдық беделі арқылы танылады.

Кесте 15 – Негізгі комикалық механизмдерді кодтау

Механизм түрі	Код	Қазақ корпусындағы типтік көрініс	Ағылшын корпусындағы типтік көрініс
Күтпеген мағыналық ауысым	LM1	соңғы реплика әлеуметтік күтілімді өзгертеді	соңғы жауап ойдың бағытын тез ауыстырады
Ирониялық жауап	LM2	жұмсақ сын немесе астарлы әжуа	интеллектуалдық қарсы жауап, риторикалық дәлдік
Қарсы жауап	LM3	қағытпа, рөлді қайта орнықтыру	сұрақты немесе уәжді сөйлеушінің өзіне қарсы бұру
Салыстыру	LM4	адамды, жағдайды, мәртебені бейнелі салыстыру	қоғамдық немесе өмірлік тәжірибені бейнелі салыстыру
Әсірелеу	LM5	тұрмыстық немесе тойлық жағдайды үлкейтіп көрсету	өзін әжуалау немесе жағдайды әдейі үлкейту
Тура мағыналандыру	LM6	сөзді немесе жағдайды тура қабылдап жауап беру	пікірді тура бұрып, күлкі тудыру
Рөлдік ауысым	LM7	жезде-балдыз, нағашы-жиен, құрдас, басшы-қызметкер қатынасын өзгерту	сөйлеуші мен адресат арасындағы бедел қатынасын қайта белгілеу
Сөз ойыны	LM8	дыбыстық жақындық, есім, туыстық атау, фразеологизм	қысқа лексикалық сәйкестік, риторикалық параллель, тарихи ишара

15-кесте комикалық механизмдердің корпус ішінде қалай танылатынын көрсетеді. Қазақ материалында қалжың көбіне соңғы реплика арқылы әлеуметтік күтілімді бұзады немесе қайта орналастырады. Мысалы, Баянғалидың Оразалыға берген жауабында «балдыз» позициясы ақындық мәртебемен салыстырылып,

қатынас бағыты бірден өзгереді. Ағылшын материалында Johnson, Twain, Lincoln тәрізді тұлғалардың жауаптары көбіне қарсы тараптың сөзін қысқа ирониямен қайта өңдейді. Мұндай айырма екі корпусстың комикалық әсерді әртүрлі жолмен ұйымдастыратынын көрсетеді.

Кесте 16 – Корпус бірлігінің қысқаша аналитикалық паспорты

Код	Тіл	Айтушы / тұлға	Қатысымдық жағдай	Негізгі механизм	BK; TR; G
KAZ_01	қазақ	Бақытжан Момышұлы	туыстық орта, тойға шақыру жағдайы	рөлдік ишара, жұмсақ әжуа	BK2; TR2; G2
KAZ_17	қазақ	Тұманбай Молдағалиев, Дәркембай Шоқпарұлы	тойдағы тілекке жауап	сөз ойыны, ситуациялық жауап	BK2; TR3; G3
KAZ_28	қазақ	Дәркембай Шоқпарұлы	нағашы-жиен телефон әңгімесі	туыстық қалжың, прагматикалық тұспал	BK3; TR2; G2
KAZ_35	қазақ	Баянғали Әлімжанов, Әбіш Кекілбаев	ұшақтағы орын тарлығы	мәртебелік ишара, метафоралық жауап	BK2; TR2; G3
KAZ_44	қазақ	Баянғали Әлімжанов	бастықтың шатасуына жауап	дыбыстық ойын, тұлғалық өзін таныту	BK1; TR3; G1
KAZ_48	қазақ	Баянғали Әлімжанов	айтыс үстіндегі жезде-балдыз қағытпасы	рөлдік ауысым, қарсы жауап	BK3; TR2; G5
ENG_01	ағылшын	Samuel Johnson	Boswell-мен әңгіме, бас ауруы туралы шағым	ирониялық қарсы жауап	BK2; TR2; G2
ENG_02	ағылшын	Samuel Johnson	түсінбеу туралы ескертуге жауап	интеллектуалдық қарсы жауап	BK1; TR2; G2
ENG_16	ағылшын	Mark Twain	банкеттегі chief guest туралы сөз	өзіндік ирония, көпшілік алдындағы жауап	BK2; TR2; G5
ENG_31	ағылшын	Abraham Lincoln	War of 1812 туралы сұрақ	өмірбаяндық жауап, балалық логика	BK2; TR1; G3
ENG_37	ағылшын	Abraham Lincoln	Stanton сынына жауап	өзін әжуалау, шиеленісті жұмсарту	BK2; TR2; G2
ENG_41	ағылшын	Benjamin Franklin	Франция сарайындағы шахмат ситуациясы	саяси ишара, қысқа қарсы жауап	BK3; TR3; G2

16-кесте толық корпусқа қолданылатын аналитикалық паспорттың үлгісін береді. Мұнда әр бірлікке тіл, айтушы тұлға, қатысымдық жағдай, негізгі механизм және үш техникалық белгі көрсетіледі. BK фондық білімге тәуелділікті, TR аударма кезінде комикалық әсердің жоғалу қаупін, G жанрлық

форманы білдіреді. Мұндай паспорт әрбір мәтіннің тек мазмұнын емес, оның қалай жұмыс істейтінін де көрсетеді.

KAZ_48 бірлігі ВКЗ деңгейіне жақын, себебі онда айтыс мәдениеті мен жезде-балдыз қалжыңы қатар іске қосылады. ENG_41 де ВКЗ деңгейіне жақын, өйткені шахматтағы «корольді алу» әрекеті Америкадағы монархияға қарсы саяси ишарамен қабаттасады. Екі мәтін екі түрлі мәдени ортадан алынғанымен, екеуінде де қысқа жауап үлкен мәдени фонды жинақтайды.

Осы кодтау жүйесі арқылы 50 қазақ және 50 ағылшын бірлігі бірдей өлшемдермен сипатталады. Кейінгі салыстырмалы талдауда қазақ корпусындағы туыстық және рөлдік қалжыңдардың, ағылшын корпусындағы шешендік және қоғамдық wit үлгілерінің айырмасы модель параметрлері арқылы түсіндіріледі.

2.2 Ағылшын wit бірліктерінің құрылымдық, прагматикалық және лингвомәдени белгілері

Ағылшын ішкорпусы бірнеше дереккөздік бірліктен тұрады. Негізгі талап біреу болды, реплика нақты адамға телінуі, айтылған орта арқылы түсіндірілуі және кітаптық дереккөзден тексерілуі керек. Сол себепті материал афоризмдер тізімі ретінде алынбады. Әр бірлік сөйлеу жағдайымен бірге оқылды, кім айтты, кімге бағытталды, қандай сөзден кейін туды, қай жанрға жақын, қай сценарийді бұзады және қандай прагматикалық қызмет атқарады. Аталған қызмет қатысымдағы нақты жұмыс, мысалы беделді сақтау, сынның күшін азайту, аудиторияны өз жағына тарту.

Ағылшын wit бірлігінің өзегі қысқалыққа ғана тірелмейді. Raskin ұсынған script opposition идеясы мен Attardo жүйелеген вербалды әзіл-оспақ модельдері бастапқы теориялық тірек ретінде алынды. Chiaro verbal play материалын тыңдаушының интерпретациясымен байланыстырады, Dynel болса conversational humour құбылысын дайын әзілден бөлек, қатысымда туатын әрекет ретінде сипаттайды. Осы зерттеу үшін аталған екі бағыт маңызды. Реплика тек күлкілі болғаны үшін емес, нақты қатысымдық қысымды өзгертетіні үшін таңдалды. Талдау үш қадаммен жасалды. Алдымен интегративті модельдің өлшемдері бекітілді. Кейін 50 бірлік сол өлшемдермен кодталды. Соңғы сатыда жиілік қана саналмай, кодтың мәтіндегі нақты ізі қаралды. Мысалы, LM1 коды бар жауаптардың, бірінде қарсы мағына, бірінде мәртебені төмендету, бірінде ресми жағдайды тұрмыстық тілге түсіру бар. Осындай тексеріс әсерге сүйенген бағалауды азайтады.

Кесте 17 – Ағылшын ішкорпусының дереккөздік құрылымы

Дереккөздік блок	Бірлік саны	Қамтылған тұлғалар	Дереккөз сипаты
Boswell J. «Life of Johnson»	15	Edmund Burke; General Paoli және Oliver Goldsmith; Oliver Goldsmith; Samuel Foote және Samuel Johnson; Samuel Johnson	өмірбаяндық еңбек

17 – кестенің жалғасы

Дереккөздік блок	Бірлік саны	Қамтылған тұлғалар	Дереккөз сипаты
Twain M. «Mark Twain's Speeches»	15	Mark Twain	шешендік сөздер жинағы
Nicolay H. «The Boys' Life of Abraham Lincoln»	10	Abraham Lincoln	өмірбаяндық еңбек
Franklin B. «Autobiography»	10	Benjamin Franklin	өмірбаяндық еңбек

17-кестедегі бөлініс ағылшын ішкорпусы бір автордың стиліне байланып қалмағанын аңғартады. Boswell блогы Johnson төңірегіндегі әдеби әңгімелерді береді, 15 бірлік. Twain бөлігі басқа сахнаны ашады, банкет, дәріс, көпшілік алдындағы сөз. Lincoln мен Franklin материалдары қоғамдық-саяси бедел мен өмірбаяндық тәжірибені қатар кіргізеді. Сандық баланс корпус ішіндегі дауыстарды біршама ажыратып тұр.

Кітаптық дереккөзге сүйену кездейсоқ таңдалған жоқ. Wit контекстен ажыраса, цитаталар альбомына айналып кетеді. Boswell, Twain, Nicolay және Franklin мәтіндерінде репликаға дейінгі сөз, қатысушының мәртебесі, оқиғаның орны сақталған. Сол белгілерсіз ENG_37 не ENG_41 секілді бірліктердің прагматикалық салмағы көрінбей қалады. Реплика не үшін айтылғаны белгісіз болады. Корпусқа енгізудегі негізгі сүзгі осы болды.

Кесте 18 – Ағылшын ішкорпусындағы тұлғалық және механизмдік таралу

Айтушы тұлға	Бірлік саны	Қатысымдық орта	Басым логикалық механизмдер
Mark Twain	15	S5 қоғамдық не шешендік орта – 15	LM1 күтпеген мағыналық ауысым – 10; LM2 ирониялық жауап – 3; LM5 әсірелеу – 2
Samuel Johnson	11	S4 әдеби-шығармашылық орта – 11	LM1 күтпеген мағыналық ауысым – 4; LM2 ирониялық жауап – 2; LM4 салыстыру – 2
Abraham Lincoln	10	S5 қоғамдық не шешендік орта – 10	LM6 тура мағыналандыру – 4; LM3 қарсы жауап – 2; LM1 күтпеген мағыналық ауысым – 2
Benjamin Franklin	10	S5 қоғамдық не шешендік орта – 8; S6 тұрмыстық жағдай – 2	LM4 салыстыру – 6; LM3 қарсы жауап – 2; LM1 күтпеген мағыналық ауысым – 2
Oliver Goldsmith	1	S4 әдеби-шығармашылық орта – 1	LM1 күтпеген мағыналық ауысым – 1
Edmund Burke	1	S4 әдеби-шығармашылық орта – 1	LM6 тура мағыналандыру – 1

18 – кестенің жалғасы

General Paoli және Oliver Goldsmith	1	S4 әдеби-шығармашылық орта – 1	LM1 күтпеген мағыналық ауысым – 1
Samuel Foote және Samuel Johnson	1	S4 әдеби-шығармашылық орта – 1	LM6 тура мағыналандыру – 1

18-кестедегі таралым төрт ірі блоктың мінезін бөлек ашады. Mark Twain 15 бірлікпен шешендік ортадағы wit-ті алға шығарады. Samuel Johnson 11 бірлік арқылы әдеби клуб, пікірталас, жеке мінез қақтығысы секілді ортаға жақын. Lincoln мен Franklin сан жағынан тең, 10 және 10. Бірақ екеуінің репликасы бірдей жұмыс істемейді. Lincoln көбіне саяси қысымды жеңілдетеді, Franklin тәжірибені қысқа моральдық формулаға не дипломатиялық ишараға айналдырады. Сандық басымдықтың артында стильдік айырма жатыр. Johnson жауаптарында интеллектуалдық қысым қатты сезіледі, қарсы тарапқа ойлаудың шегін көрсетіп қояды. Twain аудиторияны өзіне жақындату үшін өзін әжуалауды жиі қолданады. Lincoln-де өзін төмендету биліктен бас тартуды білдірмейді; керісінше, бұл дауды ушықтырмай басқарудың тәсілі. Franklin материалында салыстыру басым, 6 бірлік. Демек, ағылшын wit бір ғана механизммен жүрмейді. Тұлға, орта және адресат репликаның нақты күшін өзгертеді.

Кесте 19 – Ағылшын ішкорпусының интегративті модель кодтары бойынша үлестірімі

Параметр	Код	Кодтың атауы	Саны және үлесі
Қатысымдық жағдай	S4	әдеби-шығармашылық орта	15 (30,0%)
Қатысымдық жағдай	S5	қоғамдық не шешендік орта	33 (66,0%)
Қатысымдық жағдай	S6	тұрмыстық жағдай	2 (4,0%)
Түрткі болған себеп	T1	сұрақ	5 (10,0%)
Түрткі болған себеп	T2	сын не ескерту	29 (58,0%)
Түрткі болған себеп	T4	ыңғайсыз жағдай	2 (4,0%)
Түрткі болған себеп	T5	көпшілік алдындағы сөз	14 (28,0%)
Жанрлық форма	G1	қысқа ұтқыр жауап	1 (2,0%)
Жанрлық форма	G2	диалогтық қалжың	7 (14,0%)
Жанрлық форма	G3	ситуациялық реплика	4 (8,0%)
Жанрлық форма	G4	қысқа оқиға ішіндегі түйін	8 (16,0%)
Жанрлық форма	G5	шешендік жауап	30 (60,0%)
Сценарийлік қарама-қарсылық	SO1	күтілетін жауап / нақты жауап	10 (20,0%)
Сценарийлік қарама-қарсылық	SO2	тура мағына / ауыспалы мағына	7 (14,0%)
Сценарийлік қарама-қарсылық	SO4	жоғары мәртебе / төмендетілген мәртебе	11 (22,0%)
Сценарийлік қарама-қарсылық	SO5	салмақты сөз / ойын сөз	2 (4,0%)

19 – кестенің жалғасы

Параметр	Код	Кодтың атауы	Саны және үлесі
Сценарийлік қарама-қарсылық	SO6	ресми жағдай / бейресми жауап	20 (40,0%)
Логикалық механизм	LM1	күтпеген мағыналық ауысым	20 (40,0%)
Логикалық механизм	LM2	ирониялық жауап	6 (12,0%)
Логикалық механизм	LM3	қарсы жауап	5 (10,0%)
Логикалық механизм	LM4	салыстыру	9 (18,0%)
Логикалық механизм	LM5	әсірелеу	2 (4,0%)
Логикалық механизм	LM6	тура мағыналандыру	7 (14,0%)
Логикалық механизм	LM8	сөз ойыны	1 (2,0%)
Тілдік іске асу	LA1	лексикалық таңдау	11 (22,0%)
Тілдік іске асу	LA3	синтаксистік ықшамдық	27 (54,0%)
Тілдік іске асу	LA5	метафоралық не метонимиялық ауысым	11 (22,0%)
Тілдік іске асу	LA6	дыбыстық не графикалық сәйкестік	1 (2,0%)
Прагматикалық қызмет	PF1	жақындастыру	21 (42,0%)
Прагматикалық қызмет	PF2	жұмсақ сын	2 (4,0%)
Прагматикалық қызмет	PF3	өзін әжуалау	12 (24,0%)
Прагматикалық қызмет	PF4	беделді қорғау не көрсету	4 (8,0%)
Прагматикалық қызмет	PF5	ыңғайсыздықты жұмсарту	1 (2,0%)
Прагматикалық қызмет	PF6	әлеуметтік норманы бұзу не қайта бекіту	10 (20,0%)
Фондық білім	BK1	төмен фондық тәуелділік	4 (8,0%)
Фондық білім	BK2	орташа фондық тәуелділік	45 (90,0%)
Фондық білім	BK3	жоғары фондық тәуелділік	1 (2,0%)
Аударма тәуекелі	TR1	төмен қауіп	4 (8,0%)
Аударма тәуекелі	TR2	орташа қауіп	44 (88,0%)
Аударма тәуекелі	TR3	жоғары қауіп	2 (4,0%)
Қатысымдық құрылым	D0	бір репликалық не баяндаулық	12 (24,0%)
Қатысымдық құрылым	D1	диалогтық	8 (16,0%)
Қатысымдық құрылым	D2	шешендік-көпшілік құрылым	30 (60,0%)

19-кестедегі ең ауыр салмақ S5 кодына түсті. 33 бірлік не 66,0% қоғамдық не шешендік ортада айтылған. Осы сан ағылшын wit-ін жеке дастарқан қалжыңы ретінде ғана оқуға болмайтынын байқатады. Жанрлық форма да соған жақын, G5 30 бірлікпен 60,0%. Демек, жауаптың ұтқырлығы көбіне аудитория алдында сыналады. Бір адамға айтылған қысқа сөз залдағы адамдарға да бағытталады.

LM1 20 бірлікпен алдыңғы орынға шықты. Бірақ оны жай күтпеген жауап деп түсіндіру мәтінді ықшамдайды. Ағылшын материалында мағыналық ауысым бірнеше тәсілмен жасалады. Сөйлеуші қарсы тараптың сөзін өзіне қайтарады. Байыпты жағдайды жеңіл атаумен бұзады. Кейде ресми мәртебені тұрмыстық деңгейге түсіреді. LM4, LM6, LM2 және LM3 кодтарының қатар жүруі wit-тің таза тілдік ойын болмайтынын аңғартады. Ол риторикалық әрекетке жақын. PF1 21 бірлік, PF3 12 бірлік. Екі код қатар оқылғанда қызық үлгі шығады. Ағылшын корпусында wit көбіне аудиториямен араны жақындату және сөйлеушінің өз бейнесін жұмсарту үшін қолданылады. Twain банкеттегі қысымды өзін әжуалаумен азайтады. Lincoln саяси сынға жауап бергенде ашық қорғанысқа шықпайды, қарсыластың сөзін қабылдағандай болып, оның салмағын ішінен босатады. Осындай тұста wit жағдайды қауіпсіз басқару техникасы ретінде көрінеді.

Кесте 20 – Ағылшын ішкорпусындағы репрезентативті бірліктер

Код	Айтушы тұлға	Қысқа корпус үзіндісі	Логикалық механизм	Прагматикалық қызмет	БК; TR
ENG_01	Samuel Johnson	I reminded him how heartily he and I used to drink wine together, when we were first acquainted; and how I used to have a head-ache after sitting up with him. He did not like to have this recalled, or, perhaps, thinking that I boasted improperly, resolved to...	LM2 ирониялық жауап	PF4 беделді қорғау не көрсету	BK2; TR2
ENG_02	Samuel Johnson	Personal words are often upon his lips, such as 'love' and 'hate,' and vast is the number, range, and variety of people who at one time or another had been in some degree personally related with him, from Bet Flint and his black servant Francis, to the adored...	LM3 қарсы жауап	PF4 беделді қорғау не көрсету	BK1; TR2
ENG_16	Mark Twain	MR. CHAIRMAN AND GENTLEMEN, -This man knows now how it feels to be the chief guest, and if he has enjoyed it he is the first man I have ever seen in that position that did enjoy it. And I know, by side-remarks which he made to me before his ordeal came upon...	LM5 әсірелеу	PF3 өзін әжуалау	BK2; TR2

20 - кестенің жалғасы

Код	Айтушы тұлға	Қысқа корпус үзіндісі	Логикалық механизм	Прагматикалық қызмет	БК; TR
ENG_21	Mark Twain	Professor Winchester also said something about there being no modern epics like Paradise Lost. I guess he's right. He talked as if he was pretty familiar with that piece of literary work, and nobody would suppose that he never had read it. I don't believe any...	LM1 күтпеген мағыналық ауысым	PF1 жақындастыру	БК1; TR1
ENG_31	Abraham Lincoln	Once, when asked what he remembered about the War of 1812 with Great Britain, he replied "Only this: I had been fishing one day and had caught a little fish, which I was taking home. I met a soldier in the road, and having always been told at home that we...	LM6 тура мағыналандыру	PF3 өзін әжуалау	БК2; TR1
ENG_37	Abraham Lincoln	When told that Stanton had called him a fool, Lincoln asked: "Stanton says I am a fool?" Then, with a whimsical glance, he said: "then I suppose I must be. Stanton is nearly always right."	LM2 ирониялық жауап	PF5 ыңғайсыздықты жұмсарту	БК2; TR2
ENG_41	Benjamin Franklin	"He was therefore, feasted and invited to all the court parties. At these he sometimes met the old Duchess of Bourbon, who, being a chess player of about his force, they very generally played together. Happening once to put her king into prize, the Doctor...	LM3 қарсы жауап	PF4 беделді қорғау не көрсету	БК3; TR3
ENG_48	Benjamin Franklin	«That I will readily do,» said I; and, in the first place, I advise you to apply to all those whom you know will give something; next, to those whom you are uncertain whether they will give anything or not, and show them the list of those who have given;...	LM1 күтпеген мағыналық ауысым	PF1 жақындастыру	БК2; TR2

20 - кестенің жалғасы

Код	Айтушы тұлға	Қысқа корпус үзіндісі	Логикалық механизм	Прагматикалық қызмет	БК; TR
ENG_50	Benjamin Franklin	Keimer wore his beard at full length, because somewhere in the Mosaic law it is said, «Thou shalt not mar the corners of thy beard» He likewise kept the Seventh day, Sabbath; and these two points were essentials with him. I dislik'd both; but agreed to admit...	LM1 күтпеген мағыналық ауысым	PF1 жақындастыру	БК2; TR2

20-кестедегі мысалдар кодтардың қалай жұмыс істейтінін жақсырақ ашады. ENG_02-де *Johnson I have found you an argument. I am not obliged to find you an understanding* деп жауап береді. Күлкі қарсыласты жай кемсіткеннен тумайды. Логика басқа жерде. Ол дәлел ұсыну міндеті мен түсіну қабілетін екі бөлек деңгейге шығарады. Сөйлем қысқа, соққысы қатты. ENG_37-де Lincoln-ге Stanton өзін ақымақ деп атағаны жеткізіледі. *Lincoln then I suppose I must be. Stanton is nearly always right* деп жауап береді. Сырттай қарағанда өзін төмендету сияқты. Ішкі қызметі күрделірек. Дауды үлкейтпейді, Stanton беделін ашық сындырмайды, өз билігін де жоғалтпайды. PF5 коды осы жерден қажет болады. Wit кейде саяси ортадағы қысымды түсіру үшін айтылады. ENG_41-де Franklin шахматтағы корольді алу ережесін саяси ишараға бұрады. *We do in America* (Америкада осылай істейміз) деген қысқа жауап ойыннан бір сәтте республика деңгейіндегі контекстке ауысады. Тікелей аударма сөйлемді сақтайды, бірақ монархиялық мәдениет пен Америкадағы тәуелсіздік тәжірибесін ашпаса, күлкінің салмағы түсіп қалады. Сол себепті БК3 және TR3 белгілері осы бірлікке орынды берілген.

Кесте 21 – Ағылшын ішкорпусының қысқаша аналитикалық паспорты

Код	Тұлға	Қатысымдық жағдай	Түрткі	Негізгі механизм	БК; TR; G
ENG_01	Samuel Johnson	әдеби орта, әңгіме не пікірталас жағдайы	сұраққа жауап	LM2 ирониялық жауап	БК2; TR2; G2
ENG_02	Samuel Johnson	әдеби орта, әңгіме не пікірталас жағдайы	пікір, ескерту не әңгімеге жауап	LM3 қарсы жауап	БК1; TR2; G2
ENG_03	Samuel Johnson	әдеби орта, әңгіме не пікірталас жағдайы	сұраққа жауап	LM1 күтпеген мағыналық ауысым	БК2; TR2; G2

21 - кестенің жалғасы

Код	Тұлға	Қатысымдық жағдай	Түрткі	Негізгі механизм	BK; TR; G
ENG_04	Samuel Johnson	әдеби орта, әңгіме не пікірталас жағдайы	пікір, ескерту не әңгімеге жауап	LM6 тура мағыналандыру	BK2; TR2; G4
ENG_05	Samuel Johnson	әдеби орта, әңгіме не пікірталас жағдайы	пікір, ескерту не әңгімеге жауап	LM8 сөз ойыны	BK2; TR3; G4
ENG_06	Samuel Johnson	әдеби орта, әңгіме не пікірталас жағдайы	сұраққа жауап	LM1 күтпеген мағыналық ауысым	BK2; TR2; G2
ENG_07	Oliver Goldsmith	әдеби орта, әңгіме не пікірталас жағдайы	пікір, ескерту не әңгімеге жауап	LM1 күтпеген мағыналық ауысым	BK2; TR2; G1
ENG_08	Edmund Burke	әдеби орта, әңгіме не пікірталас жағдайы	пікір, ескерту не әңгімеге жауап	LM6 тура мағыналандыру	BK2; TR2; G4
ENG_09	General Paoli және Oliver Goldsmith	әдеби орта, әңгіме не пікірталас жағдайы	сұраққа жауап	LM1 күтпеген мағыналық ауысым	BK2; TR2; G2
ENG_10	Samuel Johnson	әдеби орта, әңгіме не пікірталас жағдайы	пікір, ескерту не әңгімеге жауап	LM2 ирониялық жауап	BK2; TR2; G4
ENG_11	Samuel Johnson	әдеби орта, әңгіме не пікірталас жағдайы	пікір, ескерту не әңгімеге жауап	LM1 күтпеген мағыналық ауысым	BK2; TR2; G3
ENG_12	Samuel Johnson	әдеби орта, әңгіме не пікірталас жағдайы	пікір, ескерту не әңгімеге жауап	LM1 күтпеген мағыналық ауысым	BK2; TR2; G4
ENG_13	Samuel Foote және Samuel Johnson	әдеби орта, әңгіме не пікірталас жағдайы	пікір, ескерту не әңгімеге жауап	LM6 тура мағыналандыру	BK2; TR2; G4
ENG_14	Samuel Johnson	әдеби орта, әңгіме не пікірталас жағдайы	пікір, ескерту не әңгімеге жауап	LM4 салыстыру	BK2; TR2; G4

21 - кестенің жалғасы

Код	Тұлға	Қатысымдық жағдай	Түрткі	Негізгі механизм	BK; TR; G
ENG_15	Samuel Johnson	әдеби орта, әңгіме не пікірталас жағдайы	пікір, ескерту не әңгімеге жауап	LM4 салыстыру	BK2; TR2; G3
ENG_16	Mark Twain	көпшілік алдындағы сөз не банкет жағдайы	көпшілік алдындағы сөз не банкеттегі реплика	LM5 әсірелеу	BK2; TR2; G5
ENG_17	Mark Twain	көпшілік алдындағы сөз не банкет жағдайы	пікір, ескерту не әңгімеге жауап	LM2 ирониялық жауап	BK2; TR2; G5
ENG_18	Mark Twain	көпшілік алдындағы сөз не банкет жағдайы	көпшілік алдындағы сөз не банкеттегі реплика	LM1 күтпеген мағыналық ауысым	BK2; TR2; G5
ENG_19	Mark Twain	көпшілік алдындағы сөз не банкет жағдайы	көпшілік алдындағы сөз не банкеттегі реплика	LM2 ирониялық жауап	BK2; TR2; G5
ENG_20	Mark Twain	көпшілік алдындағы сөз не банкет жағдайы	көпшілік алдындағы сөз не банкеттегі реплика	LM1 күтпеген мағыналық ауысым	BK2; TR2; G5
ENG_21	Mark Twain	көпшілік алдындағы сөз не банкет жағдайы	көпшілік алдындағы сөз не банкеттегі реплика	LM1 күтпеген мағыналық ауысым	BK1; TR1; G5
ENG_22	Mark Twain	көпшілік алдындағы сөз не банкет жағдайы	көпшілік алдындағы сөз не банкеттегі реплика	LM1 күтпеген мағыналық ауысым	BK2; TR2; G5
ENG_23	Mark Twain	көпшілік алдындағы сөз не банкет жағдайы	көпшілік алдындағы сөз не банкеттегі реплика	LM1 күтпеген мағыналық ауысым	BK1; TR1; G5

21 - кестенің жалғасы

Код	Тұлға	Қатысымдық жағдай	Түрткі	Негізгі механизм	BK; TR; G
ENG_24	Mark Twain	көпшілік алдындағы сөз не банкет жағдайы	көпшілік алдындағы сөз не банкеттегі реплика	LM1 күтпеген мағыналық ауысым	BK2; TR2; G5
ENG_25	Mark Twain	көпшілік алдындағы сөз не банкет жағдайы	көпшілік алдындағы сөз не банкеттегі реплика	LM5 әсірелеу	BK2; TR2; G5
ENG_26	Mark Twain	көпшілік алдындағы сөз не банкет жағдайы	көпшілік алдындағы сөз не банкеттегі реплика	LM1 күтпеген мағыналық ауысым	BK2; TR2; G5
ENG_27	Mark Twain	көпшілік алдындағы сөз не банкет жағдайы	көпшілік алдындағы сөз не банкеттегі реплика	LM1 күтпеген мағыналық ауысым	BK2; TR2; G5
ENG_28	Mark Twain	көпшілік алдындағы сөз не банкет жағдайы	көпшілік алдындағы сөз не банкеттегі реплика	LM2 ирониялық жауап	BK1; TR1; G5
ENG_29	Mark Twain	көпшілік алдындағы сөз не банкет жағдайы	көпшілік алдындағы сөз не банкеттегі реплика	LM1 күтпеген мағыналық ауысым	BK2; TR2; G5
ENG_30	Mark Twain	көпшілік алдындағы сөз не банкет жағдайы	көпшілік алдындағы сөз не банкеттегі реплика	LM1 күтпеген мағыналық ауысым	BK2; TR2; G5
ENG_31	Abraham Lincoln	қоғамдық-саяси не әскери жағдай	пікір, ескерту не әңгімеге жауап	LM6 тура мағыналандыру	BK2; TR1; G3
ENG_32	Abraham Lincoln	қоғамдық-саяси не әскери жағдай	саяси, моральдық не әскери жағдайға жауап	LM3 қарсы жауап	BK2; TR2; G5

21 - кестенің жалғасы

Код	Тұлға	Қатысымдық жағдай	Түрткі	Негізгі механизм	BK; TR; G
ENG_33	Abraham Lincoln	қоғамдық-саяси не әскери жағдай	саяси, моральдық не әскери жағдайға жауап	LM3 қарсы жауап	BK2; TR2; G5
ENG_34	Abraham Lincoln	қоғамдық-саяси не әскери жағдай	саяси, моральдық не әскери жағдайға жауап	LM1 күтпеген мағыналық ауысым	BK2; TR2; G5
ENG_35	Abraham Lincoln	қоғамдық-саяси не әскери жағдай	саяси, моральдық не әскери жағдайға жауап	LM6 тура мағыналандыру	BK2; TR2; G5
ENG_36	Abraham Lincoln	қоғамдық-саяси не әскери жағдай	саяси, моральдық не әскери жағдайға жауап	LM6 тура мағыналандыру	BK2; TR2; G5
ENG_37	Abraham Lincoln	қоғамдық-саяси не әскери жағдай	саяси, моральдық не әскери жағдайға жауап	LM2 ирониялық жауап	BK2; TR2; G2
ENG_38	Abraham Lincoln	қоғамдық-саяси не әскери жағдай	саяси, моральдық не әскери жағдайға жауап	LM4 салыстыру	BK2; TR2; G5
ENG_39	Abraham Lincoln	қоғамдық-саяси не әскери жағдай	саяси, моральдық не әскери жағдайға жауап	LM1 күтпеген мағыналық ауысым	BK2; TR2; G5
ENG_40	Abraham Lincoln	қоғамдық-саяси не әскери жағдай	саяси, моральдық не әскери жағдайға жауап	LM6 тура мағыналандыру	BK2; TR2; G5
ENG_41	Benjamin Franklin	Франция сарайындағы шахмат ойыны	Duchess of Bourbon корольді алу туралы ескерту жасайды	LM3 қарсы жауап	BK3; TR3; G2

21 - кестенің жалғасы

Код	Тұлға	Қатысымдық жағдай	Түрткі	Негізгі механизм	BK; TR; G
ENG_42	Benjamin Franklin	қоғамдық ортадағы моральдық немесе өмірлік кеңес беру жағдай	пікір, ескерту не әңгімеге жауап	LM4 салыстыру	BK2; TR2; G5
ENG_43	Benjamin Franklin	қоғамдық ортадағы моральдық немесе өмірлік кеңес беру жағдай	пікір, ескерту не әңгімеге жауап	LM4 салыстыру	BK2; TR2; G5
ENG_44	Benjamin Franklin	қоғамдық ортадағы моральдық немесе өмірлік кеңес беру жағдай	пікір, ескерту не әңгімеге жауап	LM4 салыстыру	BK2; TR2; G5
ENG_45	Benjamin Franklin	қоғамдық ортадағы моральдық немесе өмірлік кеңес беру жағдай	пікір, ескерту не әңгімеге жауап	LM4 салыстыру	BK2; TR2; G5
ENG_46	Benjamin Franklin	қоғамдық ортадағы моральдық немесе өмірлік кеңес беру жағдай	пікір, ескерту не әңгімеге жауап	LM4 салыстыру	BK2; TR2; G5
ENG_47	Benjamin Franklin	қоғамдық ортадағы моральдық немесе өмірлік кеңес беру жағдай	пікір, ескерту не әңгімеге жауап	LM4 салыстыру	BK2; TR2; G5
ENG_48	Benjamin Franklin	қоғамдық ортадағы моральдық немесе өмірлік кеңес беру жағдай	нақты жағдайға не өтінішке жауап	LM1 күтпеген мағыналық ауысым	BK2; TR2; G5
ENG_49	Benjamin Franklin	өмірбаяндық тұрмыстық жағдай	нақты жағдайға не өтінішке жауап	LM3 қарсы жауап	BK2; TR2; G4

21 - кестенің жалғасы

Код	Тұлға	Қатысымдық жағдай	Түрткі	Негізгі механизм	BK; TR; G
ENG_50	Benjamin Franklin	өмірбаяндық тұрмыстық жағдай	нақты жағдайға не өтінішке жауап	LM1 күтпеген мағыналық ауысым	BK2; TR2; G3

21-кесте толық кодтық қаңқаны көрсетеді. Әр бірлік тұлғаға, ортаға, түрткіге және механизмге байланған. Паспорттау формалды қосымша сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ дәл осы қабат ағылшын материалын контекстіз афоризмдер қорынан ажыратады. ENG_21 мен ENG_37 екеуі де қысқа әрі ұтқыр, бірақ біріншісі аудиторияны жақындатуға, екіншісі шиеленісті жұмсартуға жұмыс істейді. Кестедегі кодтар осы айырманы ұстап тұр. Талдаудың түйіні белгілі. Ағылшын wit бірліктерінде тұлғалық бедел мен көпшілік алдындағы жауаптың орны жоғары. S5, G5, PF3 және PF6 жиілігі осыған итереді. Johnson блогындағы әдеби орта, Lincoln блогындағы саяси ахуал, Franklin блогындағы дипломатиялық және тұрмыстық тәжірибе бір қызмет атқармайды. Сондықтан ағылшын корпусын ақылды жауап деп бір сөзбен жабу ғылыми тұрғыдан тар. Әр бірлік өз сахнасымен бірге оқылғанда ғана механизм де, күлкі де, мәдени салмақ та дұрыс көрінеді.

2.3 Қазақ және ағылшын қалжың / wit бірліктерінің интегративті модель негізіндегі салғастырмалы талдауы

Қазақ қалжыңы мен ағылшын wit бірліктерін бір шкаламен өлшеу оңай көрінеді. Екеуі де қысқа. Екеуі де көбіне жауап түрінде беріледі. Бірақ корпусқа жақындаған сайын сыртқы ұқсастық тез тарқайды. Қазақ материалында реплика адамның кімге сөйлегеніне, туыстық не шығармашылық жақындыққа, дастарқан, айтыс, қонақтық секілді ортаға қатты байланады. Ағылшын материалында салмақ басқа жаққа ауысады. Wit көбіне көпшілік алдындағы сөзге, әдеби пікірталасқа, саяси жағдайға немесе тарихи тұлғаның беделіне сүйенеді.

Теориялық тұрғыдан салыстыру Raskin ұсынған сценарийлер қақтығысы, Attardo жүйелеген вербалды әзіл-оспақ механизмдері және Norrick сипаттаған conversational joking табиғатына жақын тұр. Аталған еңбектер сөйлесу жағдайында туған әрекет ретінде қарайды. Корпус материалы да сол бағытты растайды. Бір ғана соңғы сөйлем күлдірмейді. Кім айтты, кімге айтты, қандай жағдайда айтты және жауап қандай норманы бұзды. Негізгі ой сол жерде. Бөлімдегі талдау дедуктивті тәртіппен құрылған. Әуелі модель параметрі алынды. Кейін екі ішкорпустың сандық үлестірімі қатар қойылды. Соңғы қадамда нақты корпус мысалдары оқылды. Сан тек санау үшін берілмейді. 50 бірліктің ішіндегі 33 шешендік ортаға түссе не қазақ корпусында 36 диалогтық қалжың тіркелсе, ол мәтіннің әлеуметтік мінезін көрсетеді.

Кесте 22 – Дереккөздік және тұлғалық құрылым бойынша салыстыру

Салыстыру өлшемі	Қазақ ішкорпусы	Ағылшын ішкорпусы
Дереккөздік негіз	қалжың жинақтары, мемуарлық сипаттағы деректер, шығармашылық ортаға қатысты материалдар	өмірбаяндық еңбектер, шешендік сөздер жинағы, қоғамдық-саяси тұлғаларға қатысты деректер
Тұлғалық таралым	16 түрлі тұлға немесе тұлғалар тобы	8 түрлі тұлға немесе тұлғалар тобы
Басым тұлға типі	P1 ақын-жазушы – 25 (50,0%)	P1 ақын-жазушы – 28 (56,0%); P2 қоғам қайраткері – 21 (42,0%)
Талдаудағы салдары	қалжың әлеуметтік рөл мен жақындық арқылы ашылады	wit тарихи тұлға беделі мен риторикалық жағдай арқылы ашылады

22-кесте дереккөз айырмасын ең алдымен тіркеу режимі арқылы ашады. Қазақ материалында қалжың көбіне ауызша ортадан кейін қағазға түскен сөзге ұқсайды. Жинақ авторы немесе құрастырушы оқиғаның кімнің арасында өткенін, қандай отырыста айтылғанын сақтап қалуға тырысады. Ағылшын корпусында wit көбіне өмірбаян, мемуар, шешендік сөз жинағы арқылы бекіген. Boswell Johnson-ды әдеби ортада береді. Twain банкет пен сахнаға жақын. Lincoln мен Franklin қоғамдық бедел, саясат және өмірбаяндық тәжірибе арқылы оқылады. Тұлғалық құрылым да мүлдем ұқсамайды. Қазақ корпусында 16 тұлға немесе тұлғалар тобы бар, материал сол арқылы кеңірек әлеуметтік кеңістікке шығады. Ақын, жазушы, өнер адамы, туыс, таныс, қоғамдық адам бір мәтіндік қатарға түседі. Ағылшын корпусында тұлға саны аздау, бірақ әрқайсысының тарихи салмағы ауыр. Johnson, Twain, Lincoln, Franklin есімдері репликаны алдын ала шеңбер көлемінен асырмайды. Адресат сөзді белгілі мәдени рөл иесінің әрекеті деп қабылдайды.

Кесте 23 – Қатысымдық жағдай, түрткі және жанрлық форма бойынша салыстырмалы үлестірім

Параметр	Код	Код атауы	Қазақ	Ағылшын
Қатысымдық жағдай	S1	туыстық орта	10 (20,0%)	0 (0,0%)
Қатысымдық жағдай	S2	достық немесе құрдастық орта	3 (6,0%)	0 (0,0%)
Қатысымдық жағдай	S3	той, қонақтық, айтыс ортасы	12 (24,0%)	0 (0,0%)
Қатысымдық жағдай	S4	әдеби-шығармашылық орта	9 (18,0%)	15 (30,0%)
Қатысымдық жағдай	S5	қоғамдық немесе шешендік орта	4 (8,0%)	33 (66,0%)
Қатысымдық жағдай	S6	тұрмыстық жағдай	12 (24,0%)	2 (4,0%)
Түрткі болған себеп	T1	сұрақ	13 (26,0%)	5 (10,0%)
Түрткі болған себеп	T2	сын немесе ескерту	12 (24,0%)	29 (58,0%)
Түрткі болған себеп	T3	әзілге жауап	2 (4,0%)	0 (0,0%)

23 - кестенің жалғасы

Параметр	Код	Код атауы	Қазақ	Ағылшын
Түрткі болған себеп	T4	ыңғайсыз жағдай	3 (6,0%)	2 (4,0%)
Түрткі болған себеп	T5	көпшілік алдындағы сөз	9 (18,0%)	14 (28,0%)
Түрткі болған себеп	T6	тұрмыстық себеп	11 (22,0%)	0 (0,0%)
Жанрлық форма	G1	қысқа ұтқыр жауап	3 (6,0%)	1 (2,0%)
Жанрлық форма	G2	диалогтық қалжың	36 (72,0%)	7 (14,0%)
Жанрлық форма	G3	ситуациялық реплика	8 (16,0%)	4 (8,0%)
Жанрлық форма	G4	қысқа оқиға ішіндегі түйін	0 (0,0%)	8 (16,0%)
Жанрлық форма	G5	шешендік жауап	3 (6,0%)	30 (60,0%)

23-кестеде айырма қатты көрінеді. Қазақ корпусында S1, S3 және S6 кодтары бос тұрған жоқ. Туыстық орта 10 бірлік, той, қонақтық, айтыс кеңістігі 12 бірлік, тұрмыстық жағдай 12 бірлік береді. Мұндай таралым қазақ қалжыңының қатынас ішінен шығатынын көрсетеді. Біреу сұрайды, біреу қағытады, біреу дастарқандағы шектен асқан ықыласты тоқтатады. Күлкі сол сәттегі рұқсаттан туады. Ағылшын корпусындағы көрініс бөлек. S5 коды 33 бірлікке жетеді, G5 шешендік жауап 30 рет тіркеледі. Демек, ағылшын wit көбіне аудитория бар жерде жұмыс істейді. Банкет, қоғамдық сөз, саяси пікір, әдеби клубтағы әңгіме. Мұндай ортада жауаптың міндеті де өзгереді. Ол тек қарсы адамның сөзін қайтармайды, тыңдап отырған топты басқаруға, сөйлеушінің беделін сақтауға, кейде өзін әжуалау арқылы қысымды төмендетуге қызмет етеді. Түрткі кодтары айырманы нақтылайды. Қазақ материалында сұрақ, сын-ескерту және тұрмыстық себеп бір-біріне жақын таралған. Ағылшын корпусында T2 мен T5 алға шығады. Ескерту, пікір, көпшілік алдындағы сөз, банкеттегі реплика wit тудыратын негізгі ортаға айналады. Қысқаша айтқанда, қазақ қалжыңы қатынас ішіндегі жауапқа жақын, ағылшын wit көпшілік көзін сезетін жауапқа жақын.

Кесте 24 – Сценарийлік қарама-қарсылық және логикалық механизм бойынша салыстыру

Параметр	Код	Код атауы	Қазақ	Ағылшын
Сценарийлік қарама-қарсылық	SO1	күтілетін жауап / нақты жауап	24 (48,0%)	10 (20,0%)
Сценарийлік қарама-қарсылық	SO2	тура мағына / ауыспалы мағына	8 (16,0%)	7 (14,0%)
Сценарийлік қарама-қарсылық	SO3	норма / ауытқу	11 (22,0%)	0 (0,0%)
Сценарийлік қарама-қарсылық	SO4	жоғары мәртебе / төмендегілген мәртебе	6 (12,0%)	11 (22,0%)
Сценарийлік қарама-қарсылық	SO5	салмақты сөз / ойын сөз	1 (2,0%)	2 (4,0%)
Сценарийлік қарама-қарсылық	SO6	ресми жағдай / бейресми жауап	0 (0,0%)	20 (40,0%)
Логикалық механизм	LM1	күтпеген мағыналық ауысым	26 (52,0%)	20 (40,0%)

24 - кестенің жалғасы

Параметр	Код	Код атауы	Қазақ	Ағылшын
Логикалық механизм	LM2	ирониялық жауап	0 (0,0%)	6 (12,0%)
Логикалық механизм	LM3	қарсы жауап	2 (4,0%)	5 (10,0%)
Логикалық механизм	LM4	салыстыру	1 (2,0%)	9 (18,0%)
Логикалық механизм	LM5	әсірелеу	4 (8,0%)	2 (4,0%)
Логикалық механизм	LM6	тура мағыналандыру	3 (6,0%)	7 (14,0%)
Логикалық механизм	LM7	рөлдік ауысым	8 (16,0%)	0 (0,0%)
Логикалық механизм	LM8	сөз ойыны	6 (12,0%)	1 (2,0%)

24-кестедегі SO1 көрсеткіші қазақ корпусындағы комикалық құрылымды жақсы ұстайды. 24 бірлікте күтілетін жауап пен нақты жауап қабыспайды. Алайда айырмашылық тек лингвистикалық бұрылыспен шектелмейді. Күтілім әлеуметтік нормадан шығады. Тойда дәм ұсыну, туыстық еркіндік, үлкен-кіші арасы, айтыстағы қағытпа. Соңғы реплика сол норманы жоққа шығармайды, тек бағытын өзгертіп жібереді. Ағылшын корпусында SO6 коды 20 бірлікпен алға шығады. Ресми не салмақты ортаға бейресми жауап кіреді. Дәл сол тұста wit-тің риторикалық табиғаты ашылады. Сөйлеуші мінбердегі қалыпты, саяси беделді я әдеби пікірталастың салмағын бір қысқа жауаппен төмендетеді. Johnson-дағы intellectual thrust, Twain-дегі self-mockery, Lincoln-дегі жұмсақ ирония сол механизмге сүйенеді. LM1 екі корпуста да жиі кездеседі, бірақ бірдей жұмыс істемейді. Қазақ материалында күтпеген мағыналық ауысым рөл мен қатынас арқылы жүреді. Мысалы, KAZ_03 тойдағы сыйластықты адамның қарны көтеретін шекпен тоқтатады. Ағылшын материалында ауысым көбіне ойдың бағытын қарсы жаққа бұрудан туады. ENG_02-де Johnson түсіндіру міндеті мен түсіну қабілетін екі бөлек аймаққа шығарады. Екі мәтін де күтілімді бұзады, алайда біріншісі әлеуметтік икемге, екіншісі логикалық дәлдікке сүйенеді.

LM7 мен LM8 қазақ корпусында ерекше көрінеді. Жезде-балдыз, нағашы-жиен, ақын мен тыңдаушы арасындағы сөз еркіндігі рөлді уақытша ауыстыруға мүмкіндік береді. Ағылшын корпусында LM3, LM4 және LM6 салмақтырақ. Қарсы жауап, салыстыру, тура мағыналандыру. Wit сол себепті көбіне интеллектуалдық қысымға ұқсайды. Әдемі айтылған соққы, бірақ ережеге сыйған соққы.

Кесте 25 – Тілдік іске асу және прагматикалық қызмет бойынша салыстыру

Параметр	Код	Код атауы	Қазақ	Ағылшын
Тілдік іске асу	LA1	лексикалық таңдау	5 (10,0%)	11 (22,0%)
Тілдік іске асу	LA3	синтаксистік ықшамдық	34 (68,0%)	27 (54,0%)
Тілдік іске асу	LA5	метафоралық немесе метонимиялық ауысым	5 (10,0%)	11 (22,0%)
Тілдік іске асу	LA6	дыбыстық немесе графикалық сәйкестік	6 (12,0%)	1 (2,0%)
Прагматикалық қызмет	PF1	жақындастыру	35 (70,0%)	21 (42,0%)

25 - кестенің жалғасы

Параметр	Код	Код атауы	Қазақ	Ағылшын
Прагматикалық қызмет	PF2	жұмсақ сын	8 (16,0%)	2 (4,0%)
Прагматикалық қызмет	PF3	өзін әжуалау	2 (4,0%)	12 (24,0%)
Прагматикалық қызмет	PF4	беделді қорғау немесе көрсету	2 (4,0%)	4 (8,0%)
Прагматикалық қызмет	PF5	ыңғайсыздықты жұмсарту	2 (4,0%)	1 (2,0%)
Прагматикалық қызмет	PF6	әлеуметтік норманы бұзу немесе қайта бекіту	1 (2,0%)	10 (20,0%)

25-кестеде екі корпустың ортақ тұсы байқалады. Синтаксистік ықшамдық екеуінде де күшті. Қазақ материалында LA3 34 бірлікке, ағылшын материалында 27 бірлікке жетеді. Қысқа жауапсыз қалжыңның серпіні бәсеңдейді. Дегенмен қысқалықтың шығу тегі екі ортада бөлек. Қазақта ол ауызекі диалогтың табиғи ырғағынан туады. Ағылшында қысқалық көпшілік алдында айтылатын дәл жауаптың талабына жақын. LA6 көрсеткіші қазақ корпусында 6 бірлік, ағылшын корпусында 1 бірлік ғана. Мұндай көрсеткіш ағылшын wit тілдік ойыннан алыс деген пікірге апармауы керек. Берілген ағылшын ішкорпусы дыбыстық ойыннан гөрі контексті бар риторикалық жауапқа құрылған. Қазақ мысалдарында *балық пен халық, қартаймаңыз бен карта ойнаңыз* секілді дыбыстық жақындық комикалық әсерді күшейтеді. Аудармада аталған қабат бірінші болып жоғалады. Прагматикалық қызметтегі айырма одан да ашық. Қазақ корпусында PF1 35 бірлікпен басым. Қалжың жақындықты көрсетуге жұмсалады. Ағылшын корпусында PF1 сақталғанымен, PF3 және PF6 көбірек көрінеді. Twain мен Lincoln мәтіндерінде өзін әжуалау кездейсоқ емес. Ол аудитория алдындағы қауіпсіз тәсіл. Сөйлеуші өзін төмендетіп тұрғандай көрінеді, бірақ сол арқылы әңгіменің басқаруын қолында ұстайды.

Кесте 26 – Фондық білім, аударма тәуекелі және қатысымдық құрылым бойынша салыстыру

Параметр	Код	Код атауы	Қазақ	Ағылшын
Фондық білімге тәуелділік	BK1	төмен фондық тәуелділік	13 (26,0%)	4 (8,0%)
Фондық білімге тәуелділік	BK2	орташа фондық тәуелділік	27 (54,0%)	45 (90,0%)
Фондық білімге тәуелділік	BK3	жоғары фондық тәуелділік	10 (20,0%)	1 (2,0%)
Аударма кезінде әсердің жоғалу қаупі	TR1	төмен қауіп	11 (22,0%)	4 (8,0%)
Аударма кезінде әсердің жоғалу қаупі	TR2	орташа қауіп	31 (62,0%)	44 (88,0%)

25 - кестенің жалғасы

Параметр	Код	Код атауы	Қазақ	Ағылшын
Аударма кезінде әсердің жоғалу қаупі	TR3	жоғары қауіп	8 (16,0%)	2 (4,0%)
Қатысымдық құрылым	D0	бір репликалық немесе баяндаулық	9 (18,0%)	12 (24,0%)
Қатысымдық құрылым	D1	диалогтық	37 (74,0%)	8 (16,0%)
Қатысымдық құрылым	D2	шешендік-көпшілік құрылым	4 (8,0%)	30 (60,0%)

26-кесте қабылдау мәселесін алға шығарады. Қазақ корпусында ВК3 10 бірлікке жетеді, ағылшын корпусында ВК3 бір ғана бірлік. Бірақ ағылшын материалын оңай қабылданатын мәтін деп санауға болмайды. ВК2 45 бірлікке жетіп тұр. Демек, адресатқа тарихи тұлға, көпшілік алдындағы сөз мәдениеті, әдеби орта не саяси фон жөнінде орташа білім керек. Қазақ ВК3 бірліктері көбіне салттық және туыстық кодтарға сүйенеді. KAZ_28 нағашы-жиен қалжыңын білмей толық ашылмайды. KAZ_48 айтыс мәдениеті мен жезде-балдыз қағытпасын бірге талап етеді. Ағылшын корпусындағы ENG_41 басқа қабатқа құрылған. Шахматтағы *king* сөзі монархиялық тәртіпке, одан әрі Америка тәуелсіздігіне ишара жасайды. Фондық білім екі корпуста да керек, бірақ оның табиғаты бөлек. Аударма тәуекелі де сол жерден шығады. Қазақ корпусындағы TR3 8 бірлік дыбыстық ойынға, туыстық атауға, мәдени рөлге тәуелді. Ағылшын корпусындағы TR3 2 бірлік тарихи-саяси ишараға және өте қысқа риторикалық формаға байланысты. Қатысымдық құрылым аталған айырманы тағы бекітеді. Қазақта D1 37 бірлік, ағылшында D2 30 бірлік. Біріншісі реплика алмасуына, екіншісі аудитория алдындағы жауапқа жақын.

Кесте 27 – Репрезентативті жұптар арқылы салыстырмалы кейс-талдау

Салыстыру өзегі	Қазақ коды	Қазақ корпусынан үзінді	Қазақ кодтары	Ағылшын коды	Ағылшын корпусынан үзінді	Ағылшын кодтары
Күтілетін жауап пен нақты жауаптың қақтығысы	KAZ_03	Қазақта не көп, той көп қой, сондай бір тойда Нарынқолдан келген менің бір туысымның жұбайы Седеп жеңге Бәкеңнің ыдысына әртүрлі дәмдерден қайта қайта үстемелеп үйіп сала береді өзінше көңіл бөліп...	LM1 күтпеген мағыналық ауысым; PF1 жакындастыру	ENG_02	Personal words are often upon his lips, such as 'love' and 'hate,' and vast is the number, range, and variety of people who at one time or another had been in some degree personally related with him,...	LM3 қарсы жауап; PF4 беделді қорғау немесе көрсету

27 - кестенің жалғасы

Салыстыру өзегі	Қазақ коды	Қазақ корпусынан үзінді	Қазақ кодтары	Ағыл- шын коды	Ағылшын корпусынан үзінді	Ағыл- шын кодтары
Сөз ойыны мен саяси- мәдени ишара	KAZ_17	Атақты акын Тұманбай Молдағалиев пен колөнер шебері Дәркембай Шоқпарұлы бір ауылдың түлектері екен. Сол ауылдың азаматы Айтбайұлы Бейсетап деген кісі 60 жасқа толып, інілерін тойға шақырыпты....	LM8 сөз ойыны; PF1 жақындастыру	ENG_41	He was therefore, feasted and invited to all the court parties. At these he sometimes met the old Duchess of Bourbon, who, being a chess player of about his force, they very generally played...	LM3 қарсы жауап; PF4 беделді қорғау немесе көрсету
жақын ортадағы өзін төмендету және шиеленісті жұмсарту	KAZ_28	Бір күні Дәркембай Шоқпарұлы нағашы-жиен ретінде, өзінің қашаннан қалжыңдаса беретін журналист ағасы Бекболат Әдетовтың үйне телефон шалып: – Уа, Беке, не істеп жатырсыз? – депті. Үй тірлігіне қол...	LM7 рөлдік ауысым; PF3 өзін әжуалау	ENG_37	When told that Stanton had called him a fool, Lincoln asked: «Stanton says I am a fool?» Then, with a whimsical glance, he said: «then I suppose I must be. Stanton is nearly always right»	LM2 ирония- лық жауап; PF5 ыңғай- сыздықт ы жұмсарт у
беделді тұлға және көпшілік алдындағы жағдай	KAZ_35	1995 жылы Манас эпосының мың жылдығында біраз мемлекет- тік делегациялар Бішкектен Таласқа арнайы «ЯК 40» ұшағы- мен шығады. Мол денелі Әбіш Кекілбаев қатар отырған Баянғалиға: - Қолымды былай... сенің...	LM4 салыстыру; PF1 жақындастыру	ENG_16	MR. CHAIRMAN AND GENTLEMEN, —This man knows now how it feels to be the chief guest, and if he has enjoyed it he is the first man I have ever seen in that position that did enjoy it. And I know, by...	LM5 әсірелеу ; PF3 өзін әжуалау

27 - кестенің жалғасы

Салыстыру өзегі	Қазақ коды	Қазақ корпусынан үзінді	Қазақ кодтары	Ағыл- шын коды	Ағылшын корпусынан үзінді	Ағыл- шын кодтары
дыбыстық/ мағыналық дәлдік және тұлғалық бедел	KAZ_44	Баянғалиды біреумен шатастырған бір бастық: «Әлгі балық аулаудың рұқсат қағазын қашан әпересің?»- депті. «Мен балықтың емес, халықтың адамымын»- депті сонда ақын. 50 бет	LM8 сөз ойыны; PF4 беделді қорғау немесе көрсету	ENG_01	I reminded him how heartily he and I used to drink wine together, when we were first acquainted; and how I used to have a head- ache after sitting up with him. He did not like to have this recalled,...	LM2 ирония- лық жауап; PF4 беделді қорғау немесе көрсету
рөлдік мәртебе және өмірбаяндық жауап	KAZ_48	Ілияс Жансегіровтың 100 жылдығына арналған республикалық айтыста алматылық Оразалы Досбосынов Баянғалиды «жезде» деп, балдыз жолымен әзілдеуге айналады. Сонда Баянғали: Бір елдің бетке ұстаған...	LM7 рөлдік ауысым; PF4 беделді қорғау немесе көрсету	ENG_31	Once, when asked what he remembered about the War of 1812 with Great Britain, he replied: "Only this: I had been fishing one day and had caught a little fish, which I was taking home. I met a soldier...	LM6 тура мағына- ландыру ; PF3 өзін әжуалау

27-кесте сандарды мәтінге қайта әкеледі. KAZ_03 пен ENG_02 сырттай бір функцияға ұқсайды, екеуі де күтілімді бұзады. Бірақ комикалық нүкте екі бөлек жерден шығады. KAZ_03 тойдағы дәм ұсыну нормасын денелік шек арқылы тоқтатады. ENG_02 тыңдаушының түсінбеуін логикалық жауапкершілік ретінде өзіне қайтарады. Бірінде әлеуметтік ыңғай, екіншісінде интеллектуалдық дәлдік басым. KAZ_17 мен ENG_41 аударма тәуекелін жақсы ашады. Қазақ мысалында қартаймаңыз тіркесі карта ойнаңыз бағытына дыбыстық жақындық арқылы бұрылады. Franklin мысалында шахматтағы корольді алу әрекеті саяси ишараға айналады. Екі мәтінде де қысқа жауап көп қабатты ақпаратты жинайды. Қазақ мәтінінде дыбыс алға шығады. Ағылшын мәтінінде тарих пен саясат салмақ алады. KAZ_28 пен ENG_37 бір-біріне жақын көрінеді, себебі екеуі де қарым-қатынасты сындырмайды. Дәркембайдың жауабы нағашы-жиен қалжыңының жұмсақ шегінде тұр. Lincoln Stanton бағасын тура жоққа шығармайды, өзін

ирониямен төмендетіп, шиеленісті бәсеңдетеді. Амал басқа. Міндет ұқсас. Қатынасты сақтау, қысымды төмендету, сөйлеушінің өз қалпын жоғалтпау.

Интегративті модельдің жеке қабаттары бөлек қаралғанда пайдалы. Бірақ қалжың бір кодқа сыймайды. Бір мәтінде орта, тұлға беделі, түрткі, тілдік қысқалық, прагматикалық мақсат қатар жүреді. Төмендегі салыстыруларда бірнеше өлшемнің бір реплика ішінде қалай түйсетіні маңызды. Негізгі болжам қарапайым. Қалжың / wit бірлігі нақты жағдайсыз әлсірейді. Оның әсері тұлға, адресат, түрткі және қысқа жауап арқылы жасалады. Егер аталған компоненттердің бірі алынса, мәтіннің комикалық күші төмендейді немесе мүлде басқа мағынаға кетеді. Корпус мысалдары сол тәуелділікті тексеруге мүмкіндік береді.

Кесте 28 – Қосымша репрезентативті жұптар бойынша мәтіндік салыстыру

Салыстыру бағыты	Қазақ коды	Қазақ тұлғасы	Қазақ мәтінінен үзінді	Ағылшын коды	Ағылшын тұлғасы	Ағылшын мәтінінен үзінді
көпшілік немесе отбасылық ортада сөйлеушінің өзіндік позициясын сақтау	KAZ_01	Бақытжан Момышұлы	Флора деген бізбен араласып тұратын келіншек ұлының үйлену тойына шақыру билетін әкелді. «Құдаларын қай жақтан, ата-анасы кім екен?» - деп әдеттегі сауалдарды қойып жатырмын....	ENG_16	Mark Twain	MR. CHAIRMAN AND GENTLEMEN, – This man knows now how it feels to be the chief guest, and if he has enjoyed it he is the first man I have ever seen in that position that did enjoy...
әсірелеу және аудитория алдындағы риторикалық үлкейту	KAZ_02	Бақытжан Момышұлы	Тәтемнің қолынан бәрі келеді, бір бастаған ісін дөңгелетіп әкетіп бітірмей қоймайды, - деп інім Қамал бөсіңкіреп жіберді. - Оның рас, тәтеңнің пысықтығы соншалық түнде ұйқыдан оянып...	ENG_21	Mark Twain	Professor Winchester also said something about there being no modern epics like Paradise Lost. I guess he's right. He talked as if he was pretty familiar with that piece of...
тұрмыстық жағдайдың комикалық жауапқа айналуы	KAZ_05	Бақытжан Момышұлы	Жұмыртқаға жұмсақ иленген қамырды майда етіп, кесіп, қалбырға басып, майға қуыратын бауырсақ болады. Көгер көзге әдемі әрі дәмді. Қалада тұратын адамдарда қалбыр қайдан болсын,...	ENG_50	Benjamin Franklin	Keimer wore his beard at full length, because somewhere in the Mosaic law it is said, «Thou shalt not mar the corners of thy beard» He likewise kept the Seventh day, Sabbath; and...

28 - кестенің жалғасы

Салыстыру бағыты	Қазақ коды	Қазақ тұлғасы	Қазақ мәтінінен үзінді	Ағылшын коды	Ағылшын тұлғасы	Ағылшын мәтінінен үзінді
ыңғайсыздықты жұмсарту және қарым-қатынасты сақтау	KAZ_08	Бақытжан Момышұлы	Баяғы Кеңес өкіметінің кезінде қауым жұрт – атақтысы да, атақсызы да қоғамдық көлікпен жүретін. Бәкең екеуміз трамваймен бір жаққа бара жаттық. Қай аялдамадан шығатынымызды...	ENG_37	Abraham Lincoln	When told that «Stanton had called him a fool, Lincoln asked: Stanton says I am a fool?» Then, with a whimsical glance, he said: «then I suppose I must be. Stanton is nearly... »
түсінбеу, шатасу және интеллектуалдық артықшылық	KAZ_11	Бақытжан Момышұлы	Ауылда тұратын бір руласымыздың Алматыда оқитын қызы үйімізге келіп-кетіп жүретін. Бір күні сол қыз тұрмысқа шықты. Арада жарты жылдай уақыт өткенде қызымыз: -Сүйіп қосылып едік,...	ENG_01	Samuel Johnson	I reminded him how heartily he and I used to drink wine together, when we were first acquainted; and how I used to have a headache after sitting up with him. He did not like to...
қысқа репликадағы бағалауыштық астар	KAZ_14	Бақытжан Момышұлы	Бәкеңмен институтта қатар оқыған Советбек деген жігіт бір жиында кесдесе кетті. Талай жылдан бері көріспеген таныстар ашық-жарқын әңгімелесіп жатыр. Советбек Бәкеңе қарап:...	ENG_24	Mark Twain	I never had the courage to talk across a long, narrow room. I should be at the end of the room facing all the audience. If I attempt to talk across a room I find myself turning...
әлеуметтік тәжірибені кеңейтіп түсіндіру	KAZ_20	Ахмет	Бір жолы облыстық газеттің бөлім меңгерушісі журналист Болат Бисұлтанов Ақсу ауданына командировкаға барады да, жол-жөнекей өзі бұрын қызмет істеген редакцияға бас сұқса, Ахметті...	ENG_48	Benjamin Franklin	«That I will readily do, said I; «and, in the first place, I advise you to apply to all those whom you know will give something; next, to those whom you are uncertain whether...

28 - кестенің жалғасы

Салыстыру бағыты	Қазақ коды	Қазақ тұлғасы	Қазақ мәтінінен үзінді	Ағылшын коды	Ағылшын тұлғасы	Ағылшын мәтінінен үзінді
мәдени кодтың қысқа жауапта шоғырлануы	KAZ_28	Дәркембай Шоқпарұлы	Бір күні Дәркембай Шоқпарұлы нағашы-жиен ретінде, өзінің қашаннан қалжындаса беретін журналист ағасы Бекболат Әдетовтың үйне телефон шалып: – Уа, Беке, не істеп жатырсыз? – депті....	ENG_41	Benjamin Franklin	He was therefore, feasted and invited to all the court parties. At these he sometimes met the old Duchess of Bourbon, who, being a chess player of about his force, they very...
беделді тұлға қатысқан жағдайдағы әзілдің жұмсаруы	KAZ_35	Баянғали Әлімжанов	1995 жылы Манас эпосының мың жылдығында біраз мемлекеттік делегациялар Бішкектен Таласқа арнайы «ЯК 40» ұшағымен шығады. Мол денелі Әбіш Кекілбаев қатар отырған Баянғалиға: -...	ENG_16	Mark Twain	MR. CHAIRMAN AND GENTLEMEN, –This man knows now how it feels to be the chief guest, and if he has enjoyed it he is the first man I have ever seen in that position that did enjoy...
тілдік дәлдік және сөйлеушінің өзін қорғауы	KAZ_44	Баянғали Әлімжанов	Баянғалиды біреумен шатастырған бір бастық: «Әлгі балық аулаудың рұқсат қағазын қашан әпересің?» – депті. «Мен балықтың емес, халықтың адамымын,» – депті сонда ақын. 50 бет	ENG_02	Samuel Johnson	Personal words are often upon his lips, such as 'love' and 'hate,' and vast is the number, range, and variety of people who at one time or another had been in some degree...
мәртебелік қайта орналастыру және өмірбаяндық жауап	KAZ_48	Баянғали Әлімжанов	Ілияс Жансегіровтың 100 жылдығына арналған республикалық айтыста алматылық Оразалы Досбосынов Баянғалиды «кезде» деп, балдыз жолымен әзілдеуге айналады. Сонда Баянғали: Бір елдің...	ENG_31	Abraham Lincoln	Once, when asked what he remembered about the War of 1812 with Great Britain, he replied: «Only this: I had been fishing one day and had caught a little fish, which I was taking...».

28 - кестенің жалғасы

Салыстыру бағыты	Қазақ коды	Қазақ тұлғасы	Қазақ мәтінінен үзінді	Ағылшын коды	Ағылшын тұлғасы	Ағылшын мәтінінен үзінді
қоғамдық жағдайдағы өзін әжуалау	KAZ_50	Баянғали Әлімжанов	Бір жиында бір шегіртке келіп Баянғалидың киіміне қона қалғанда, Экология министрі Серікбек Дәукеев: - Мына шегіртке неғып жүр? Осыған бірдеме демейсіз бе? – депті. - Е-е,...	ENG_37	Abraham Lincoln	When told that Stanton had called him a fool, Lincoln asked: «Stanton says I am a fool?» Then, with a whimsical glance, he said: «then I suppose I must be. Stanton is nearly...».

28-кестедегі жұптар толық теңдік іздемейді. Мақсат басқа. Ұқсас прагматикалық міндеттің екі мәдени материалда қалай орындалатынын көрсету. KAZ_05 тұрмыстық зат іздеу жағдайынан шығады. *Менің сеткалы майкам бар* деген жауап нақты құрал сұрағын күтпеген заттық бағытқа бұрады. ENG_50 де тұрмыстық-өмірбаяндық ортаға жақын, бірақ Franklin-де жауап моральдық әрі практикалық кеңеске айналады. KAZ_44 пен ENG_02 тілдік дәлдікке тіреледі. Қазақ мәтінінде балық пен халық арасындағы дыбыстық жақындық ақынның қоғамдық орнын қорғауға қызмет етеді. Johnson мәтінінде argument пен understanding ұғымдары ажыратылады. Адресатқа дәлел беруге болады, түсіну қабілетін беруге болмайды. Екі жағдайда да сөз формасы шешуші. Айырма қазақ мысалында дыбыста, ағылшын мысалында ұғымдық жіктеуде.

KAZ_48 пен ENG_31 сырттай алыс. Бірі айтыс сахнасындағы жезде-балдыз қағытпасы, бірі Lincoln-нің War of 1812 туралы естелігі. Бірақ екі мәтінде де қысқа жауап бастапқы мәртебені төмен түсіреді немесе қайта орналастырады. KAZ_48-де балдыз позициясы ақындық беделмен шектеледі. ENG_31-де үлкен соғыс туралы сұрақ бала кездегі балық оқиғасына ауысады. Биік тақырып қарапайым тәжірибеге түскенде күлкі жұмсақ шығады.

Кесте 29 – Модель қабаттары бойынша тұжырымдық салыстыру

Модель қабаты	Қазақ корпусындағы жұмыс істеу сипаты	Ағылшын корпусындағы жұмыс істеу сипаты	Корпустық дәлел
Семантикалық қабат	күтілетін жауаптың әлеуметтік нормаға байлануы	күтілетін жауаптың риторикалық немесе қоғамдық жағдайға байлануы	KAZ_03: тойдағы дәм ұсыну; ENG_02: түсінбеу туралы ескерту
Логикалық қабат	Соңғы реплика қатысушының рөлін немесе жағдайды қайта атайды.	Қарсы жауап ойды қысқа әрі өткір бағытқа ауыстырады.	KAZ_48: «балдыз» мәртебесі; ENG_37: Stanton бағасына жауап

29 - кестенің жалғасы

Модель қабаты	Қазақ корпусындағы жұмыс істеу сипаты	Ағылшын корпусындағы жұмыс істеу сипаты	Корпустық дәлел
Тілдік қабат	ауызекі сөйлеу, туыстық атау, дыбыстық жақындық, ықшам жауап	қысқа синтаксис, параллель құрылым, ирониялық дәлдік	KAZ_44: «балық / халық»; ENG_02: argument / understanding
Прагматикалық қабат	жақындықты сақтау, жұмсақ сын, рөлдік еркіндік	беделді сақтау, өзін әжуалау, аудиторияны басқару	KAZ_28: нағашы-жиен; ENG_16: банкет сөзі
Лингвомәдени қабат	құда, жезде, балдыз, той, айтыс, үлкен-кіші қатынасы	парламенттік мәдениет, әдеби орта, тарихи тұлға, банкет сөзі	KAZ_17: тойдағы сөз ойыны; ENG_41: шахмат және Америка ишарасы
Рецептивтік қабат	Фонды білмеген адресат рөлдік реңкті жоғалтуы мүмкін.	Тарихи немесе риторикалық фонды білмеген адресат жауаптың салмағын толық ұстамауы мүмкін.	KAZ_35 және ENG_41 бірліктері BK/TR өлшемдерімен тексеріледі

29-кесте модель қабаттарының бір-біріне кірігіп жұмыс істейтінін көрсетеді. Семантикалық қарама-қарсылық тілдік механизмсіз байқалмайды. Тілдік механизм прагматикалық ортадан ажыраса, әсері әлсірейді. Мысалы, *Қарындасың қан туысың, қатының жсан туысың* үлгісіндегі жауап лексикалық деңгейде мақалға ұқсайды. Қатысымдық орта қосылғанда ғана оның қалжыңдық салмағы көрінеді. Ағылшын материалында да сондай күрделілік бар. Johnson репликалары қысқа көрінеді, бірақ олар әдеби әңгіме мен интеллектуалдық беделдің ішінде айтылады. Twain-нің банкеттегі сөздері жай күлдіргі сөйлем емес. Олар аудиторияны бір сәтке босатып, сөйлеушінің өзіндік позициясын бекітеді. Wit-ті тек лексикалық тапқырлық деп шектеу сол себептен жеткіліксіз.

Кесте 30 – Дереккөздік блоктар бойынша функционалдық профиль

Дереккөздік блок	Корпустағы негізгі орта	Басым қызмет пен механизм	Репрезентативті кодтар
Ахметова З. «Өзіліңді сағындық»	Бақытжан Момышұлы айналасындағы отбасылық, тұрмыстық, тойлық қалжындар	жақындастыру, жұмсақ сын, тұрмыстық жауап	KAZ_01, KAZ_03, KAZ_05
«Деген екен!», құраст. М. Ниязбеков	ақын-жазушылар, өнер адамдары, қоғамдық ортадағы қысқа қалжындар	сөз ойыны, қысқа жауап, тұлғалық бедел	KAZ_17, KAZ_28
Әлімжанов Б. «Деген екен»	Баянғали Әлімжановқа қатысты айтыстық, қоғамдық, әдеби ортадағы жауаптар	рөлдік ауысым, мәртебелік жауап, дыбыстық ойын	KAZ_35, KAZ_44, KAZ_48

29 - кестенің жалғасы

Дереккөздік блок	Корпустағы негізгі орта	Басым қызмет пен механизм	Репрезентативті кодтар
Boswell J. «Life of Johnson»	Samuel Johnson айналасындағы әдеби әңгіме және пікірталас	ирониялық қарсы жауап, интеллектуалдық үстемдік	ENG_01, ENG_02
Twain M. «Mark Twain's Speeches»	көпшілік алдындағы сөз, банкет, шешендік жауап	өзін әжуалау, аудиториямен байланыс, гиперболизация	ENG_16, ENG_21
Nicolay H. «The Boys' Life of Abraham Lincoln»	Lincoln-нің өмірбаяндық және саяси жағдайларға жауаптары	шиеленісті жұмсарту, өмірбаяндық қарапайымдау	ENG_31, ENG_37
Franklin B. «Autobiography»	дипломатиялық, моральдық, тұрмыстық тәжірибе контексті	саяси ишара, практикалық кеңес, қарсы жауап	ENG_41, ENG_48, ENG_50

30-кесте дереккөздердің бір-бірінің орнына жүре алмайтынын көрсетеді. Ахметова жинағындағы Бақытжан Момышұлына қатысты мәтіндер отбасылық, тұрмыстық, тойлық реңкті күшейтеді. Әлімжановқа қатысты материалдар айтыс пен қоғамдық жауапқа жақын. Boswell Johnson арқылы әдеби ортадағы wit-ті береді. Twain-де банкет пен шешендік сахна алға шығады. Nicolay мен Franklin деректері саяси және өмірбаяндық жауаптарды ашады. Іріктеу логикасы аталған айырмаға сүйенді. Бір ғана дереккөз қолданылса, корпус жеке тұлғаның стиліне байланып қалар еді. Бірнеше дереккөздік блок әлеуметтік кеңістікті кеңейтеді, бірақ айырманы өшірмейді. Банкеттегі реплика айтыстағы қағымпаға да толық ұқсамайды. Салыстырудың құндылығы сол теңсіздікті нақты көрсетуде.

Интегративті модель қазақ және ағылшын корпусындағы ортақ негізді ұстап берді. Екі материалда да комикалық әсер күтілімнің бұзылуына, қысқа жауаптың дәлдігіне және қатысымдық жағдайдың қайта мағыналануына сүйенеді. Бірақ ортақ механизм екі мәдени ортада бірдей іске қосылмайды. Құрылым ұқсас, әлеуметтік энергия басқа.

Қазақ корпусында қалжың көбіне әлеуметтік жақындық, туыстық рұқсат, айтыстық қағысу және тұрмыстық ортадағы рөлдік байланыс арқылы жасалады. Соңғы жауапты ғана оқу жеткіліксіз. Кімнің кімге сөйлегені, қандай ортада айтқаны, сол ортада қандай еркіндік берілгені есепке алынуы керек. Ағылшын корпусында wit тарихи тұлғаның беделімен, көпшілік алдындағы сөйлеу мәдениетімен, әдеби немесе саяси ортадағы тез жауаппен көбірек байланысады. Қысқа реплика сөйлеушінің интеллектуалдық дәлдігін көрсететін құралға айналады. Рецептивтік эксперимент үшін аталған айырма маңызды. Қазақ стимулы туыстық я салттық кодқа сүйенсе, өзге мәдениет өкілі мазмұнын түсінуі мүмкін, бірақ әсерін толық сезбеуі ықтимал. Ағылшын wit тарихи тұлғаға, риторикалық сахнаға не саяси ишараға байланса, фондық білімсіз оның салмағы да кемиді. Корпус талдауы мен эксперимент сол тұста түйіседі. Кодтау мәтіннің

ішкі құрылымын көрсетеді, ал рецепция сол құрылымның қабылдаушы санасында қалай бағаланатынын тексереді.

2.4 Қалжың рецепциясын эксперименттік тексеру

Эксперименттік деректерді өңдеу қысқа вербалды қалжың / wit бірлігін талдаудың интегративті моделіне сүйеніп жүргізілді. Модельде мәтіннің семантикалық карама-қарсылығы, логикалық механизмі, тілдік іске асуы, прагматикалық қызметі, фондық білімге тәуелділігі және рецептивтік бағасы бір жүйеге біріктірілді [74], [76, б. 136-156], [188, б. 113-135].

Сауалнама матрицасында 225 респонденттің жауабы тіркелді. Қазақ лингвомәдени тобына 112 адам, ағылшын тілді лингвомәдени топқа 113 адам енгізілді. Әр қатысушы 10 стимулды бағалады. Баға 1 деңгейінде мүлде күлкілі емес, 2 деңгейінде күлкілі емес, 3 деңгейінде күлкілі, 4 деңгейінде өте күлкілі ретінде кодталды. 3 және 4 бағалары оң рецепция ретінде қайта кодталды.

Эксперименттік сұрақтар және статистикалық құралдарды таңдау

Кесте 31– Зерттеу сұрақтары мен статистикалық процедуралар

Код	Зерттеу сұрағы	Айнымалылар	SPSS құралы	Қолдану негіздемесі
ЗС 1	Қатысушылардың демографиялық құрылымы әзіл-оспақты қабылдауға қандай бастапқы шарт береді?	Q01, Q02, Q03, Q04, Q05, Q06	Frequencies, Descriptives	Жас, жыныс, кәсіби мәртебе және тілдік деңгей номинал және реттік шкалада берілді. Сондықтан алдымен жиілік пен пайыздық үлес анықталды.
ЗС 2	Қазақ және ағылшын тілді топтардың күнделікті әзіл-оспақ тәжірибесі өзгеше ме?	Q07, Q08, Q09, Q10, Q11	Crosstabs, Pearson χ^2 , Cramer V	Екі тәуелсіз топтың категориялық жауаптарын салыстыру үшін χ^2 қолданылды. Cramer V айырманың күшін көрсетті.
ЗС 3	Екі топ қазақ және ағылшын стимулдарын бірдей бағалай ма?	Q12-Q21, mean_kaz, mean_eng	Mann Whitney U	Баға төрт сатылы реттік шкаламен берілген және топтар тәуелсіз. Сондықтан орташа мән емес, рангтер салыстырылды.
ЗС 4	Бір респондент қазақ және ағылшын стимулдарына әртүрлі баға бере ме?	mean_kaz, mean_eng	Wilcoxon signed rank	Бір адамның екі байланысты бағасы салыстырылды. Реттік шкала үшін параметрсіз критерий таңдалды.
ЗС 5	Фондық білім және аударма тәуекелі рецепцияға әсер ете ме?	BK_level, TR_level, response_code	Wilcoxon, Spearman rho	Модель параметрлері қабылдау бағасымен байланыстырылды. BK және TR реттік сипатта болғандықтан корреляциялық және байланысты өлшем талдауы қолданылды.
ЗС 6	Жас, кәсіби мәртебе және ағылшын тілін меңгеру деңгейі стимул бағасына ықпал ете ме?	Q03, Q05, Q06, mean_all	Kruskal Wallis H, Spearman rho	Үш және одан көп топ бар. Сондықтан реттік және асимметриялы деректерге арналған параметрсіз межелік тест қолданылды.

31-кесте зерттеу сұрақтарын диссертация мақсатына тікелей байланыстырады. Демография жай сипаттамалық қосымша ретінде алынған жоқ; жас, жыныс, кәсіби мәртебе және ағылшын тілін меңгеру деңгейі рецепцияға әсер етуі мүмкін бақылау айнымалылары ретінде қаралды. Бұл тәсіл рецензенттер көтерген респонденттік сипаттама мәселесін тек мәтіндік түсіндірме емес, статистикалық рәсім арқылы жабады.

Кесте 32 – SPSS құралдарының әдістемелік негіздемесі

Құрал	Қолданылатын дерек түрі	Осы жұмыстағы орны	Не үшін қажет болды
Frequencies	Номинал және реттік айнымалылар	Демография, тіл, жиілік, өзін бағалау	Респонденттердің нақты портретін береді және демографиялық сипаттаманы толықтырады.
Pearson χ^2	Екі категориялық айнымалы	топ $\times$ жыныс, топ $\times$ жиілік, топ $\times$ реакция	Жауап үлестірімі кездейсоқ па, әлде топқа тәуелді ме деген сұрақты тексереді.
Cramer V	χ^2 кейінгі әсер көлемі	барлық кросстабуляция	r мәні айырманың барын көрсетеді, V оның күшін көрсетеді.
Cronbach alpha	Бір шкаладағы бірнеше стимул	Q12-Q21	Стимулдар біртұтас шкала ма, әлде әртүрлі механизмдер жиыны ма деген сұрақты тексереді.
Shapiro Wilk	Орташа баллдар	mean_kaz, mean_eng, mean_all	Қалыптылық болжамын тексеру үшін алынды. Негізгі талдау реттік шкалаға сай параметрсіз жүргізілді.
Mann Whitney U	Екі тәуелсіз топ және реттік баға	қазақ тобы мен ағылшын тілді топ	Екі топтың рецептивтік бағасын әр стимул және орташа көрсеткіш бойынша салыстырады.
Wilcoxon signed rank	Бір респонденттің екі байланысты бағасы	қазақ және ағылшын стимулдары	Бір қатысушының екі материал түріне берген бағасы өзгеше ме, соны көрсетеді.
Kruskal Wallis H	Үш және одан көп тәуелсіз топ	жас, мәртебе, CEFR	Демографиялық категориялардың рецепцияға ықпалын тексереді.
Spearman rho	Реттік айнымалылар арасындағы байланыс	CEFR және mean_eng, өзін бағалау және mean_all	Тілдік құзырет пен бағалау арасында бағытталған монотонды байланыс бар-жоғын анықтайды.

32-кесте әр статистикалық құралдың қызметін бөлек көрсетеді. Сауалнамадағы деректердің басым бөлігі номинал немесе реттік шкала арқылы берілді. Мұндай дерекке тек орташа мәнмен сүйену жеткіліксіз. χ^2 категориялық


үлестірімді, Манн Уитни U тәуелсіз топтардың рангтік айырмасын, Уилкоксон бір респондент ішіндегі жұп бағаларды, Краскел Уоллис үш және одан көп топтың әсерін тексереді.

Респонденттердің демографиялық және коммуникативтік профилі

Кесте 33 – Респонденттердің біріктірілген демографиялық сипаттамасы


Айнымалы	Категория	Қазақ тобы, n және пайыз	Ағылшын тілді топ, n және пайыз
Ел	Қазақстан	112 (100,0%)	0 (0,0%)
	АҚШ	0 (0,0%)	52 (46,0%)
	Ұлыбритания	0 (0,0%)	14 (12,4%)
	Канада	0 (0,0%)	10 (8,8%)
	Басқа ел	0 (0,0%)	37 (32,7%)
Жас тобы	15-20 жас	45 (40,2%)	84 (74,3%)
	21-25 жас	52 (46,4%)	18 (15,9%)
	26-35 жас	10 (8,9%)	8 (7,1%)
	36-50 жас	5 (4,5%)	3 (2,7%)
Жыныс	Әйел	89 (79,5%)	28 (24,8%)
	Ер	23 (20,5%)	85 (75,2%)
Әзілді қолдану жиілігі	Күн сайын	55 (49,1%)	82 (72,6%)
	Аптасына бірнеше рет	18 (16,1%)	17 (15,0%)
	Сирек	33 (29,5%)	14 (12,4%)
	Қолданбаймын	6 (5,4%)	0 (0,0%)

33-кестеде респонденттердің біртекті емес екендігі көрінеді. Қазақ тобы толық Қазақстанда тұратын қатысушылардан құралды. Ағылшын тілді топ географиялық жағынан кеңірек: АҚШ, Ұлыбритания, Канада және басқа елдер бар. Сондықтан бұл топ тар ұлттық топ ретінде емес, ағылшын тілінде коммуникация жасайтын аралас лингвомәдени таңдау ретінде сипатталды. Жас құрылымы да тең емес. Қазақ тобында 15-50 жас аралығы басым: 52 адам. Ағылшын тілді топта 15-50 жас аралығы нақты байқалады: 84 адам. Жыныс құрылымы кері бағытта таралған: қазақ тобында 89 әйел, ағылшын тілді топта 85 ер адам. Бұл деректер нәтижені оқығанда ескерілді, себебі жас, мәртебе және тілдік деңгей әзіл-оспақты қабылдау жылдамдығына әсер етуі мүмкін.



Сурет 3 – Жас топтары бойынша респонденттер үлестірімі

3-сурет жас асимметриясын көзбен көруге мүмкіндік береді. Ағылшын тілді топта жасөспірім және ерте студенттік жас басым. Қазақ тобында 21-25 жас аралығы көбірек. Бұл айырма қысқа run формалары мен әлеуметтік рөлге құрылған қалжыңдарды қабылдау қарқынына әсер етуі мүмкін.



Сурет 4 – Жыныс бойынша респонденттер үлестірімі

4-сурет жыныстық құрамдағы айырманы көрсетеді. Қазақ тобында әйелдер үлесі жоғары, ағылшын тілді топта ерлер үлесі жоғары. Бұл фактор барлық нәтижені түсіндірмейді, бірақ рецепцияны талдағанда ескерілетін бақылау қабаты ретінде қалдырылды.

Кесте 34 - Демографиялық және коммуникативтік айнымалылар бойынша χ^2 нәтижелері

Айнымалы	χ^2	df	p	Cramer V
Ел	225,00	5	< 0,001	1,000
Ұлттық немесе лингвомәдени тиістілік	225,00	6	< 0,001	1,000
Жас тобы	29,02	3	< 0,001	0,359
Жыныс	65,22	1	< 0,001	0,538
Әзілді тұтынатын тіл	2,56	2	0,279	0,107
Күнделікті әзіл қолдану жиілігі	19,03	3	< 0,001	0,291
Еркін қалжыңдасу ортасы	18,04	6	0,006	0,283
Қалжыңға күтілетін реакция	14,46	3	0,002	0,254
Өзін әзілқой деп бағалау	38,69	1	< 0,001	0,415

34-кесте топтар арасындағы үлестірім айырмасын χ^2 арқылы тексереді. Жас тобы бойынша $\chi^2 = 29,02$, $p < 0,001$, Cramer V = 0,359. Бұл орташа деңгейдегі айырма. Жыныс бойынша $\chi^2 = 65,22$, $p < 0,001$, Cramer V = 0,538; бұл күшті айырмаға жақын.

Күнделікті әзіл қолдану жиілігі де топқа тәуелді болды: $\chi^2 = 19,03$, $p < 0,001$, Cramer V = 0,291. Ағылшын тілді топта күн сайын әзіл қолданатындар 82 адам, қазақ тобында 55 адам. Өзін әзілқой деп бағалау бойынша $\chi^2 = 38,69$, $p < 0,001$, Cramer V = 0,415. Бұл ағылшын тілді топта әзілқойлық әлеуметтік жағымды қасиет ретінде жиі мойындалатынын көрсетеді.

Шкаланың сенімділігі және қалыптылықты тексеру

Кесте 35 – Стимулдар жиыны бойынша Cronbach alpha

Шкала	Стимул саны	Cronbach alpha
Барлық 10 стимул	10	0,445
Қазақ стимулдары	5	0,215
Ағылшын стимулдары	5	0,338

35-кесте ішкі келісімділіктің төмен екенін көрсетеді: барлық 10 стимул бойынша $\alpha = 0,445$. Бұл көрсеткішті тікелей әдістемелік кемшілік ретінде түсіндіруге болмайды. Стимулдар бір психологиялық шкаланы өлшеу үшін емес, әртүрлі комикалық механизмдердің рецепциясын салыстыру үшін таңдалды. Қазақ стимулдары әлеуметтік рөл мен прагматикалық бұрылысқа, ағылшын стимулдары тілдік ойын мен тура мағыналандыруға жақын.

Кесте 36 – Орташа баллдардың қалыптылық тексерісі

Топ	Өлшем	Shapiro W	p
Қазақ тобы	Қазақ стимулдары бойынша орташа балл	0,968	0,009
Қазақ тобы	Ағылшын стимулдары бойынша орташа балл	0,976	0,044
Қазақ тобы	Барлық стимул бойынша орташа балл	0,982	0,149
Ағылшын тілді топ	Қазақ стимулдары бойынша орташа балл	0,970	0,013
Ағылшын тілді топ	Ағылшын стимулдары бойынша орташа балл	0,943	< 0,001
Ағылшын тілді топ	Барлық стимул бойынша орташа балл	0,978	0,065

36-кесте қалыптылық болжамының тұрақты емес екенін көрсетеді. Қазақ тобында қазақ стимулдары бойынша $W = 0,968$, $p = 0,009$, ағылшын стимулдары бойынша $W = 0,976$, $p = 0,044$. Ағылшын тілді топта ағылшын стимулдары бойынша $W = 0,943$, $p < 0,001$. Бағалау реттік шкалада берілгендіктен, негізгі салыстыруларда параметрсіз критерийлер қолданылды.


Қазақ және ағылшын стимулдарын топаралық салыстыру

Кесте 37 – Стимул тілі бойынша сипаттамалық көрсеткіштер

Стимул тілі	Қатысушы тобы	N жауап	Орташа балл	Медиана	Оң жауаптар пайызы
Қазақ стимулдары	Қазақ тобы	560	2,35	2,0	42,1
Қазақ стимулдары	Ағылшын тілді топ	565	2,69	3,0	63,7
Ағылшын стимулдары	Қазақ тобы	560	2,44	2,0	49,1
Ағылшын стимулдары	Ағылшын тілді топ	565	2,86	3,0	74,2

37-кесте негізгі эмпирикалық айырманы береді. Қазақ тобы қазақ стимулдарын орта есеппен 2,35 балға, ағылшын стимулдарын 2,44 балға

бағалады. Ағылшын тілді топ қазақ стимулдарына 2,69, ағылшын стимулдарына 2,86 балл берді. Екі материал түрінде де ағылшын тілді топтың бағасы жоғары.



Сурет 5 – Стимул тілі бойынша орташа бағалау

5-сурет топтар арасындағы арақашықтықты көрсетеді. Ең жоғары орташа балл ағылшын тілді топтың ағылшын стимулдарына берген бағасында байқалды: 2,86. Қазақ тобында ағылшын стимулдары 2,44 балл алды. Бұл кейбір ағылшын one-liner үлгілерінің қазақ қатысушыларына да қолжетімді болғанын көрсетеді, бірақ рецепция деңгейі ағылшын тілді топтағыдай жоғары емес.

Кесте 38 – Манн Уитни U критерийі бойынша топаралық салыстыру

Өлшем	Қазақ тобы mean	Ағылшын тілді топ mean	U	Z	p	r
Қазақ стимулдарының орташа бағасы	2,35	2,69	3369,5	-6,06	< 0,001	0,404
Ағылшын стимулдарының орташа бағасы	2,44	2,86	2786,5	-7,25	< 0,001	0,484
Барлық стимулдардың орташа бағасы	2,40	2,77	2292,0	-8,27	< 0,001	0,551
Қазақ стимулдары бойынша оң жауап саны	2,11	3,19	3166,5	-6,48	< 0,001	0,432
Ағылшын стимулдары бойынша оң жауап саны	2,46	3,71	2655,0	-7,52	< 0,001	0,502


38-кесте барлық негізгі өлшемдер бойынша айырмашылық статистикалық мәнді екенін көрсетеді. Барлық стимулдардың орташа бағасы үшін $U = 2292,0$, p

$< 0,001$, $r = 0,551$. Бұл әсер көлемі күшті деңгейге жақын. Ағылшын стимулдары бойынша $r = 0,484$, қазақ стимулдары бойынша $r = 0,404$. Демек топтар арасындағы айырма тек бір тілдегі материалмен шектелмейді.

Кесте 39 – Әр стимул бойынша Манн Уитни U нәтижелері

Стимул	Стимул тілі	Қазақ mean	Ағылшын mean	U	p	r
1	қазақ	2,15	2,40	5277,5	0,023	0,143
2	қазақ	2,30	2,65	4874,0	0,002	0,199
3	қазақ	2,29	2,69	4547,5	$< 0,001$	0,243
4	қазақ	2,62	2,94	5007,0	0,004	0,180
5	қазақ	2,40	2,76	4686,5	$< 0,001$	0,224
6	ағылшын	2,45	2,83	4716,5	$< 0,001$	0,220
7	ағылшын	2,38	2,85	4444,0	$< 0,001$	0,257
8	ағылшын	2,27	2,86	3879,0	$< 0,001$	0,334
9	ағылшын	2,60	2,86	5148,5	0,008	0,161
10	ағылшын	2,51	2,88	4847,0	0,001	0,202

39-кесте әр стимул деңгейіндегі айырманы көрсетеді. Ең айқын айырма 8-стимулда тіркелді: қазақ тобында mean = 2,27, ағылшын тілді топта mean = 2,86, $p < 0,001$, $r = 0,334$. Бұл стимул тілдік ойынға жақын болғандықтан, қазақ қатысушылары комикалық түйінді бірден ұстамауы мүмкін. 9-стимулда айырма әлсіздеу: $p = 0,008$, $r = 0,161$. Мұнда мағыналық бұрылыс тілдік формаға қатты байланбаған.



Сурет 6 – Стимулдар бойынша оң рецепция үлесі

6-кесте оң бағалардың пайыздық таралуын көрсетеді. Ағылшын тілді топта 4, 8 және 9-стимулдар 74 пайыздан жоғары оң жауап алды. Қазақ тобында ең жоғары көрсеткіш 9-стимулға тиесілі: 59,8 пайыз. Бұл стимулдағы бұрылыс

қысқа және салыстырмалы түрде түсінікті болғандықтан, тілдік кедергі төмен болды.

Кесте 40 – Бір респондент ішіндегі қазақ және ағылшын стимулдарын салыстыру

Топ	Қазақ стимулдары mean	Ағылшын стимулдары mean	Wilcoxon W	p	r
Барлық респонденттер	2,52	2,65	6103,5	< 0,001	0,242
Қазақ тобы	2,35	2,44	1857,0	0,084	0,163
Ағылшын тілді топ	2,69	2,86	1237,0	< 0,001	0,320

40-кесте бір қатысушының екі материал түріне берген бағасын салыстырады. Барлық респонденттер бойынша ағылшын стимулдары жоғары бағаланды: 2,65 және 2,52, $p < 0,001$. Қазақ тобында айырма мәнді деңгейге жеткен жоқ, $p = 0,084$. Ағылшын тілді топта айырма мәнді: $p < 0,001$, $r = 0,320$.


Модель параметрлері мен рецепция байланысы

Кесте 41 – ВК және TR параметрлерінің рецепциямен байланысы

Параметр	Топ	Бірінші деңгей	Екінші деңгей	Mean 1	Mean 2	W	p	r
ВК	Барлық респонденттер	ВК1 төмен фондық тәуелділік	ВК2 орташа фондық тәуелділік	2,61	2,52	9102,5	0,025	0,149
ВК	Қазақ тобы	ВК1 төмен фондық тәуелділік	ВК2 орташа фондық тәуелділік	2,41	2,35	2482,5	0,337	0,000
ВК	Ағылшын тілді топ	ВК1 төмен фондық тәуелділік	ВК2 орташа фондық тәуелділік	2,81	2,68	2101,5	0,029	0,205
TR	Барлық респонденттер	TR1 төмен аударма тәуекелі	TR2 орташа аударма тәуекелі	2,62	2,54	9180,5	0,014	0,164
TR	Қазақ тобы	TR1 төмен аударма тәуекелі	TR2 орташа аударма тәуекелі	2,45	2,33	1948,5	0,016	0,227
